

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 13 мамырдағы № 276 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 маусымда № 6993 тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қилыбай) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

А. Бектұров

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің м.а.
2011 жылғы 13 мамырдағы
№ 276 бұйрығымен
бекітілген

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық бақылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау және жасау, сондай-ақ кемелерді жасау және оларға материалдар мен бұйымдарды дайындауды жүзеге асыру кезінде экологиялық қауіпсіздікті тексеру мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасы тіркелімі" филиалы техникалық бақылауының нысанын, тәртібін, әдісін және көлемін, сондай-ақ "Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметін көрсетудің тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағиданы Кеме қатынасы тіркелімі кемелерді жобалау, жасау және кемелерде қолдануға арналған материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде қолданады.

3. Осы Қағида сондай-ақ пайдаланудағы кемелерді қайта жабдықтау, жаңғырту, жаңарту және жөндеу кезінде қолданылады.

4. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) басты кеме — бірлі-жарым жасалған кеме немесе жаңа жоба бойынша жасалған серияның алғашқы кемесі;

Осындай жоба бойынша басқа ұйымда жасалған алғашқы кеме, басты кеме емес алғашқы кеме болып есептеледі;

Алғашқы кемең сынау көлемі басты кемең сынау көлемімен салыстырғанда Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша төмендетіледі;

2) басты үлгі (басты партия) – тексеру және сынау жолымен Кеме қатынасы тіркелімі өлшемдерінің, қасиетінің, параметрлерінің және сипаттамасының осы Қағида талаптарына сәйкестігін және осы ұйымда айқындалған технология бойынша дайындау кезінде міндеті бойынша қолданылу мүмкіндігін анықтайтын материал немесе бұйым (партия).

3) бір жолғы мақұлдау – нақты салынып жатқан кемеге немесе қазіргі бар кемеге қолданылатын немесе орнатылатын материалдар немесе бұйымдарды мақұлдау рәсімі;

4) бұйымдар – кемелік техникалық құралдар (қозғалтқыштар, қазандар, генераторлар, компрессорлар, сорғылар, палубалық механизмдер, рульдік машиналар,

құрылғы, электрлік, радионавигациялық және басқа жабдықтар) олардың буындары, құрауыштары, бөлшектері, құрал-саймандары, жабдықтау заттары және Қағиданың талаптары қолданылатын басқа да объектілері;

5) келісілді – кез келген техникалық құжаттама қарау кезінде, егер ол Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес деп танылса, Кеме қатынасы тіркелімі қолданатын термин;

6) Кеме қатынасы тіркелімінің талабы – осы Қағиданың және Кеме қатынасы тіркелімінің нормативті құжаттары талаптарының, сондай-ақ объектінің ерекшелігімен байланысты хатпен ұсынылған талаптар.

7) кемеңің жасалу күні - Кеме қатынасы тіркелімінің кемелік құжаттарын беру күні, ал жасалуына Кеме қатынасы тіркелімі техникалық бақылауы жүзеге асырмаған кемелер үшін - қабылдау–тапсыру актісінің қол қою күні;

8) компьютерлік қосымша – компьютер көмегі арқылы қойылған есепті тапсырманы шешуге арналған, бір бірімен байланысты бағдарламалық, графикалық және мәтіндік модульдердің жиынтығы;

9) қозғалтқыштарды конвертирлеу:

1) дизельді - кемелерде басты қозғалтқыштар ретінде және қосымша қозғалтқыштар ретінде қолдану үшін;

2) бензиндік – кемелерде басты қозғалтқыштар ретінде және қосымша қозғалтқыштар ретінде қолдану үшін; оларды кемелік электр станциясының генераторын жетектеу үшін қолдауын Кеме қатынасы тіркелімінің жеке қарауына жатады;

10) мақұлданған – Кеме қатынасы тіркелімі сыныпты кемелерде сол немесе басқа материалдар мен бұйымдарды қолдану туралы мәселе оң шешімін тапқан кезде Кеме қатынасы тіркелімі қолданатын термин;

11) мақұлдау – осы материалдар мен бұйымдардың Кеме қатынасы тіркелімі Қағидасының және техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келетіндігін растайтын Кеме қатынасы тіркелімінің құжаты;

12) назарға алынды - Кеме қатынасы тіркелімі әр түрлі есептеулер, жазулар, түсіндірме жазбалар, жүргізілген зерттеу туралы есептерден тұратын техникалық құжаттамаға қатысты қолданылатын термин;

13) өнімнің сапасы - жүзу қауіпсіздігінің, адам өмірін қорғаудың, тасымалданатын жүктердің сақталуының, экологиялық қауіпсіздігі талаптарына байланысты өнімдердің қасиетінің жиынтығы;

14) Тану туралы куәлік – белгіленген ұйым осы Қағиданың талаптарына сәйкес өнімді дайындаушы ретінде Кеме қатынасы тіркелімімен танылатындығын растайтын құжат;

15) тәжірибелі үлгі (тәжірибелі партия) - Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес мақсаты бойынша қолдану мүмкіндігін тексеру мақсатында жаңадан әзірленген

техникалық құжаттамаға сәйкес дайындалған және сыналған материал немесе бұйым (партия);

16) техникалық бақылау – Кеме қатынасы тіркелімі қызметінің кемені және олардың элементтерін жасау, қайта жабдықтау, жаңғырту, жөндеу және кемелерде орнатуға арналған бұйымдарды жөндеу (механизмдер, жабдықтар, құрылғылар, жабдықтау құралдары) және материалдарды дайындау процесінде Қағиданың орындалуын кезеңдік тексеруді қамтитын құрамды бөлігі;

17) техникалық құжаттама – конструкторлық және технологиялық құжаттама, сондай-ақ Кеме қатынасы тіркелімі талаптарының орындалуын тексеру үшін қажетті деректері бар техникалық бақылау объектісінің нормативтік-техникалық құжаттары;

18) типтік материалды немесе бұйымды мақұлдау – Кеме қатынасы тіркелімі көп сериямен немесе үздіксіз өндіріс жағдайында дайындалатын осы өнімнің өкілі ретінде белгіленген материал, бұйым немесе бұйымдар тобын мақұлдау рәсімі;

19) типтік материал немесе бұйым – нақты кемеге немесе техникалық бақылау объектісіне жатқызылмастан мақсаты бойынша қолданылатын материал немесе бұйым;

20) типтік технологиялық процесс – белгіленген шарттарға және нақты кемеге немесе техникалық бақылаудың объектісіне жатқызылмастан қолданылу саласына арналған технологиялық процесс;

21) ұйымды куәландыру – Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің тексеруі кезінде ұйымның тану шарттарына сәйкестігімен қорытындыланатын ұйымды тану процесінің бөлігі;

22) іріктеп бақылау – техникалық бақылауды жүзеге асыратын әдістің көмегімен объектінің Қағида талаптарына сәйкес келуі объектінің жекелеген параметрлеріне, өлшемдеріне, қасиеттері және сипаттамаларына жүргізілген бақыланатын тексеру нәтижелері бойынша немесе партияның бір немесе бірнеше таңдауларды (сынамаларды), сондай-ақ техникалық процестің жекелеген өндірістік операциялары, режимдері және басқа да көрсеткіштерін тексеру нәтижелері бойынша орнатылады.

5. Осы Қағидада қолданылатын қысқартулар Қазақстан Республикасының Ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес қолданылады:

ІСЖКЖҚ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6871 нөмірмен тіркелген) Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидасы.

АСЖКЖҚ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 167 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6883 нөмірмен тіркелген) Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасы.

ПККҚ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6991 нөмірмен тіркелген) Пайдаланудағы кемелерді куәландыру қағидасы.

Сыныптау қағидасы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 213 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6969 нөмірмен тіркелген) Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасы.

6. Кеме қатынасы тіркелімі кемелерді жобалау, жасау және кемелерде қолдануға арналған материалдар мен бұйымдарды дайындау кезінде техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға техникалық бақылауды (бұдан әрі – техникалық бақылау) жүзеге асырады.

7. Техникалық бақылау мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) кемелерді жасауға арналған техникалық жобаларды қарау және келісу;

2) стандарттардың жобаларын қарау және келісу (мемлекеттік және салалық);

3) қозғалтқыштардың, берілістердің, білік жетектердің, жылжытқыштардың, құрылғылардың, қазандардың, электрлік және басқа да жабдықтардың жобаларын, сондай-ақ басты қозғалтқыштардың күрделі жөндеу жобаларын дайындауға арналған техникалық шарттарды қарау және келісу;

4) кемелердің олардың қайта сыныпталуына байланысты жабдықтауға дейінгі техникалық құжаттарын қарау және келісу;

5) Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жобалар бойынша жасалған басты кемелерді (объектілерді) сынауға қатысу;

6) Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттама бойынша дайындалған материалдар мен бұйымдардың басты үлгілерін сынауға қатысу;

7) ұйымдар мен сынақ зертханаларына тану туралы куәлікті ресімдеу және беру;

8) басты кеме жасалғаннан немесе қайта жабдықталғаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері беретін кемелік құжаттардың көшірмесін тексеру;

9) осы Қағидамен регламентелгеннен айырмашылығы бар техникалық негізделген шешімдерді қарау және келісу;

10) егер дайындаушы ұйымдар Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерлері қызметінің шекарасынан тыс табылатын болса, материалдар мен бұйымдарға куәлік беру.

8. Кеме қатынасы тіркелімінің құрамына Кеме қатынасы тіркелімінің пошталық мекенжайы шегінен тыс болуы мүмкін және атқарып отырған лауазымының күшіне байланысты техникалық бақылау және оларға сыныпты беру арқылы кемелерді куәландыру құқығы бар Кеме қатынасы тіркелімінің лауазымды тұлғасы болып табылатын Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерлері кіреді.

9. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері техникалық бақылауды мынадай нысандарда жүзеге асырады:

1) мыналардың техникалық жобаларын қарайды және келіседі:

тұрақтағы кемелерді, техникалық флот кемелерін, сериялық емес өздігінен жүретін және басқа типтегі және міндеттегі өздігінен жүрмейтін кемелерді сүйреуіштерді қоспағанда, жоғары жылдамдықты кемелерді, экранландарды және жаңа конструктивтік типтегі жаңа кемелерді;

корпустарды нығайтуды немесе пайдалану немесе белгіленген жүзу ауданынан тыс бір жолғы өту үшін кемелерді конверсиялауды;

қайта жабдықтау, барлық типтегі және мақсаттағы кемелерді жаңғырту және жөндеу, кемелердің қайта сыныпталуына байланысты қайта жабдықтауға дейінгіні қоспағанда;

бу қазандарын жөндеу;

сериялық емес жасалған қосымша міндеттегі кемелік техникалық құралдарды дайындау және жөндеу;

жүк көтергіш құрылғыларды жөндеу;

қысым астындағы ыдыстарды дайындау және жөндеу;

2) жасалып жатқан, қайта жабдықталатын, жаңғыртылатын және жөнделіп жатқан кемелердің жұмыс құжаттамаларын қарайды және келіседі;

3) Кеме қатынасы тіркелімі жүзеге асырылатын осы Қағиданың 1-қосымшасында келтірілген техникалық бақылау объектісінің Номенклатурасына сәйкес (бұдан әрі - Номенклатура) кемелерді жасауға, материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асырады;

4) жасалған және жөндеуден өткен кемелерге Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын жасайды және береді және осы құжаттардың құжаттамасын белгіленген көлемде Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынады;

5) ұйымдардың стандарттарын қарайды және келіседі;

6) дайындаушы және өнімдерді жабдықтаушы немесе Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес жұмыстарды орындаушы ретінде оларды Кеме қатынасы тіркелімімен тану мақсатында ұйымдарға, сондай-ақ сынақ зертханаларына куәландыру жүргізеді;

7) Кеме қатынасы тіркелімінің тапсырмасы бойынша басқа да жұмыстарды орындайды.

2-тарау. Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Осы Қағиданың 7 және 9-тармақтарында көрсетілген барлық жұмыстарды өтінім бойынша жобалау, жасау, қайта жабдықтау, жаңғырту және кемелерді жөндеуді

жүзеге асыратын, сондай-ақ кеме жасау және кеме жөндеу үшін материалдар мен бұйымдарды дайындайтын ұйымдармен шарт негізінде Кеме қатынасы тіркелімі орындайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Егер техникалық бақылау объектілеріне техникалық талаптар Қағидамен регламенттелмеген болса (кемелерді жасау және ерекше конструкциялы немесе пайдаланудың ерекше жағдайына арналған бұйымдарды дайындау, материалдарды дайындау және оларға ерекше талаптарды ұсынғандағы технологиялық процестерді келісу), онда олар Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

12. Типтік технологиялық процестер Кеме қатынасы тіркелімінің келісуіне жатады, егер:

- 1) осы Қағидада осы технологиялық процестерге қатысты талаптар болса;
- 2) типтік технологиялық процестерді осы Қағидамен талап етілген сынаулар көзделсе.

13. Кемелерді жасау және олар үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

14. Кеме қатынасы тіркелімі шартты негізде кеме жасау және материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асыруды Кеме қатынасының тіркелімімен танылған басқа сыныптамалық ұйымға тапсырады, сондай-ақ өзге де сыныптамалық ұйымнан техникалық бақылауды жүзеге асыру тапсырмасын алады.

15. Кеме қатынасы тіркелімі өнімнің сапасын осы Қағидада белгіленген әдістермен жүзеге асырады және тек осы Қағидамен регламенттелген өнім қасиеттеріне қолданылады.

16. Егер техникалық бақылау процесінде Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауына жатпайтын объектілерді және технологиялық процесті қолдану салдарынан Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық есебінде тұрған кеме элементтеріне осы Қағиданың талаптары орындалмайтыны белгіленсе, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері осы объектілерге және технологиялық процестерге кеме элементтеріне осы Қағидамен регламенттелгенге кері әсерін тигізбейтін талаптарды орындауды талап етеді.

17. Кеме қатынасы тіркелімі сыныптамалық қызметін Сыныптау қағидасына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен ұйымда тексеру жүргізу жолымен, сондай-ақ техникалық бақылау объектісін сынауға қатысумен жүзеге асырады.

18. Кеме қатынасы тіркелімі Номенклатурамен (осы Қағиданың 1-қосымшасы) көзделген жағдайда бақылау сынағын жүргізуге немесе оның бөліктерін материалдар мен бұйымдардың Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкестігін анықтау

мақсатында ұйымның техникалық персоналына мынадай жағдайлардың бірінде құқық беруі мүмкін:

1) егер ұйым Қазақстан аумағынан тыс жерде табылатын болса;

2) егер ұйым Қазақстан аумағында болса, ал материалдар мен бұйымдарды дайындауға техникалық бақылау жүргізу үшін жалпы тексеру уақыты (тікелей хабарлау болмаған кезде көлікті күту уақытын ескерумен) сегіз және көліктің (әуелікті қоспағанда) тиісті түрінде тұрақты хабарлау қысқаша маршруты бойынша одан жоғары сағатты құраса.

19. Осы Қағидаға сәйкес орындалатын, техникалық бақылау жүргізуге қатысты жұмыстармен қатар, Кеме қатынасы тіркелімі мамандандырылған ұйымдарға материалдар мен бұйымдарды дайындауды және жеткізуді жеңілдететін қосымша қызметтерді көрсетеді.

1) мақұлдау туралы сертификат берумен типтік материалдар немесе бұйымдарды мақұлдау;

2) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес Тану туралы куәлік (бұдан әрі - Тану туралы куәлік) берумен регламенттелген жұмыстарды орындаушы дайындаушы-ұйымдарды, сынақ зертханаларын және ұйымдарды Кеме қатынасы тіркелімімен тану.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Техникалық бақылау жүргізуге бағытталған қызметтердің нәтижесі бойынша, Кеме қатынасының тіркелімі техникалық бақылау объектілеріне Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ оның техникалық бақылауымен дайындалатын (жасау) деректі растайтын белгіленген нысанда құжаттарды береді.

21. Жаппай шығарылатын материалдар мен бұйымдар партиясына бір құжатты ресімдеуге рұқсат етіледі.

Мұндай жағдайда әрбір бұйымды дайындаушы – ұйым осы куәлікке сілтемесі бар құжатпен жеткізеді.

22. Техникалық бақылау жүргізу кезінде жасалатын Кеме қатынасы тіркелімі құжаттарының тізбеге сәйкес жасалады.

23. Егер техникалық тапсырмада және/немесе жобалауға, жасауға, жөндеуге, жаңғыртуға және кемелерді қайта жабдықтауға, сондай-ақ кеме жасау және кеме жөндеуге арналған материалдар мен бұйымдарды дайындауға арналған тапсырысты құжаттамада Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауы көзделсе, ұйым (бұдан әрі – ұйым-өтінім беруші) Кеме қатынасы тіркеліміне техникалық бақылау жүргізу үшін өтінім жібереді.

24. Өтінімді талдаудан кейін алдағы қызметтің нақты шартына байланысты (жұмыс көлемі, техникалық бақылаудың ұзақтылығы) Кеме қатынасы тіркелімі және ұйым

техникалық бақылау жүргізуге шарттың қажеттігі немесе мұндайды шартсыз жүргізетіндігін анықтайды.

25. Техникалық бақылау ұйым жұмыс басталуына дейін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне мынадай материалдарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Кеме қатынасы тіркелімі немесе Кеме қатынасының тіркелімінің қызметкерімен келісілген техникалық жоба және/немесе техникалық шарттар;

2) Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген жұмыс құжаттамасы.

26. Ұйымда Кеме қатынасы тіркелімінің типтік материалды мақұлдау туралы құжаты немесе дайындаушы-ұйымды Тану туралы куәлігі болған жағдайда осы Қағиданың 19-тармағында айтылған қызмет нысанын қолданады.

Бұл жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі және өтінім беруші-ұйым арасында Кеме қатынасы тіркелімі қызметінің бір бөлігін ұйымның техникалық персоналына беруді көздейтін техникалық бақылау туралы келісім ресімделеді.

27. Шығарылатын өнімге Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарының орындалуын, ілеспе құжатты ресімдеу және ұйымда келісімнің сақталуын тексеру үшін, өндіріс және техникалық бақылау объектісінің сапасын бақылау мәселелеріне құзырлы лауазымды тұлға тағайындалады.

Мұндай жағдайларда төлем келісімге сәйкес Кеме қатынасының тіркелімі есепшоты бойынша өтінім беруші-ұйыммен жүргізіледі.

28. Техникалық бақылау шарты типтік материалды немесе бұйымды мақұлдау туралы сертификаттың және/немесе дайындаушы-ұйымды тану туралы куәлік мерзімі өткен жағдайда бұзылады.

29. Кеме қатынасы тіркелімі сыныбының кемелерін жасауға және жүзбелі құрылыстарына қолданылатын материалдар мен бұйымдар, кеме жасаушы ұйымға сертификатымен немесе Кеме қатынасы тіркелімінің нормативтік-құқықтық құжаттарына және/немесе стандарттарға сәйкестігін растайтын құжатпен келіп түседі.

Дайындалуы Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен жүзеге асырылатын материалдар мен бұйымдардың тізімі Номенклатурада келтірілген.

Кеме жасаушы ұйымның өтінімі бойынша Кеме қатынасы тіркелімі Номенклатурада көрсетілмеген материалдар мен бұйымдарға техникалық бақылауды жүзеге асырады.

30. Құжатты алу үшін ұйым Кеме қатынасы тіркеліміне осы Қағидамен регламенттелген көлемде материалдар мен бұйымдарға техникалық құжаттамасымен қоса өтінімін жолдайды.

31. Техникалық құжаттаманы қарау нәтижесі бойынша Кеме қатынасы тіркелімі дайындаушы – ұйымға сынау көлемін қоса, тексеру шарттары анықталатын қорытынды – хат жолдайды.

32. Материал немесе бұйымды тексеру және сынау нәтижесі оң болған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен осы өнім түріне құжат беріледі.

33. Типтік материалды немесе бұйымды мақұлдау туралы құжат, белгіленген жолмен тексеру, сынау және келісілген техникалық құжаттамада көрсетілген конструкция құжаттамасы, құрылғы, параметрлер, типтік материалдар немесе бұйымдар сипаттамасы кемелердің міндеті және басқа да техникалық бақылау объектілері бойынша қолдану үшін Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын қанағаттандыратындығын растайтын Кеме қатынасы тіркелімінің құжаты болып табылады.

34. Типтік материалды немесе бұйымды мақұлдау туралы құжат, Кеме қатынасы тіркелімінің нақты техникалық бақылау объектісіне берілген сертификатты немесе ұқсас құжатты ауыстырмайды.

Мақұлдау туралы құжат үздіксіз өндірісте немесе үлкен партиямен дайындау кезінде материалдар мен бұйымдарға ресімделеді.

35. Мақұлдау туралы құжатты алу үшін ұйым Кеме қатынасы тіркеліміне өтінім жібереді.

Өтініммен бірге материал немесе бұйымға техникалық құжаттама, сондай-ақ сынақ жүргізу бағдарламасы және кестесі ұсынылады.

Осы құжаттамаларды қарау және келісу кезінде сынау көлемі және дайындаумен сынау үлгілерінің техникалық бақылау көлемі белгіленеді.

36. Мақұлдау туралы құжат, сынау нәтижесі бойынша қажет болған жағдайда түзетілген, келісілген техникалық құжаттама бойынша ұсынылған материал немесе бұйымды куәландырғаннан және сынағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімімен беріледі.

Реттелген өндіріс шартында дайындалған материал немесе бұйымға мақұлдау туралы сертификат бұрын жүргізілген сынауды, өндіріс тәжірибесін және пайдалануын ескере отырып беріледі.

Сондай-ақ материал мен бұйымға басқа сыныптамалық немесе басқа құзырлы ұйыммен берілген Мақұлдау туралы сертификат назарға алынады.

37. Мақұлдау туралы құжат бес жыл мерзімге беріледі.

Оны қайта ресімдеу үшін ұйым Кеме қатынасы тіркеліміне өтініммен және техникалық құжаттамасын осы Қағида талаптарына сәйкес уақытылы ұсынады.

38. Мақұлдау туралы құжатты Кеме қатынасы тіркелімі немесе оның тапсырмасы бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері береді.

Бұл құжат Кеме қатынасы тіркелімімен жойылады, егер:

1) бұйымның конструкциясы және оның қасиеті Кеме қатынасы тіркелімінің келісімінсіз өзгертілген болса;

2) материал немесе бұйымның пайдалану жарамдылығы қамтамасыз етілмесе;

3) осы Қағиданың талаптары орындалмаса.

3-тарау. Тану туралы куәлік беру

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ұйымдарды тану мақсаты болып ұйымның Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес өнімдерді дайындау, жұмыстарды орындау және/немесе қызмет көрсету мүмкіндігін бағалау табылады.

40. Тану туралы куәлік ұйымдарға осы Қағиданың 46-78-тармақтарында айтылған шарттарды сақтағанда беріледі.

41. Тану туралы куәлікті дайындаушы ұйым және сынақ зертханасы Кеме қатынасы тіркелімімен материалдар мен бұйымдарды дайындауды, сынау жүргізуді техникалық бақылауды жүзеге асырғанға дейін алады.

Тану туралы куәлікті, нәтижесі Кеме қатынасы тіркелімінің сыныптамалық қызметінде қолданылатын жұмыстарды орындаушы ұйым, мұндай жұмыстарды орындауға дейін алынады.

42. Тану туралы куәлік:

дайындаушы – ұйымдарға (кеме жасаушы, кеме жөндеуші, машина жасаушы зауыттарға және жасауда, пайдалануда және жасауда табылатын кемелерге қолданылатын материалдар және/немесе бұйымдарды шығарушы басқа да ұйымдарға);

Қағида талаптарына сәйкес жұмыстарды орындаушы ұйымдарға (осы Қағиданың 64-тармағы);

сынақ зертханаларына беріледі.

43. Тану туралы куәлік тікелей материалдар мен бұйымдарды дайындаушы, жұмыстарды орындаушы, сынауларды жүргізуші ұйымдарға беріледі.

Материалдар мен бұйымдарды дайындаушы, жұмыстарды орындаушы, сынақтарды жүргізуші, мәлімделген жұмыс сапасына әсер ететін басқа ұйымға қандай да бір процесті орындауға толықтай немесе жартылай тапсырушы ұйыммен, мердігер шартын жасасқан, осы шартқа байланысты ақырғы материалдар мен бұйымдарға, жұмыстарды орындауға немесе сынау нәтижелері, сондай-ақ мердігердің жұмысын бақылаушы ұйым танылады. Мұндай жағдайда мердігерге берілген дайындалған материал мен бұйымның, орындалған жұмыстың немесе жүргізілген сынақтың кеменің пайдаланудың техникалық қауіпсіздік әсеріне байланысты, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мердігерге куәландыру жүргізе алады.

Тану туралы куәлік материалдар мен бұйымдарды, жұмыстарды немесе қызметтерді өндіруші мен тұтынушы арасындағы делдалдық қызметті жүзеге асырушы ұйымға берілмейді.

Материалдар мен бұйымдарды сату үшін шығарушы уәкілетті ұйым, тұтынушылардың қабылдауы және талаптарды қанағаттандыруы материалдар немесе

бұйымдардың сапасына тиісті емес қатыстылары дайындаушы-ұйым ретінде танылмайды.

44. Тану туралы куәлік ұйымдарға:

бір немесе бірнеше материалдар мен бұйымдарды дайындауға;

бір немесе бірнеше жұмыс түрлерін орындауға;

бір немесе бірнеше сынақ түрлерін орындауға беріледі.

45. Қолданыстағы Тану туралы куәлік болмаған, сондай-ақ оның қолданысын тоқтатқан немесе жойған жағдайда, ұйыммен орындалатын жұмыстар Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен қабылданбайды (осы Қағиданың 12-тармағы).

Тану туралы куәлік болмаған жағдайда ұйыммен орындалатын жұмысты Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қабылдаудан бас тартуынан туындайтын келіспеушілікті болдырмау үшін, ұйыммен Тану туралы куәліктің мерзімі аяқталуынан 2 ай мерзім бұрын ұйымды тануға өтінім беру ұсынылады.

Алдыңғының мерзімі өткенге дейін берілген, Тану туралы куәлікті қолдану мерзімі бұрын берілгеннің мерзімі өткен күннен бастап белгіленеді.

46. Тану туралы куәлік Кеме қатынасы тіркелімінің нақты техникалық бақылау объектісіне берілген сертификатты немесе басқа ұқсас құжатты ауыстыра алмайды.

47. Тану туралы куәлік алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Кеме қатынасы тіркеліміне ұйымды немесе сынақ зертханасын тану туралы өтінімді (бұдан әрі – өтінім) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін және уақытын көрсете отырып хабарлама жолданады.

Кеме қатынасы тіркелімі құжаттарды қараудың, куәландырудың және Тану туралы куәлікті берудің жалпы мерзімі 10 (он) жұмыс күнді құрайды.

"Ұйымдарды және сынақ зертханаларын техникалық куәландырудан өткізу" мемлекеттік қызметі заңды тұлғаларға көрсетіледі.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-1. Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы ақпарат, Кеме қатынасы тіркелімі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" (бұдан әрі - ЭҮТШ) шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 47-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-2. Өтінімді Кеме қатынасы тіркелімі оны тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді ұсынбағанда, Кеме қатынасы тіркелімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға өтінімнің қандай талаптарға сәйкес келмейтінін және оларды түзету мерзімін көрсете отырып, хабарламаны жібереді. Өтінімді сәйкес келтіру мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінімді түзетпесе, Кеме қатынасы тіркелімі өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды жолдайды.

Кеме қатынасы тіркелімі өтінімді оң қарағаннан кейін ұйымның куәландыруын және қажетті сынақтарды жүргізеді.

Куәландыруды жүргізу барысында Кеме қатынасы тіркелімі ұйым ұсынған мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ ұйымның осы Қағидалардың 49, 59, 66-тармақтарына сәйкес жүргізілген сынақтарды ескере отырып, мәлімделген жұмыс түрлерін орындау мүмкіндігіне көз жеткізеді.

Ескерту. 47-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

48. Сынақ Кеме қатынасы тіркелімімен келісімі бойынша жүргізіледі.

Сынақ көлемі осы Қағида талабы негізінде белгіленеді, сонымен бірге осы ұйымда типтік материалды немесе бұйымды мақұлдау кезінде жүргізілген техникалық бақылау объектісінің сынау нәтижелері ескеріледі.

49. Дайындаушыны тану туралы куәлік ұйымға беріледі, егер:

- 1) сынақ нәтижелері осы Қағидаға сәйкес келсе;
- 2) өндіріс технологиясы және техникалық бақылау жүйесі тиісті деңгейді және өнім сапасының тұрақтылығын қамтамасыз етсе;

3) жұмысты орындау және өнім сапасын бақылау үшін ұйым қажетті білікті мамандармен қамтылса.

Айтылған шарттарды орындау Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жасайтын ұйымды куәландыру актісімен расталады және Тану туралы куәлікті беру негізі болып табылады.

50. Құжаттарды қарау, кәсіпорынға куәландыру жүргізу және Тану туралы куәлік беру Кеме қатынасы тіркелімімен тиісті негізде жүргізіледі.

51. Тану туралы куәлік ұйымға бірнеше жұмыс түрлерін өндіруге беріледі.

Жұмыс номенклатурасы өзгерген жағдайда жаңа Тану туралы куәлік ресімделеді.

52. Дайындаушы – ұйымның Тану туралы куәлігінде мыналар көрсетіледі:

- 1) ұйымның атауы, қала, мемлекет;
- 2) техникалық бақылау объектісінің атауы және белгісі;
- 3) қосымша техникалық мәліметтер немесе нұсқаулықтар;
- 4) техникалық бақылаудың белгіленген нысаны;
- 5) тану туралы куәліктің мерзімі.

53. Куәлікті қолдану мерзімі өткеннен кейін, осы Қағиданың 47-49-тармақтарында белгіленген тәртіпте ұйым куәландыруға жатады.

54. Кеме қатынасы тіркелімі мынадай жағдайларда Тану туралы куәлікті жоя алады:

- 1) ұйыммен осы Қағиданың 49-тармағында көзделген шарттар бұзылған кезде;
- 2) Кеме қатынасы тіркелімінің келісімінсіз, оның құзырына жататын мәселелер бойынша техникалық құжаттамаға өзгеріс енгізу кезінде;
- 3) рұқсат етілмеген ақауларды немесе өнім сапасының тұрақтылығы бұзылғандығын тапқан кезде.

55. Материалдарды және бұйымдарды және кемелерді жасау кезінде осы Қағидамен регламенттелген сынауларды жүргізетін сынақ зертханалары (бұдан әрі - СЗ), осы сынауларды жүргізу үшін олардың жинақтылығын тексеру мақсатында Кеме қатынасы тіркелімімен куәландырылады.

56. Құзыреттілігін тексеру заңды тәуелсіз зертханалар қатынасына сияқты, дайындаушы–ұйымның құрамына кіретін зерханаларға да жүргізіледі.

57. Сынауларды жүргізудегі зертханалардың құзыреттілігі Зертхананы тану туралы куәлікпен расталады.

Бұл талап сол ұйымның Тану туралы куәлігі бар екеніне қарамастан, дайындаушы–ұйым құрамына кіретін зертханаларға да қолданылады.

58. Тану туралы куәлікті алу үшін өтініш берушіде мыналар:

- 1) мәлімденген жұмыстар жүргізілетін жекеменшік немесе жалға алынған өндірістік алаңдар;
- 2) мәлімденген жұмыстарға қатысатын мамандар;
- 3) мәлімденген жұмысты орындау үшін пайдаланылатын жекеменшік (жекеменшік емес) (станок, стенд, дәнекерлеу, сынау және басқа) жабдық;

4) орындалатын жұмыстардың сапасын бақылау (кіріс бақылауы, операциялық бақылау, шығыс бақылауы, өлшеу құралдарын мерзімді тексеру және/немесе калибрлеу);

5) жұмыстарды жүргізу үшін бекітілген технологиялық нұсқаулықтар болуы тиіс.

Процестің бір бөлігін Кеме қатынасы тіркелімі таныған үшінші тұлғаларға берген өтініш беруші сондай-ақ берген процестердің қамтамасыз етілуін, бақылауын және реттелуін растау қажет.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.03.2021 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Кеме қатынасы тіркелімі өтінімді қарағаннан және сынақ бағдарламасын келіскеннен кейін, зертхана нәтижесі бойынша акті жасалатын Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен бақылау сынағын жүргізеді.

60. СЗ Тану туралы куәлік жыл сайынғы растаумен екі жыл мерзімге беріледі.

61. Зертхананы тану туралы куәліктің қолданылу кезеңінде:

1) тану туралы куәлікте көрсетілген өзінің қызмет саласындағы кез келген өзгеріс жөнінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін хабардар етеді. Өзгерістерге байланысты егер Кеме қатынасы тіркелімі қажет деп тапса қосымша куәландыру жүргізіледі;

2) Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне сапаны қамтамасыз ету бойынша және сынау жүргізу әдістерін жазуға, сынау процестеріне, жабдықтарға, есепті құжаттарға және статистикалық мәліметтерге рұқсатты қамтамасыз етеді.

Көрсетілген шарттарды орындамаған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің куәліктің қолданылу мерзімін тоқтатады немесе қабылданған шешім туралы зертхананы жазбаша хабардар етіп күшін жояды.

Зертхана Кеме қатынасы тіркеліміне кезекті тексеру жүргізуге дайындық мерзімін көрсетіп өтінім жолдайды, бірақ Куәлікті жаңарту мерзіміне дейін екі ай бұрын хабардар етеді.

62. Тексеру және сынау процесі кезінде Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылатын техникалық ақпарат құпия болып табылады және қандай да бір үшінші жаққа беруге жатпайды.

63. Нәтижесі Кеме қатынасы тіркелімімен сыныптамалық қызметте қолданатын жұмыстарды орындаушы ұйымдар осындай жұмыстарды бастағанға дейін Тану туралы куәлік алады.

64. Тану туралы куәлік мынадай жұмыс түрлеріне беріледі:

- 1) кемелерді Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбына жобалау;
- 2) корпус конструкциясының қалыңдығын өлшеу;
- 3) су асты куәландыру;

4) кемелік техникалық құралдарға диагностика жасау, сынау және техникалық қызмет көрсету;

5) үрлемелі құтқару құралдарына қызмет көрсету;

6) байланыс аппаратурасына және навигациялық жабдықтарға қызмет көрсету;

7) жүккөтергіш құрылғылардың металконструкцияларын тексеру;

8) монтаждық – жөндеу жұмыстары;

9) ұйым өтінімі бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің құзыреті аясында басқа да жұмыс түрлеріне.

65. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.03.2021 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Кеме қатынасы тіркелімі ұйымға куәландыруды жүргізетін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне тапсырма жолдайды.

Ұйымды куәландыру тікелей осы ұйымда жүргізіледі.

Ұйым онымен мәлімделген жұмысты орындауды растайтын сынақ жүргізеді.

Жұмыстар түрлерін тану туралы куәлігінде растау мақсатында ұйымды куәландыру мәлімделген ұйымдардың тікелей өткізу орнында жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Куәландыру мен сынақтардың қанағаттанарлық нәтижелері кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген мерзімде Кеме қатынасы тіркелімі уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған Тану туралы куәлікті ресімдейді және өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мәлімделген жұмыстардың бір немесе бірнеше түрлері осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмегенде, Тану туралы куәлік сапасы расталатын жұмыс түрлеріне беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67-1. Кеме қатынасы тіркелімі мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 67-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 67-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда -

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

68. Тану туралы куәлік Кеме қатынасы тіркелімімен жыл сайын растаумен екі жыл мерзімге беріледі.

69. Ұйым тану туралы куәлігін қолдану кезеңінде:

1) тану туралы куәлікте көрсетілген өзінің қызмет саласындағы кез келген өзгерістер жөнінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін хабардар етеді. Өзгерістерге байланысты қосымша куәландырулар жүргізіледі;

2) Кеме қатынасының тіркелімі жұмыскеріне бақылау объектілеріне қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Тану туралы куәліктің қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) егер жұмыстар ұйыммен дұрыс орындалмаса немесе онымен жалған нәтижелер ұсынылса;

2) егер Кеме қатынасы тіркелімімен ұйыммен орындалатын жұмыс номенклатурасында айтылған қандай да бір жетіспеушіліктер байқалса.

Тану туралы куәліктің қолданылуын тоқтату туралы Кеме қатынасы тіркелімі ұйымды жазбаша түрде хабардар етеді.

71. Ұйым Тану туралы куәлікті беру шарттары бір немесе бірнеше жұмыс түрлері бойынша ұйымға берілген Тану туралы куәліктің берілу шартын бұзған жағдайда ұйымда жұмыс қуатының қысқаруы, нәтижесі Тану туралы куәлік берілген жұмыстарды Қағида талаптарына сәйкес ұйыммен орындау мүмкін болмайтын басқа да өзгерістер, ұйым жойылғанда, сондай-ақ осы Қағиданың 54, 61 және 70-тармақтарында айтылған жағдайларда, Кеме қатынасы тіркелімі Тану туралы куәліктің берілу шарттарының сақталуына тексеруді жүзеге асырады.

72. Ұйыммен Тану туралы куәлікті беру шарттарының сақталуын тексеру нәтижелері осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес актімен ресімделеді. Тексеру нәтижесі бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) тексеру нәтижесінде ұйыммен Тану туралы куәлікті беру шарттарының бұзылуы туралы мәліметтер расталмаған кезде, Тану туралы куәліктің қолданылуы расталады;

2) Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес ұйымның өнімді дайындауына, жұмыстарды орындауына, сынақтарды жүргізу қабілеттілігіне әсер етпейтін болар болмас сәйкессіздіктер болғанда, Кеме қатынасы тіркелімі ұйыммен танылған ұйым қызметінде анықталған сәйкессіздіктерді және оның салдарларын жою бойынша Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген мерзімде түзету шараларын жүргізуді ұсынады.

3) Тану туралы куәлік берілген бір немесе бірнеше жұмыстар түрлерін ұйыммен Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарына сәйкес өнімдерді дайындау, жұмыстарды орындау, сынауларды жүргізу қабілетсіздігі байқалған жағдайда, сондай-ақ ұйым жойылғанда Кеме қатынасы тіркелімі мынадай шешімдерді қабылдайды:

Тану туралы куәлік берілген жұмыстың бір, бірнеше немесе барлық түрінің Тану туралы куәлігінің қолданылу мерзімі Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген түзету шараларын жүргізу уақытына дейін тоқтату (осы Қосымшаның 5-қосымшасы);

Тану туралы куәлік берілген бір, бірнеше немесе барлық жұмыс түрлерінің Тану туралы куәлігінің қолданылуын жою (осы Қосымшаның 6-қосымшасы).

73. Кеме қатынасы тіркелімімен берілген Тану туралы куәліктің берілу шарттарының ұйыммен сақталуын тексерген және басшылықпен осы Қағиданың 72-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шешімді қабылдаған жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімімен актіге ілеспе хатта айтылатын осы Қағиданың 5 немесе 6-қосымшаларына сәйкес Тану туралы куәлікті тоқтату немесе жою туралы акт ресімделеді

Ұсынылған актіні қарау нәтижесі бойынша Кеме қатынасы тіркелімі осы Қағиданың 72-тармағында көрсетілген шешімді қабылдайды және куәландыруды жүргізген Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Осы Қағиданың 72-тармағының 3) тармақшасында айтылған шешімді қабылдаған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі қабылданған шешім туралы ұйымға хабарлайды.

74. Ұйым түзету шараларын жүргізуден бас тартқан жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі бір, бірнеше немесе барлық жұмыс түрлеріне қатысты Тану туралы куәліктің қолданылуын жоя алады.

75. Осы Қағиданың 72-тармағының 2) және 3) тармақшаларында айтылған (Тану туралы куәліктің қолданылуын жоюды қоспағанда) шешім бойынша жүргізілген түзету шараларының жеткіліктігін қайта тексеру Кеме қатынасы тіркелімімен ұйыммен келісілген мерзімде жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес акт ресімделеді және мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

осы Қағиданың 72-тармағындағы 2) тармақшада айтылғандар бойынша Тану туралы куәліктің қолданылуын растау немесе Тану туралы куәліктің қолданылуын тоқтату;

осы Қағиданың 72-тармағындағы 3) тармақшада айтылғандар бойынша осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес Тану туралы куәліктің қолданылуын жаңарту немесе бір, бірнеше немесе жұмыстың барлық түрлеріне осы Қағиданың қосымшасы 6-қосымшасына сәйкес Тану туралы куәліктің қолданылуын тоқтатады

Кеме қатынасы тіркелімімен берілген Тану туралы куәліктер бойынша қолданылуын жаңарту туралы немесе Тану туралы куәлікті жою туралы шешім Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен ұсынылған құжаттар негізінде қабылданады.

76. Тану туралы куәлікте көрсетілген бір, бірнеше немесе барлық жұмыс түрлерінің Тану туралы куәлігін жойған жағдайда, Тану туралы куәлігі жойылған жұмыстарға қатысты қайтадан Тану туралы куәлікті беру тану рәсімдерін толық көлемде жүргізгенде ғана мүмкін болады.

77. Тану туралы куәліктің берілу шарттарының сақталуын тексеру актісі негізінде бір, бірнеше немесе барлық жұмыс түрлеріне қатысты Тану туралы куәліктің қолданылуын жойған жағдайда, жаңадан Тану туралы куәлік ресімделеді.

Тану туралы куәлікке жаңа нөмір беріледі, Тану туралы куәлікті қолданылу мерзімінің басталу күні жаңа Тану туралы куәлікке қол қойған күн болып табылады, қолданылу мерзімі ұзартылмайды.

78. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен берілген құжаттар көшірмесі және оларды беруге негіздеме, Кеме қатынасы тіркеліміндегі қызметіне Тану туралы куәлікті ресімдеу кіретін бөлімге қағаз түрінде поштамен немесе сканерленген түрінде электронды пошта бойынша жіберіледі.

79. Тану туралы куәлікті қайта ресімдеу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) өнімді дайындау, сынауды және өлшеуді жүргізу, жұмыстарды орындау сапасына әсер етпейтін жағдайларда:

қайта қалыптасу нысанындағы заңды тұлғаның қайта құрылуы;

ұйымның немесе заңды тұлғаның атауының өзгеруі, немесе жұмыстарды орындаудың нақты мекенжайы өзгермей жеке кәсіпкердің атының немесе тұрғын жерінің өзгеруі;

2) өнімді дайындау, сынауды және өлшеуді жүргізу сапасына, жұмыстарды орындауға әсер ететін жағдайларда: бұрын Тану туралы куәлік берілген жұмыстар көлемін кеңейту.

80. Тану туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін осы Қағиданың 79-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Тану туралы куәлікті ұстаушы-ұйымның көрсетілген өзгерістерді растайтын құжаттар көшірмесін және Тану туралы куәліктің түпнұсқасын қоса берілген жазбаша өтініш негіз болып табылады.

81. Осы Қағиданың 79-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген жағдайда Тану туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болып ұйымның өтінімі (осы Қағиданың 65-тармағы) және куәландыру жүргізу нәтижесінде ресімделген, ұйымды куәландыру актісі табылады.

82. Қайта ресімделген Тану туралы куәлікке жаңа нөмір беріледі, Тану туралы куәлікті қолданудың басталуы жаңа Тану туралы куәлікке қол қою күні болып табылады, Тану туралы куәліктің қолданылу мерзімі ұзартылмайды.

83. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен берілген құжаттар көшірмесі және оларды беруге негіздеме, Кеме қатынасы тіркеліміндегі қызметіне Тану туралы куәлікті ресімдеу кіретін бөлімге қағаз түрінде поштамен немесе айырылып таңдауға жатпайтын сканерленген түрінде электронды пошта бойынша жіберіледі.

84. Кеме қатынасы тіркелімі Тану туралы куәліктің телнұсқа немесе көшірмесін Тану туралы куәлікті ұстаушы ұйымның жазбаша өтінімі бойынша береді.

Телнұсқа берілген Тану туралы куәлік жоғалғанда немесе бүлінген жағдайда ресімделеді.

85. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері өзінің қызметін ұйымда техникалық бақылау туралы шарт немесе өтінім негізінде жүзеге асырады.

86. Тексеру көлемін және тәртібін нақтылау үшін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері және ұйым осы Қағиданың 8-қосымшасында көзделген Бақылау тексеру объектілерінің және Кеме қатынасы тіркеліміне міндетті түрде ұсынылатын технологиялық операциялардың тізбесін жасайды (бұдан әрі – Тізбе).

Тізбе техникалық бақылаудың нақты шарттарын ескере отырып, Қағида талабының негізінде жасалады, оған техникалық бақылау қызметінің бастығы және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қолын қояды, ұйым басшысы және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері бекітеді.

Көрсетілген тізбе техникалық бақылау туралы шарттың қосымшасы болып табылады және жыл сайын қайта рәсімдеуге немесе оның қолданылу мерзімін ұзартуға жатады.

87. Техникалық бақылау объектілерін тексеруді Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйымның персоналдарымен өнімді бақылағаннан және тиісті құжаттарды ресімдегеннен кейін өндірістің (дайын өнім) ақырғы сатысында жүргізеді.

Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің қарауы бойынша немесе өндіріс технологиясына байланысты бұл тексеру ұйым персоналдарымен жүргізілетін бақылаумен біріктіріледі.

Техникалық бақылау объектілерін дайындаудың аралық сатысында тексеруді осы Қағидада жазылған ұйым персоналымен операциялық бақылауды жүргізгеннен кейін немесе Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қарауы бойынша өндірістің нақты шарттарына байланысты жүргізеді.

88. Тізбеде көзделген тексеруден басқа, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері нәтижесі техникалық бақылау журналында жазылуы қажет жұмыс сапасына, технологиялық процестердің сақталуына осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес жалпы бақылау жүргізеді.

89. Ұйым өндірісте материалдарды, жартылай фабрикаттарды және сертификаты немесе паспорты болған жағдайда дайын бұйымдарды қолданады.

Егер технологиялық бақылау процесінде материалдар мен жинақтаушы бұйымдарға Кеме қатынасы тіркелімінің талаптарын қанағаттандырмайтыны немесе оларды

қолданған кезде техникалық бақылау объектісі осы талаптарды қанағаттандырмайтыны белгіленсе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері оларға қосымша тексеру және/немесе сынақ жүргізуді талап етеді.

Тексеру және сынау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, мұндай материалдарды куәлігі немесе оның сапасын растайтын басқа құжаттардың болғанына карамастан қолдануға рұқсат етілмейді.

Материалдар мен бұйымдардың қандай да бір ақауларын түзету ұйыммен Кеме қатынасы тіркелімі түзету тәсілін келіскеннен кейін ғана жүргізіледі.

90. Ұйымда өз қызметін жүзеге асыру процесінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері Тану туралы куәліктің және/немесе техникалық бақылау туралы шарттың сақталуын тексереді.

91. Тексеру және сынау нәтижесі бойынша Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері объектіге тиісті құжаттарды ресімдейді және белгіленген жағдайда оларды таңбалауды жүргізеді.

92. Кеме қатынасы тіркелімі басқа сыныптамалық немесе басқа құзырлы ұйымға техникалық бақылауды тапсырады.

93. Техникалық бақылау тапсырма бойынша ұйыммен Кеме қатынасы тіркелімінің атынан шарт негізінде және Кеме қатынасы тіркелімінің нақты тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

94. Тапсырманы беру кезінде мыналар анықталады:

- 1) объектілер және тексеру көлемі;
- 2) техникалық құжаттаманы тексеру тәртібі;
- 3) берілетін құжаттар.

Техникалық бақылау Кеме қатынасы тіркелімінің тапсырмасы бойынша шартты негізде жүзеге асырылады.

95. Егер шартта басқалар айтылмаса, Кеме қатынасы тіркелімінің тапсырмасы бойынша техникалық бақылау жүргізген ұйыммен берілетін сертификаттарда немесе басқа да құжаттарда:

"Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесінің тапсырмасы бойынша.

20 ____ жылғы ____ №__ хат"

деген белгі қойылады.

96. Егер басқа айтылмаса, тексеру тапсырманы орындаушы ұйымның тәсілімен жүргізіледі.

97. Техникалық бақылауға тапсырманы Кеме қатынасының тіркелімі береді.

98. Басқа сыныптамалық ұйымның тапсырмасы бойынша техникалық бақылауды Кеме қатынасы тіркелімімен шарт негізінде және/немесе нақты басқа сыныптамалық ұйымның тапсырмасымен жүзеге асырылады.

99. Басқа сыныптамалық ұйымның тапсырмасын талқылаған кезде мыналар анықталады:

- 1) объектілер және тексеру көлемі;
- 2) техникалық құжаттаманы келісу тәртібі;
- 3) берілетін құжаттар.

Бұдан басқа тапсырмада техникалық бақылау аясында жүргізілетін жұмыстың төлем тәртібі ескертіледі.

100. Егер басқалар айтылмаса басқа сыныптамалық ұйымның тапсырмасымен техникалық бақылау жүргізуші Кеме қатынасы тіркелімімен берілетін сертификаттарда немесе басқа да құжаттарда мынадай белгілер болады:

"20 жылғы № тапсырмасы бойынша "

101. Егер басқа нәрсе айтылмаса, техникалық бақылау процесі кезінде тексеру әдістеме көмегі арқылы және Кеме қатынасы тіркелімінің тәжірибесіне сәйкес жүргізіледі.

102. Кеме қатынасы тіркелімі басқа сыныптамалық ұйымнан техникалық бақылауға тапсырманы қабылдайды.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері басқа сыныптамалық ұйымның тапсырмасы бойынша техникалық бақылауды тек қана Кеме қатынасы тіркелімінің жазбаша нұсқауы болғанда ғана орындайды.

4-тарау. Техникалық құжаттаманы әзірлеуді техникалық байқау

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

103. Қағиданың осы бөлімімен техникалық құжаттаманы әзірлеуге техникалық бақылау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің сыныптамалық қызметіне байланысты қатынастар регламенттеледі.

104. Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық құжаттаманы әзірлеуге техникалық бақылау жүргізуі оның қарауында осы техникалық бақылау объектісіне қатысты әртүрлі сатыларда Қағиданың, ІСЖКЖҚ және ІСЖКСҚ талаптарының орындалуын тексеру мақсатында және кейіннен келісумен қорытындыланады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

105. Техникалық құжаттама Кеме қатынасы тіркеліміне немесе жобалаушы ұйымның қызметі табылатын аудандағы Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады.

106. Жобалаушы ұйымның шешуі бойынша техникалық құжаттаманы Кеме қатынасы тіркеліміне келісуге ұсыну үшін, мынадай нұсқалардың бірі таңдалады:

1) алдымен техникалық жоба көлемінде құжаттама ұсынылады, ал сосын – жұмыс сызбалары;

2) жобаланып жатқан кемең немесе бұйымның осы Қағида талаптарына сәйкестігін анықтау мүмкіндігі және негізгі конструктивтік бөліктерді (техникалық жұмыс жобасы) дайындауға техникалық бақылауды қамтамасыз ететін барлық қажетті мәліметтерді қамтыған көлемдегі техникалық құжаттаманы ұсынады.

107. Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынылатын техникалық құжаттаманың типтік тізбесі осы Қағидаға 10-қосымшада келтірілген.

108. Кемелердің техникалық жобалары Кеме қатынасы тіркеліміне немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне қарауға ілеспе хатпен екі данада және қарауға ұсынылған құжаттардың толық тізбесімен ұсынылады.

109. Жобаларды жеке бөліктермен ұсыну (корпус, энергетикалық қондырғы, жүйелер, электр жабдықтар бойынша) Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша рұқсат етіледі. Сонымен бірге құжаттаманың алғашқы партиясымен жалпы орналасу сипаттамасы және сызбасы ұсынылады.

Талаптары осы Қағидада жоқ немесе толық түрде айтылмаған кемелердің жаңа типтері үшін Кеме қатынасы тіркелімі оның қарауы бойынша қосымша құжаттар мен мәліметтерді талап етеді.

110. Техникалық жобаларды қарау мерзімі 30 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

111. Әрбір қарастырылған жоба бойынша басында кеме сыныбы, жүзу ауданы және су үсті бортының биіктігі көрсетілетін жазбаша қорытынды жасалады.

Қажет болған жағдайда жел-толқынды режим, тасымалданатын жүктің түрі бойынша тиісті шектеулер белгіленеді.

Бұдан әрі жобаны түзету немесе жұмыс сызбаларын әзірлеу кезінде орындауға жататын ескертулер келтіріледі.

112. Егер жобада осы Қағидамен регламенттелгеннен айырмашылығы бар шешімдер қабылданған болса немесе онда жаңа, тексерілмеген конструкциялар, материалдар жабдықтарды қолдану көзделсе Кеме қатынасы тіркелімі жобаны келісу кезінде мұндай кемеге тиісті шектеулермен сынып немесе "Э" символды сынып формуласына енгізуді тағайындайды.

113. Кемелердің және бұйымдардың техникалық жобаларын келіскенде Кеме қатынасы тіркелімі тиісті сызбалардың немесе құжаттардың көшірмелеріне төмендегі келтірілген хаттың күні мен нөмірін көрсетіп штампты қоюмен жоба бойынша қорытындыны ресімдейді:

1) егер жоба Кеме қатынасы тіркелімімен келісілсе:

"Кеме қатынасының тіркелімі"

мемлекеттік мекемесі

КЕЛІСІЛДІ

№ _____ Хат

Директор _____

(қолы)

"Кеме қатынасының тіркелімі"

мемлекеттік мекемесімен

НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

№ _____ . Хат

2) егер жоба Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілсе:

КЕЛІСІЛДІ

Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері _____

Хат №

Кеме қатынасының тіркелімі қызметкері _____

(қолы)

МӘЛІМЕТКЕ АЛЫНДЫ

Кеме қатынасының тіркелімінің қызметкері _____

№ _____ Хат

114. Жоба бойынша қорытынды-хаттың соңында (немесе хатқа қосымшада) келісілген және мәліметке алынған құжаттардың тізбесі келтіріледі.

115. Кеме қатынасы тіркелімі келісілген техникалық жобаның бір жинағын өзіне қалдырады, басқасын қорытындысымен жобалаушы ұйымға қайтарады.

Екі жинақта да жобаны қараған орындаушының визасы қойылады.

116. Келісу мерзімі өтіп кеткен жобалар Сыныптау қағидаларының 18 және 19-тармақтарына сәйкес жалпы тәртіпте қарастырылады.

Мұндай жобаны қарауға ұсыну кезінде ұйым Кеме қатынасы тіркеліміне немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне осы Қағидаға жобасының сәйкестігін талдаумен түсініктеме хат жолдайды.

Жобаның жаңа осы Қағида талаптарынан айырмашылығы болған жағдайда осы құжатта жобалаушы ұйымның жобаны осы Қағидаға сәйкестендіру мақсаттылығы туралы пікірі жазылады немесе алғашқы жоба бойынша жекелеген техникалық шешімдердің сақталуына негіздеме келтіреді.

Кеме қатынасының тіркелімі немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жобалаушы ұйымның негіздемесін және бұрын келісілген жоба бойынша салынған кеменің пайдалану тәжірибесін ескеріп, жобаны қайта келісудің мақсатқа лайықтылығы туралы шешім қабылдайды.

Қайта келісуге ұсынылатын жобаларды жұмыс құжаттамасы жинағының сызбаларымен жинақтауға рұқсат етіледі.

Ескерту. 116-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Жобаны келісуден бас тартқан жағдайда Кеме қатынасы тіркелімі бас тарту себебін көрсетеді және қорытынды-хатта өзінің ескертуін баяндайды.

118. Ескертулермен техникалық құжаттаманы келісуге тек техникалық жобалар үшін ғана рұқсат етіледі.

Кеме қатынасы тіркелімінің ескертуі жобалаушы ұйыммен техникалық жобаны түзету немесе жұмыс сызбалары мен пайдалану құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

119. Техникалық жобаларды толық түрде қарау және келісу тәртібі әзірленетін және Кеме қатынасы тіркеліміне бір кезеңде ұсынылатын техникалық құжаттамаға қолданылады.

Мұндай техникалық құжаттама ескертусіз келісіледі.

Барлық ескертулерді жобалаушы құжаттаманы келіскенге дейін ескереді. Штамп қойылған келісуге ұсынылған көшірмелерде түзету оларды екі қолтаңбамен растау кезінде ғана рұқсат етіледі: жобалаушы ұйымның өкілі және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері.

120. Жұмыс құжаттамасын Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне қарауға бір данада ұсынады.

121. Жұмыс құжаттамасын қарау шарттары (орны, уақыты, тәртібі, құжаттардың орындалу тәсілі) Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша жобалаушы ұйыммен анықталады.

122. Жұмыс құжаттамасы осы Қағиданың, ІСЖКЖҚ және ІСЖКСҚ, Сыныптау қағидасының талаптарын және стандарттарды ескере отырып Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық жобаға сәйкес орындалады.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Келісілген жұмыс құжаттамасында осы құжаттаманы қараған Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қолы мен штампы қойылады:

КЕЛІСІЛДІ

Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен

(қолы)

_____ 20 _____ ж.

Келісу туралы штампы Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің барлық ескертулерін жойғаннан кейін құжаттың бірінші бетіне қойылады.

Штамп басылған және Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қолы қойылған жұмыс жобасының бір жинағы бақылау ретінде жобалаушының мұрағатында сақталады.

124. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген жұмыс құжаттамасының барлық көшірмелері жобалаушының келісу штампының көшірмесімен куәландырылады.

125. Техникалық жобаны қайта келіскеннен кейін осы Қағиданың 116-тармағына сәйкес жұмыс құжаттамасы түзетіледі.

Бұл ретте жаңа нөмірмен шығарылатын жұмыс құжаттамасы, оған штамп қоюмен келісіледі, ал түзетілетінін құжаттама нөмірін сақтаумен өзгерту туралы хабарлауға штамп қоюмен келісіледі.

Ескерту. 125-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Қайтадан әзірленген немесе түзетілгенді келіскеннен кейін жұмыс құжаттамасының техникалық жобасын қайтадан келісу нәтижесі бойынша жобалаушы, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген жұмыс жобасы материалдарының тізбесін шығарады.

Тізбеде әрбір құжатты келісу күні туралы белгі қойылады.

127. Стандартқа сәйкес әзірленген құжатты иесіздендіру жұмыс құжаттамасы құрамында Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісуге жатады.

128. Материалдар мен бұйымдарды дайындауға арналған, Номенклатураға енгізілген техникалық құжаттама Кеме қатынасы тіркелімімен қаралады және келісіледі.

129. Бұйымдардың техникалық құжаттамасы Кеме қатынасы тіркеліміне екі данада ұсынылады.

Ұсынылатын құжаттама құрамына, жеткізудің техникалық шарттары кіреді.

130. Егер бұйым немесе оған қатысты Номенклатурада көрсетілген жекелеген бөлшектер және бөліктер стандарт бойынша дайындалса, бұл стандарттар Кеме қатынасы тіркелімімен келісуге жатады.

131. Құрамына бірліктерді құрастырушы типті немесе агрегаттарға Номенклатурада көрсетілген және ұйым-контрагентпен (генераторлар, редукторлар, генераторлардың алғашқы қозғалтқыштары, компрессорлар, сорғылар, палубалық механизмдер, автоматтандыру жүйелері) жеткізілетін жинақтаушы бұйымдар кіретін бұйымдарға техникалық құжаттама жинақтаушы бұйымдарға техникалық құжаттаманы қарастырғаннан кейін келісіледі.

Жинақтаушы бұйымдардың техникалық құжаттамасы Кеме қатынасы тіркелімімен келісілмеген кезде осы жинақтаушы бұйымдарды құрамында бірліктерді құрастырушымен кемелік шарттарға (механикалық және климаттық сынау) және

электромагнитті сыйымдылыққа (электрлік және электронды жабдыққа) сәйкестігін сынау нәтижесі бойынша қанағаттанарлық болып табылса негізделген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімі бірліктерді құрастырушының техникалық құжаттамасын келіседі.

132. Егер бұйым типтік емес, нақты кеме үшін әзірленсе, олардың техникалық құжаттамасын Кеме қатынасының тіркелімі кеменің техникалық құжаттамасы құрамында қарастырады.

133. Материалдарға арналған техникалық шарттарда дайындау тәсілі, химиялық құрамы, механикалық және технологиялық құрылғысы, көлемі және сынау жүргізу тәртібі, сынау нәтижелерін ресімдеу және таңбалау тәртібі туралы қажетті мәліметтер болады.

Құжаттамамен бірге Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша жүргізілген материалдың басты үлгісін (басты партияның) сынау нәтижелері ұсынылады.

134. Техникалық шартты қарау мерзімі күнтізбелік 30 күннен аспайды.

135. Келісілген бұйымның сызбасын келісу штамп қою арқылы, ал бұйым және материалдың техникалық шартын келісу – Кеме қатынасы тіркелімінің мөрімен куәландырылған директорының орынбасарының немесе Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің қолымен расталады.

136. Техникалық шарттың соңғы ресімделген және бекітілген бір данасын әзірлеуші Кеме қатынасы тіркелімінің құжатты келіскен қызметкеріне жібереді.

137. Техникалық шартқа енгізілетін өзгеріс, өзгеріс туралы хабарламада штамп қойылып келісіледі.

Қолданыстағының орнына жаңа нөмірмен шығарылатын техникалық шарттар қайта келісіледі.

138. Ұлттық стандарттар Кеме қатынасының тіркеліміне ал ұйымның стандарттары және нормативтік-техникалық құжаттар – Кеме қатынасының тіркелімі қызметкеріне қарастыруға ұсынылады.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

139. Қарауға нормативтік-техникалық құжаттардың барлық редакциясы ұсынылады, бірақ келісуге соңғы редакциясы ғана жатады.

140. Нормативтік–техникалық құжаттардың алғашқы және арасындағы редакциялары бойынша Кеме қатынасы тіркелімі құжат авторына жіберілетін жазбаша қорытынды жазады (пікір), ал құжаттардың өзін мұрағатына қалдырады.

141. Егер әзірлеу және нормативтік-техникалық құжаттарды қайта қарау үшін арнайы сызбалар дайындалған, есептер орындалған және басқа құжаттама дайындалған

болса, сондай-ақ әр түрлі сынақтар жүргізілсе, онда Кеме қатынасы тіркелімі оған осы құжаттамаларды және сынақ нәтижелерін қарауға ұсынуды талап етеді.

142. Егер нормативтік–техникалық құжаттамаларды қарау кезінде оның мазмұны осы Қағида талаптарын толық түрде қамтымайтыны белгіленсе, онда Кеме қатынасы тіркелімі өзінің қарауына қосымша құжаттамаларды ұсынуды немесе қосымша сынаулар жүргізуді талап етеді.

143. Нормативтік-техникалық құжаттамаларды қарау және келісу кезінде мыналар басшылыққа алынады:

1) Кеме қатынасы тіркелімі, егер осы құжаттарда айтылған сенімділікті және техникалық талаптардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі осы Қағида талабы деңгейінен барынша төмен болмаса оның техникалық бақылауымен дайындалуға жататын объектілердің құжаттарын келіседі;

2) егер бұрын шығарылған нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары осы Қағида талаптарын қанғаттандырмаса, онда оларды қолдану Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарау мәні болып табылады. Кезекті қайта қарау кезінде осы құжаттардың талаптары қолданыстағы осы Қағидаға сәйкес келтіріледі.

144. Осы Қағида талаптарына сәйкес есептерді орындауға арналған компьютерлік қосымша Кеме қатынасы тіркелімінің келісуіне жатады.

Көрсетілген қосымшаларды келісу Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлдау туралы сертификатты ресімдеу арқылы жүргізіледі.

Мүмкіндігі есептеуді орындау техникасымен шектелген есептің "қолмен" ауыстыруға арналған бағдарламалық өнімдерді немесе техникалық құжаттаманы әзірлеу кезінде қосымша биіктіктердің мәнін анықтауға арналған қосымшаларды Кеме қатынасы тіркелімі Мақұлдау туралы сертификатты ресімдемей-ақ мәліметке алады.

145. Кеме қатынасы тіркелімінің Мақұлдау туралы құжаты болуы тиіс компьютерлік қосымшалар Кеме қатынасы тіркеліміне оларды қолдануға дейін қарауға ұсынылады.

Негізделген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша компьютерлік бағдарламаларды және ілеспе құжаттарды кемеңің жобалық құжаттамасының құрамымен бірге ұсынуға рұқсат етіледі.

146. Компьютерлік құжаттамаларды мақұлдау туралы құжатты алу үшін Кеме қатынасы тіркеліміне мынадай материалдар ұсынылады:

1) дистрибутив немесе қосымшаның демонстрациялық версиясы;

2) құрамында компьютер конфигурациясының талаптары, авторлар туралы мәліметтер, кіру және шығу бағдарламаларының жазбасы бар қолданушының басшылығы;

3) қосымшада пайдаланылған, эмпирикалық коэффициенттерін, есептік міндеттерді шешу әдістерін жекелеген жағдайларда ұқсастық критерийлері пайдалану саласына

шектеулер көрсетумен барлық қолданылатын теңеулер олардың оплекациялары қосымшада жүзеге асырылған есеп әдісінің толық сипаттамасы.

Осы сипаттамада есептеу әдістемесінің қосымшасында пайдаланылған сәйкестік талдауы және осы Қағида талаптарына қабылданған рұқсат етулер және әдебиет көздері келтіріледі;

4) есептеулер негізгі мәліметтердің толық тізімімен тестілік мысалдары және оларды таңдау ерекшелігін түсіндірумен, барлық шығарылатын үлгілер және есептеулер нәтижесінің трактовкалары;

147. Қарастырылып жатқан қосымшаның көмегімен орындалған есептердің сенімділігін тексеру Кеме қатынасы тіркелімімен берілген бақылау тапсырмасының негізгі мәліметтері бойынша есептеулерді орындау жолымен және кейіннен эталонды қосымша көмегімен жүргізілген есептеулер нәтижесімен қорытынды мәліметтерді немесе табиғи және/немесе модельді тәжірибе нәтижелерін салыстырумен жүзеге асырылады.

Тестілік мысалдар негізгі параметрлердің өзгеруі мүмкін барлық диапазонын қамтиды.

Кеме қатынасы тіркеліміне сондай-ақ (егер мұндай бар болса) осы қосымшаны басқа сыныптамалық ұйымның немесе басқа құзырлы ұйымдардың тануы туралы мәлімет ұсынылады. Мұндай жағдайда Кеме қатынасы тіркелімімен келісу бойынша ұсынылатын материалдар көлемі төмендетіледі.

Қосымшада осы Қағида талабы ескерілген жағдайда, осыған мән-жайды көрсету қажет.

Құжаттамаға нөмір, атауы қойылады және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

148. Есептеулер әдістемесін қарау кезінде мыналар назарға алынады:

1) қолданылатын физикалық модельдердің сенімділігі,

2) қабылданған жорамалдардың негізділігі;

3) нақты физикалық процестерді сипаттау бірдейлігінің статистикалық критерийлері.

149. Қосымша мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) есептеулерді орындағанға дейін бастапқы мәліметтерді бақылау және белгілеу көзделеді;

2) бастапқы мәліметтер және есептеулер нәтижелері, соның ішінде баспаға шығарылғандар, сандық мәндерден басқа өзіне параметрлердің және олардың өлшем бірлігінің мәтіндік сипаттамасын қосады.

Шығатын үлгілер қосымша туралы олардың идентификациясына қажетті негізгі мәліметтерді құрайды.

150. Қарастырылып жатқан қосымша көмегімен орындалған есептеулер нәтижесін талдау кезінде, сондай-ақ есептелген параметрлердің осы Қағида талаптарына сәйкестігі ескеріледі.

151. Ұсынылған қосымшаны осы Қағида талаптарына сәйкестігін қарау және тексеру кезінде Кеме қатынасы тіркелімі:

қосымшаның атауы;

әзірлеуші-ұйымның және/немесе қосымша иесінің атауы;

компьютер конфигурациясымен талап етілетін қолданылу саласы, есептеу әдістемесі туралы мәлімет;

құжатты берудің негізінен тұратын қосымшаны мақұлдау туралы құжатын береді.

152. Кеменің техникалық құжаттамасы құрамына кіретін және мақұлдау туралы құжаты бар компьютер қосымшасының көмегімен орындалған есептеулерді Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынған жағдайда, тиісті орында Кеме қатынасы тіркелімімен берілген сертификат нөміріне сілтеме жасау қажет.

153. Қосымшаның бағдарламалық модульдерінде келісуге жататын өзгерістер болғанда Кеме қатынасы тіркелімімен берілген құжат күшін жояды.

5-тарау. Кемелерді жасау мен жөндеуді техникалық байқау

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

154. Техникалық бақылауды жүргізу тәртібі, тексеру және сынаулар түрі осы Қағиданың 86-тармағымен анықталған Тізбемен белгіленеді.

155. Тізбеде техникалық бақылау объектілері, оның ішінде кеменің корпустық конструкциясы, қозғалтқыштар және басқа да техникалық құралдар, құрылғылар, жабдықтар және жабдықтаулар, сондай-ақ жекелеген технологиялық операциялар және Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауымен жүргізілетін жұмыстар көрсетіледі.

Кемені модульді жасау кезінде Тізбеде корпустық конструкцияның корпус жинауына баратын панель, секция, блоктар ретінде көрсететін конструктивтік модульдер көрсетіледі.

Бір немесе бірнеше біртектес техникалық бақылауды немесе кемені жасаудың осы сатысында аяқталған жұмыс көлемін қамтитын Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне біреуін көрсету Тізбенің әрбір тармағына сәйкес келеді. Сонымен бірге технологиялық жүйелілігі және басқа да кемені жасау шарттары ескеріледі.

156. Тізбеге қосымша немесе жекелеген ұстанымдарын өзгерту Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша, онда: ұйымның Кеме қатынасы тіркеліміне ұсынатын стандарттары, секция және блоктарды көрсету тізімі, су өткізбеушілікке сынау журналы тәжірибесіне сәйкес қабылданған кеме жасаушы ұйыммен әзірленген құжаттар қолданылады.

157. Егер жоюды талап ететін ақаулар және жетіспеушіліктер байқалса, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері техникалық бақылау объектісін қайта тексеруге ұсынуды талап етеді.

Жасаудың қандай да бір кезеңінде ақаулар байқалған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ақаудың пайда болу себебін анықтау және олардың әрі қарай пайда болуын алдын алу үшін алдыңғы технологиялық операцияларды тексеруді талап етеді.

158. Тексеруден басқа Тізбеге сәйкес Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен жекелеген бөлшектердің, бөліктердің және Тізбеге сәйкес техникалық бақылау құрамына кіретін конструкция элементтерінің дайындалуын, осы объектілерді дайындаудың технологиялық процестерінің сақталуын, сондай-ақ бақылаушы қызметтерді ұйым персоналдарымен тиісті орындалуының сапасын мерзімді тексеруді жүзеге асырады.

Бұл ретте тиісті жұмыстарды аяқтағаннан кейін Тізбеге сәйкес тексеру жүргізу кезінде ерекше назарды байқалуы мүмкін емес жетіспеушіліктер мен ақауларды байқауға аудару керек.

159. Ұйым кемеңі жасау бойынша барлық негізгі жұмыстарды және өндірістік процестердің жекелеген операцияларын техникалық бақылаудың көлемі, әдістемесі және құралдарының нұсқаулықтарын қоса типтік технологиялық процестерді әзірлейді және Кеме қатынасы тіркелімімен келіседі.

160. Ұйымның техникалық бақылау қызметімен жұмыстың аяқталған кезеңдерін қабылдау нәтижелері, стандартқа сәйкес ұйыммен әзірленген құжаттамада көрсетіледі.

161. Техникалық бақылау объектілерін тексеру және сынау нәтижелері Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес ресімделетін хабарламада жазумен ресімделеді.

Өндірістің ерекшелігіне байланысты Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша тексеру нәтижесін көрсететін құжат ретінде осы Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес ресімделетін жасау журналы пайдаланылады.

162. Тексеру және сынауды орындау үшін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін тәуліктен кешіктірмей хабарлама немесе телефон арқылы шақырады.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне хабарламаны немесе жасау журналын ұсынады.

Осы Қағида талабынан ауытқулар байқалған жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жетіспеушіліктерді жоюды және бөлікті немесе объектіні қайта тексеруді талап етеді. Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің талаптарын орындағаннан кейін оған қайта хабарлама жібереді.

163. Бекітілген техникалық жобаға, жұмыс сызбасына немесе Техникалық шарттарға өзгеріс Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша енгізіледі. Жекелеген жағдайларда жобаны авторының келісімі бойынша кемеңің негізгі сипаттамасына

қатысты емес және жүзу қауіпсіздігіне әсер етпейтін өзгерісті кейіннен жоба авторымен өзгеріс туралы хабарламаны ресімдеп кеме жасаушы ұйым енгізе алады.

Өзгерісті және ауытқуларды келісу үшін жоба авторы немесе ұйым Кеме қатынасы тіркелімі немесе Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне қажетті техникалық негіздемелерді ұсынады.

Тек нақтыланған объектіге ғана рұқсат етілген келісілген ауытқулар және өзгерістер , Кеме қатынасы тіркелімінің алдын ала келісуінсіз ұйымның кейінгі объектілеріне қолданылмайды.

Осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес жобадан және техникалық құжаттамадан ауытқулар ресімделетін ауытқуларға рұқсат ету картасымен ресімделеді.

Бұл ретте "Кеме қатынасының тіркелімі" ММ қызметкері" бағанында мыналар көрсетіледі:

1) Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қолы немесе жасауға (жұмыс сызбаларынан немесе технологиялық процестерден ауытқу кезінде) техникалық бақылауды жүргізуші Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің хатына сілтеме;

2) егер ауытқу кеме сипатының негізгі ерекшелігіне өзгеріс туғызатын болса, Кеме қатынасы тіркелімінің немесе Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісілетін құжаттамаға сілтемесі.

164. Қозғалтқыштарды және басқа техникалық құралдарды, құрылғыларды, жүйелерді, жабдықтарды және жабдықтауларды монтаждау алдында Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері көрсетілген объектінің Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауымен дайындауды растайтын құжаттарының бар екендігін тексереді.

165. Корпусты, қозғалтқышты монтаждауды және басқа техникалық құралдарды, құрылғыларды, жүйелерді, жабдықтарды және жабдықтауларды жасауды аяқтағаннан кейін Кеме қатынасының тіркелімі қызметкері стандарттар, осы Қағида талаптарына сәйкес әзірленген бағдарлама және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген кемеңің жобалық құжаттамасы бойынша кемеңі арқандап байлау және жүрістік сынақ жүргізілуіне техникалық бақылауды жүргізеді.

166. Арқандап байлау және қозғалуды сынау бағдарламасында жеткізуге арналған стандарттар және техникалық құжаттама, сондай-ақ жеткізілетін жабдықтарға жеткізуші–ұйымның бағдарламасы ескеріледі.

Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген сынау жүргізудің бағдарламасы болған жағдайда, арқандап байлау және жүрісте сынау бағдарламасында осы әдістемеге сілтеме жасайды.

167. Арқандап байлау және жүрісте сынау бағдарламасын Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық жоба материалдарын қараған лауазымдық тұлғасы келіседі.

168. Арқандап байлау және жүрісте сынау бағдарламасына мынадай бөлімдер кіреді :

1) сынауға дайындау;

- 2) арқандап байлап сынау;
- 3) жүрісте сынау;
- 4) ревизия;
- 5) бақылау шығу, бақылау сынау.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кемелерді сынаудың барлық кезеңдеріне тікелей қатысады. Сынауға дайындық кезінде жасалу кезеңі құжаттарының жинақтылығын және жинақтаушы бұйымдар құжаттамасын тексереді.

169. Сынауды жүргізудің қауіпсіздігін және кеме мені тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін кеме менің бүтіндігін, жеткізудің басқа жағдайлары көзделмесе кеме жасаушы ұйым қамтамасыз етеді.

170. Сынау кезінде жабдықтарды басқару техникалық пайдалану қағидасы және оған қызмет көрсету нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

171. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жабдықтарды өз қолымен басқармайды немесе қызмет етуші персоналдарды іс-қимылына араласпайды. Егер персоналдардың әрекеті аварияға немесе жабдықтың бұзылуына әкелетін болса, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері техникалық бақылау қызметінің өкілі және беруге жауапты арқылы мұндай әрекеттерді тоқтатуды талап етеді.

172. Объектілерді сынау кезінде ұйым қалыпты сынау жүргізуге кедергі келтіретін немесе сынауға қатысушыларға қауіп төндіретін барлық жұмыстарды тоқтатады, сынау объектісінің айналасындағы өндіріс алаңдарындағы бөтен заттардан босатады, тиісті жарықтандыру және желдеткішпен қамтамасыз етеді.

173. Арқандап байлау және жүрісте сынауды Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген жоспар-кестеге сәйкес жүргізеді.

Кестеден негізделген мүмкінді ауытқу кезінде сынау жүргізу технологиясын бұзуға болмайды.

174. Егер объектілерді сынау нәтижелері осы Қағида талаптарын немесе техникалық құжаттаманы қанағаттандырмаса, оларды сынау нәтижелерінің қанағаттандыруын тудырған себептерін жойғаннан кейін қайта сынайды.

Ақауларды жою тәсілдері және қайта сынау көлемі Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісіледі.

175. Үздіксіз режимде объектіні сынау кезінде үзіліс мүмкіндігі сынау бағдарламасында айтылады, ал сынауды жалғастыру және оларды жүргізу шарттары (ұзақтылықты және көлемін ұлғайту) сынауды тоқтатуға мәжбүр болған себебін ескеріп Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келіседі.

176. Сол бір үзіліссіз сынақ режимін екінші рет мәжбүрлі үзіліссіз жасау кезінде, кейіннен қажетті негізделген жағдайларда және ұлғайтылған көлемде толығымен қайта сынақ жүргізумен, үзілістерге әкелген себептерді жою үшін сынауды тоқтатады. Сынауды жүргізу уақыты Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісіледі.

177. Объектілерді сынау мынадай жағдайларда тоқтатылады:

1) жою сынау Бағдарламасында айтылған үзілістен көп уақытты талап ететін бұзылғандық немесе ақау табылған жағдайда;

2) объектінің авариялық жағдайында;

3) кемең қауіпсіздігіне қауіп төндіруші метеорологиялық жағдайдың бұзылуы кезінде.

Себебіне байланысты сынақты тоқтату туралы шешімді Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері, ұйым немесе тапсырыс беруші (Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша) қабылдайды.

Тоқтату туралы шешімді кімнің қабылдағанына қарамастан, техникалық бақылау объектісі, ұзақтылығы және көлемі Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілетін қайта сынауға жатады.

Ескерту. 177-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

178. Объектіні сынауды тоқтату кезінде ұйым сынауды тоқтату себебін, қайта сынау жүргізгенге дейін көрсетілген орындауға жататын себептерді жою бойынша талаптарды көрсетіп акті жасайды.

179. Қажетті өлшеулерді кеме жасаушы ұйым орындайды. Сынаудың өңделген нәтижелерін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынады.

Оң нәтиже болғанда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйымның қажет болған жағдайда өлшеу нәтижелерімен кестесі қосымшаланатын объектілерді сынауды аяқтау туралы осыған көзделген ұйымның құжатына қол қояды.

180. Арқандап байлап сынау мыналарды сынау мақсатында жүргізіледі:

1) корпусы жасау сапасын, орналасуын, монтаждың жинақтылығы және сапасы, қозғалтқыштардың реттелуі және жұмысқа қабілеттілігі, құрылғылар, жүйелер, жабдықтар және жабдықтауларда, сондай-ақ олардың параметрлерінің осы Қағида және келісілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) кемең, оның басты және қосымша қозғалтқыштарының, құрылғылардың, жүйелердің, жабдықтардың және жабдықтаудың жүрісте сынау жүргізуге дайындығы.

181. Арқандап байлап сынаудың басталуына дейін ұйым Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) техникалық бақылау қызметінің персоналдарымен қол қойылған сынаудың жасалу сатысында көзделген, монтаждау және басқа жұмыстардың аяқталғандығын растайтын құжаттар, ал Тізбемен көзделген жағдайда – Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен көзделген;

2) арқандап байлап сынаудың құжаттары;

3) Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген арқандап байлап сынаулардың жоспар - кестесі;

4) сипаттамасы;

5) осы Қағидамен және келісілген құжаттамамен регламенттелгеннен айырмашылығы бар шешімдер тізбесі;

6) кеме техникалық құралдарға формулярлар және паспорттар;

7) құралдардың құжаттары;

8) техникалық бақылау объектісін сипаттау және оларға қызмет ету бойынша нұсқаулық;

9) имитациялық құрылғылар схемасымен сынаулар әдістемесі (оның ішінде имитациялық);

182. Швартовты сынаудың күнін және уақытын Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісе отырып ұйым әкімшілігі анықтайды.

183. Сынау үшін жүрістік режимдерді талап етпейтін техникалық құралдар, құрылғылар, жүйелер, толықтай арқандап байлап сынауларда сыналады және тексеріледі.

184. Жекелеген объектілер бойынша талаптарды орындау төтенше жағдайларда, егер осы талаптар жүргізіп сынау кезінде кедергі келтірмесе және кемеңіз жүзу қауіпсіздігіне және жүргізіп сынау процесіндегі борттағы адамдарға әсерін тигізбесе Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша кейінге қалдырылады.

185. Жүрісте сынау мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) басты қозғалтқыштардың және барлық энергетикалық қондырғылардың негізгі параметрлерін, сондай-ақ ерекшелік сипаттамасына сәйкестігін тексеру;

2) кемеңіз алдыңғы және артқы жүрісте маневрлеу кезіндегі энергетикалық қондырғының жұмысын тексеру;

3) басты қозғалтқыштардың реверсивті қасиетін тексеру;

4) басты қозғалтқыштардың және пайдалануға жақын барлық энергетикалық қондырғы шартындағы жұмыс қабілеттілігін тексеру;

5) маневрлік сипаттамасының және кемеңіз басқарылуын тексеру;

6) пайдалануға жақын шартындағы автоматтандыру құралдарын тексеру;

7) ревизияға ұсынылатын және кейіннен бақылау сынауға жататынды қоспағанда, объектілердің соңғы сынауын;

8) пайдалануға жақын, палубалық механизмдердің, құрылғылардың, аппараттардың, навигациялық, радио және электр жабдықтардың жұмыс қабілеттілігін тексеру;

9) "қозғалтқыш-білік жетек-жылжытқыш" жүйесінің айналдыру тербелісінің параметрлерін және корпусық конструкцияның діріл параметрлерін және техникалық құралдарын өлшеу;

10) жобамен көзделген кемеге оның міндетіне сәйкес Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбын тағайындау мүмкіндігін растау.

186. Жүрісте сынау басталғанға дейін ұйым Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) арқандап байлап сынаудың аяқталғандығын растайтын техникалық бақылау қызметінің құжаттары;
- 2) Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жүрісте сынау бағдарламасы;
- 3) Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген жүрісте сынаудың жоспар-кестесі;
- 4) сынау әдістемелері;
- 5) кемең орнықтылығы және суға батпайтындығы туралы ақпарат;
- 6) қисайту хаттамасы және тұрақтылық есебі (басты кеме үшін);
- 7) қажет болған жағдайда осы Қағиданың 160-тармағының 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттамаларды ұсынады.

187. Осы Қағиданың 165-тармағында көрсетілген құжаттарды Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынғаннан кейін, арқандап байлап сынауды аяқтаудың және байқалған ақауларды жоюдың, жүрісте сынауды бастаудың күнін ұйым Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне жазбаша түрде хабарлайды.

Өтінішінде кемелердің осы сынауға дайындығы расталады және жүрістік сынауға қатысушылар саны туралы, ұжымдық және жеке құтқару құралдарының және кемелік жабдықтаулардың бары туралы ақпарат келтіріледі.

188. Айтылған құжаттар және швартовты сынаудың оң нәтижесі болғанда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кемең жүрісте сынауға шығаруға дайындығын жазбаша түрде растайды.

189. Жүрісте сынаудың басталу күнін және уақытын Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімімен ұйым әкімшілігі анықтайды.

190. Жүрісте сынауды жүргізу ауданын және ауа-райы бойынша шектеуді осы Қағида және техникалық құжаттама талаптарымен көзделген шарттарға сәйкес Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келіседі.

Жүрісте сынауды жүргізуге болжаған орын қауіпсіз, сынау бағдарламасын толық түрде орындауға және сынаудың сенімді нәтижелерін алуды қамтамасыз етеді.

191. Осы Қағиданың 184-тармағындағы нұсқауларға қарамастан, жүрісте сынауда барлық техникалық құралдардың, құрылғылардың, жүйелердің және жабдықтардың жұмысына бақылау жүргізіледі. Байқалған ақаулар жойылады және қажет болған жағдайда қайта сынау жүргізіледі.

192. Сынау нәтижелерін техникалық құралдардың, құрылғылардың, жүйелердің және басқа да жабдықтардың қалыптасуының дұрыстығын бақылауға қажетті бақыланатын мәндерді көрсетіп ұйыммен әзірленген және Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісілген хаттамаға және журналға жазады.

193. Жүрісте сынаудың аяқталуы бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйымға байқалған ақауларды жою бойынша жазбаша айтылған ескертулер мен талаптарды береді.

194. Жүрісте сынаудың аяқталуы бойынша немесе жүрістегі режимде имитациялық әдістемені қолданып, кемеңі қозғалтпай сынауда, ескертулерді жою және Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің талаптарын орындау үшін осы Қағиданың 193-тармағына сәйкес ұйым Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жұмыс көлемін көрсете отырып ревизияға жататын объектінің тізбесін жасайды.

Тізбе арқандап байлау және жүрісте сынау, сондай-ақ біртектес объектілерді техникалық бақылау нәтижелерімен жасалады.

Ескерту. 194-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Ревизия процесі кезінде олардың техникалық жай-күйін және ревизиядан кейін бақылау сынау қажеттілігін анықтау үшін техникалық бақылау объектісінің жекелеген бөліктеріне бөлшектеу жүргізіледі.

196. Ревизия нәтижелері ұйымның техникалық бақылау қызметінің мыналарды қамтитын құжатымен ресімделеді:

- 1) ревизияға жататын техникалық бақылау объектісінің тізбесі;
- 2) байқалған ақауларды сипаттау;
- 3) ақаулардың пайда болу себептері;
- 4) ақауларды жою бойынша шаралар.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тек Кеме қатынасы тіркеліміне қатысты техникалық бақылау актісіне ғана қол қояды.

197. Бақылау шығуға дейін арқандап байлау және жүрісте сынау және ревизиялау процесіндегі барлық ақаулар жойылады.

Бақылау шығудың қажеттілігі Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісіледі

198. Бақылау шығуы мынадай жағдайларда талап етіледі:

1) техникалық бақылау объектісі ревизияға ұшыраса және оның бақылау сынауы бақылау шығусыз орындалмайтын болса;

2) техникалық бақылау объектісінің дұрыс қалыптасуын сипаттайтын параметрлер, тек бақылау шығуда ғана расталады;

3) арқандап байлау және жүрісте сынау және/немесе ревизия нәтижесі бойынша объектіні толықтай ауыстыру немесе жұмысқа қабілеттілігі тек бақылау шығумен расталатын жауапты бөліктерді ауыстыру талап етілсе;

4) талап етілген режимдерді имитация құралдарымен қол жеткізу мүмкін болмаса немесе осындай құралдардың жоқтығы.

199. Арқандап байлау және жүрісте сынаулардың, сондай-ақ бақылау шығудың оң нәтижелері жасалған кемеге Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын ресімдеуге негіз болып табылады.

200. Жасалған кемеге ресімделетін Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарының тізбесі Кеме қатынасы тіркелімінің Қағидаларында көзделген.

201. Тапсырыс берушіге кемемені теміржолмен немесе басқа көлік құралымен жіберген жағдайда жасауға техникалық бақылау жүргізген Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кемеге тіркеу нөмірін тағайындап, Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттар жиынтығын ресімдеп және кеме пайдаланылатын аудандағы Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің мекенжайына жіберіледі.

Алғашқы куәландыру актісінде есепке тіркеу үшін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен кемемені техникалық есепке қою үшін кезектен тыс куәландыруға ұсыну талабы жазылады.

Қызмет ауданына осындай кеме келіп түскен Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері, кемеге және оның элементтеріне жүрістегі режимде бақылау тексерумен кезектен тыс куәландыру жүргізіп, келесі куәландыру мерзімін белгілеп және техникалық есепке қояды.

202. Кемемені екі (бірнеше) кеме жасаушы ұйымдарда салған жағдайда, Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын кемемені жасауға дейін және сынауда техникалық бақылау жүргізген Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ресімдейді.

Кемемені жасаудың алғашқы кезеңінде техникалық бақылауды жүргізген Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері атқарылған жұмыс туралы актіні жасайды және оның материалдарға және кеме техникаларының, қозғалтқыштардың формулярларымен және басқа да объектілерге куәлігімен бірге кемемені жасаушы ұйымға жіберуді бақылайды.

Акті жүзуге жарамдылық туралы куәлікті және басқа да Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын толтыруға арналған мәліметтерді қамтиды.

203. Басты кемеге сынау жүргізу сериялық кемелермен салыстырғанда, кеңейтілген түрде сипаттамасын тексеру және осындай тексерусіз сериялық кемелерге қолданылуы мүмкін параметрлерді анықтауды қамтитын бағдарлама бойынша жүргізіледі.

204. Басты кемемені сынау бағдарламасына жалпы мыналар кіреді:

- 1) ІСЖКЖҚ 12 бөліміне сәйкес қисайту тәжірибесін жүргізу;
- 2) маневрлеу сапасын анықтау;
- 3) корпустық конструкцияның және кеме техникаларының жекелеген объектілерінің діріл параметрлерін өлшеу;
- 4) осы Қағиданың 206-тармағына сәйкес беріктілікті және толқында теңізде жүру сапасын тексеру;
- 5) "қозғалтқыш–біліктірек-жылжытқыш" жүйесінің айналдыру тербелісінің параметрлерін өлшеу;
- 6) пайдалануға ең жақын шарттағы жүрісте сынау;
- 7) сериялық кемелермен салыстырғанда кемеменің энергетикалық қондырғыларын ұлғайтылған көлемде сынау;
- 8) сериялық кемелермен салыстырғанда ұлғайтылған көлемде ревизия;

9) жүрісте сынау шартын сақтаумен бақылау шығуы.

Ескерту. 204-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Басты кемелерді, оның ішінде итеруші құрамдарды басқару және инерциялық сипаттама бөлігінде маневрлық сапасын анықтау мақсатында сынауды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген әдістеме бойынша жүргізеді.

206. Басты кемелер және жаңа конструктивтік типті құрамдар және ерекше басты өлшемдегі қатынасты кемелерді есепті жел толқынды режим жағдайында сынайды. Бұл ретте:

кеменің беріктілігін және арнайы әзірленген бағдарлама бойынша, кернеуді тікелей өлшеумен шынжырларды сынайды;

жел болғанда басқаруды тексереді;

айдау параметрлерін бағалайды;

кеменің жай-күйіне жалпы бақылау жүргізеді (құйылуы, айдау кезінде жылжитқыштың және кемелік жабдықтардың жұмысына).

Көрсетілген сынаулар арнайы бағдарламамен және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген уақытта жүргізіледі.

207. Басты кемелерде сондай-ақ осы Қағиданың тиісті бөлімінде айтылған сынаулар жүргізіледі.

208. Басты кемелерді сынауды аяқтағаннан кейін, қабылдау кемесі кемелердің келесі партиясына орындау үшін тиісті және ұсынылатын іс-шаралар тізбесін дайындайды. Бұл тізбе Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

209. Бұйымдардың және жабдықтардың басты үлгілерінің жаңа материалдарын қолданған кезде кемелердің міндетіне байланысты Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша пайдалану сынағын жүргізу көзделеді.

Пайдалану сынақтарының хаттамасы сынау аяқталғаннан кейін келісілген мерзімде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады.

210. Пайдалану сынағын жүргізу туралы шешім кемеге Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын ресімдеуге және беруге кедергі болмайды.

211. Имитациялық сынаулар жекелеген объектілердің кеме техникалары және жабдықтарына арналған сияқты, кеме жабдықтарының барлық жиынтығына да жүргізіледі.

212. Имитациялық сынауларды жүргізу мақсаттылығы мен әдістемесін кеме жасаушы ұйым, жобалаушы және тапсырыс беруші анықтайды.

Еріту орындарында имитациялық сынауларды жүргізу мүмкіндігі Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

213. Имитациялық құрылғылар, оларды нығайту әдістері және олардан туындайтын ықпал (діріл және басқалара) сыналатын объектіге немесе кеме конструкциясына кері әсерін тигізбеуі қажет.

214. Сынаулар әдісі және имитациялық құрылғылар стандарттар талаптарына және келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес келісіледі.

215. Алғаш рет ұсынылған немесе техникалық бақылау тәжірибесінде жеткіліксіз тексерілген, сондай-ақ осы тараудың талаптарына толық түрде жауап бермейтін имитациялық құрылғылар немесе сынаулар әдістері Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

216. Осы тарау кемелік техника, жабдықтар объектілерінің және басқа да бұйымдардың басты кемелерін және басты үлгілеріне (басты партиялары) қолданылмайды.

Имитациялық құрылғыларды қоя тұруды және салыстырмалы сынауларды сериялық сияқты басты кемелерге жүргізуге рұқсат етіледі.

217. Имитациялық сынауларды жүргізу кезінде сыналатын объектінің қажетті параметрлері тексеріледі.

Егер имитациялық сынаулар тек кейбір ғана параметрлерін анықтауға мүмкіндік берсе, қалғандары әдеттегідей сынау көмегі арқылы тексеріледі.

Имитациялық сынаулар нәтижесін өлшеу қателіктері әдеттегі сынаудан жоғары болмайды.

218. Имитациялық әдістерді қолданудың мүмкіндігін негіздеу мақсатында бір және сол кемеді, кейіннен олардың нәтижелерін талдаумен, кемең осы сериясы үшін имитациялық сынаулардың жұмыс бағдарламасын (әдістемелерін) әзірлеумен және келісумен салыстырмалы сынауларды орындайды.

219. Салыстырмалы сынауды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама (әдістеме) бойынша жүргізеді.

220. Салыстырмалы сынаулар бағдарламасына (әдістемесі) мыналар кіреді:

1) қабылданған имитациялық сынаулардың, имитациялы құрылғылардың схемалары (сызбалары) және олардың сыналатын объектілермен жалғаулары, полигондар схемалары, салыстырмалы сынаулар жүргізілуі қажет кемелердің саны туралы мәліметтердің теоретикалық негіздемелерін қосатын түсініктеме бөлімі;

2) монтаж сапасын тексеру бойынша нұсқаулар және арқандап байлау режимінде сынаулар жүргізуге арналған талаптар;

3) параметрлерді бақылау және өлшеу бойынша сондай-ақ бақыланатын параметрлердің сол немесе басқа мәндерін қамтамасыз ету бойынша нұсқауларды қоса имитациялық сынауларды жүргізу бойынша нұсқаулар;

4) салыстыру әдісі туралы және тәжірибелі имитациялы және табиғи сынаулар нәтижесінде алынған параметрлердің сәйкес келуі туралы талаптар туралы нұсқаулар.

221. Кемінде екі кемедегі салыстырмалы сынаулар нәтижесі бойынша, салыстыратын немесе салыстырылатын параметрлер мәндері, сынаулар нәтижесінің сәйкестігі туралы мәліметтер және кемең келесі серияларында имитациялық сынауларды жүргізу мүмкіндігі туралы қорытынды келтірілген Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген ұйымның құжаты ресімделеді.

222. Имитациялық сынаулар салыстырмалы сынаулар нәтижесі бойынша жасалған және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген әдістеме сәйкес жүргізіледі.

223. Имитациялық сынау бағдарламасына (әдістемесі) мыналар кіреді:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) сынауға ұсынылатын объектінің техникалық жай-күйіне қойылатын талаптар;
- 3) имитациялық құрылыстардың техникалық жай-күйіне немесе құрылыстарды немесе жабдықтарды қамтамасыз етуші басқа талаптар;
- 4) сынауға және оларды жүргізуге дайындық жүргізу бойынша, параметрлерді бақылау және өлшеуді қоса әдістемелік нұсқаулар. Сондай-ақ, имитациялық құрылыстар арқылы қол жеткізілген параметрлердің мәндері көрсетіледі;
- 5) имитациялық құрылыстар және полигондар схемалары;
- 6) бақылау салыстырмалы сынауларды жүргізу туралы нұсқаулар және олардың мерзімділігі.

224. Оларға ревизия жүргізгеннен кейін, бақылау шығу сипаттағы жұмыс режимін модульдеу арқылы, имитациялық әдістерді қолданып кемелік техникалық құрылыстарды және жабдықтарды сынауға рұқсат етіледі. Бұл ретте тексеру объектілерін жүрісте сынау кезінде қолданылған сол имитациялық әдістер пайдаланылады.

225. Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген мерзімде сенімділігін және имитациялық сынаулар нәтижесінің тұрақтылығын растау мақсатында имитациялық әдіспен сыналатын кемелерді сериялы жасауда немесе жасау нөмірімен (мысалы, 3-ші, 5-ші, 10-шы) бұрын тағайындалған кемелерде табиғи сынаудың толық бағдарламасын қолданып бақылау салыстырмалы сынау жүргізеді.

Салыстырмалы бақылау сынау мерзімділігі (жиілігі) техникалық бақылау объектісінің дайындау сапасының және монтаждаудың тұрақтылығы және табиғи және имитациялық сынаулар нәтижесінің сәйкестігі ескеріліп белгіленеді.

226. Кеме қатынасы тіркелімі қайта жабдықтауға, жаңғыртуға, жаңартуға және пайдаланудағы кемелерді жөндеуге техникалық бақылау жүргізуді жүзеге асырады.

227. Қайта жабдықтауға, жаңартуға және жаңғыртуға техникалық бақылау, техникалық құжаттамаға сәйкес шартты негізде жүзеге асырылады. Техникалық бақылау жүргізу туралы шарт Кеме қатынасы тіркелімімен жұмысты орындаушы–ұйыммен немесе кеме иесімен жасалады.

228. Жөндеуге техникалық құжаттаманы әзірлеу қажеттілігі, әрбір нақты жағдайда ауырлығы және жұмыс көлеміне, типіне және кеменің жарамдылық мерзіміне, оның жүзу ауданына байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен анықталады.

Құжаттама Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісуге жатады.

229. Кемені жоспарлы жөндеу, мерзімді куәландыру мерзіміне тураланады. Жөндеу мерзімі және мерзімді куәландыру күні сәйкес келмеген жағдайда, жөндеуге жататын кеме элементтеріне кезектен тыс куәландыру жүргізіледі.

Кезекті куәландыру уақыты бойынша сәйкес келмейтін, көлемі және ұзақтылығы үлкен жөндеу алдында кемені немесе оның элементтерін кезекті куәландыруға мерзімінен бұрын ұсынуға рұқсат етіледі.

230. Шартты негізде кемелерді жөндеуге техникалық бақылау жүргізу мыналарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) қайта қалпына келтіруге немесе кеменің жекелеген элементтерін ауыстыруға және өндіруге байланысты, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген құжаттамаға сәйкес көлемі және жұмыс ұзақтылығы бойынша үлкен;

2) кезекті немесе кезектен тыс куәландыру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен қойылған талаптардан тарайтын жөндеу жұмыстары, егер сапаның тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін және/немесе осы Қағида нұсқауларына сәйкес немесе басқа нормативтік–техникалық құжаттармен нақты жұмыс көлемін немесе технологиялық операцияларды аяқтағаннан кейін жөнделетін объектілерді бақылау тексеруге кезеңдік талап етілетін болса. Бақылау кезеңдеріне жалпы жағдайда негізгі және дәнекерлеу материалдарының сертификаттарын тексеруді, сондай-ақ жанадан кемелік техника объектілеріне орнатылатын, кеме элементтерінің ақаулық нәтижелерін қарауды және жөндеу көлемін келісу, дәнекерлеу тігістерінің сапасын тексеру, суға батпаушылыққа сынау, кемелік техникалық құралдарды гидравликалық сынау, агрегаттарды және білікжетектерді орталықтандыру бойынша технологиялық операцияларды бақылау жатады және шартты жасау кезінде ұсынылатын жөндеу жұмыс түрі және көлеміне байланысты анықталады. Жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауды кезектен тыс куәландыру кезінде немесе жыл сайынғы куәландыру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен орындалған жағдайда, жөндеу жұмысына техникалық бақылау туралы шартты жасау міндетті болып табылмайды.

231. Кемелерді жөндеуге техникалық бақылауды жүргізу кезінде мыналарға қатысты осы Қағиданың талаптарын басшылыққа алу қажет:

1) техникалық бақылау объектісінің номенклатурасын (осы Қағиданың 1-қосымшасы);

2) техникалық құжаттаманы келісу тәртібі (осы Қағиданың 3-бөлімі);

3) техникалық бақылау көлемі (тексеру және сынау сипаттамасы, соның ішінде арқандап байлау және жүрісте);

4) материалдарды және дәнекерлеуді қолдану;

5) құжаттама және таңбалауды.

232. Жөндеудің көлемі және әдісі кеме жасаушы ұйыммен немесе кеме иесімен анықталады және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісіледі.

233. Кеме элементтерінің ақаулығы осы Қағида талаптарын немесе осы жобадағы кеме үшін, техникалық жай-күйін анықтауға қатысты арнайы әзірленген нормативтер талаптарын ескере отырып кеме иесімен орындалады.

Нәтижелер Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген ақаулық актісі түрінде ресімделеді.

234. Кеме элементтерін жөндеу үшін жобалық құжаттама қажет болмаған жағдайда, кеме иесі ақаулық актісін қарау, жөндеу ведомостары және кеме жөндеу алдындағы кезекті немесе кезектен тыс куәландыру нәтижесі негізінде жөндеу жұмысының көлемін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келіседі.

Бұл ретте кеме қатынасы компаниясында қолданылатын кемелерді жөндеу туралы ережені Кеме қатынасының тіркелімі қызметкері ескереді.

Жөндеу жұмыстарының күрделілігіне байланысты Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен осы кеме жөндеу үшін немесе типтік ретінде Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген технологиялық процесті әзірлеуді немесе ұсынуды талап етеді.

235. Қайта жабдықтауға, жаңғыртуға, жаңартуға және жөндеуге техникалық бақылау жүргізу кезінде шығарылған жұмыстың көлемі және сапасын бақылап тексерудің нәтижесі, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің ескертулері мен талаптары осы Қағидамен көзделген құжат түрінде ресімделеді (бақылау тексерудің тізбесі, техникалық бақылау журналы, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерін шақыру туралы хабарлама, сынау актісі).

6-тарау. Корпусты салуды техникалық байқау

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

236. Осы бөлім металл, темірбетонды және пластмассадан жасалған кемелердің корпустарын жасауға, сондай-ақ корпустың жалпы иілімінде қатысатын олардың деңгейінен тәуелсіз кемелік қондырма және рубкаларға техникалық бақылауды жүзеге асыру бойынша нұсқаулықтарды қамтиды.

237. Корпустық конструкцияларды тексеру және сынаудың тәртібі және көлемі, технологиялық процестердің ерекшелігі, корпусты қалыптастыру әдісінің және қондырманың, дәнекерлеу тәсілдерінің осы кеме жасаушы ұйыммен қабылданған бақылау әдісі мен тәсілінің ерекшелігін есепке ала отырып, әзірленген осы Қағиданың 86-тармағына сәйкес Тізбемен айқындалады.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

238. Материалдарды дайындаудың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналар тексеріледі:

1) табақша, тілікше, профильді, сорттық, айналдыру, құбыр, құйылған және қапталған бұйымдардың сертификаттарының, дәнекерлеу материалдарының құжаттарының болуы (электродтар, дәнекерлеу талшықтары, флюстар);

2) материалға берілген сертификатта және басқа құжаттарда көрсетілген мәліметтердің осы Қағида талаптарына және куәландырылатын конструкцияға қолданылатын Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігін;

3) болат санатының, материал маркасының және сертификатпен берілген көрсетілген бөлшекке жүзу нөмірінің сәйкестігін. Егер бөлшекте жүзу нөмірі жоқ болса немесе шартты белгімен ауыстырылса, ұйымдағы тәртіппен қолданыстағы құжаттама бойынша анықталады;

4) материалдар маркаларының сызба талаптарына сәйкестігі.

239. Сыртқы қараумен тексеріледі:

1) техникалық бақылау объектісі конструкциясының сызбаларға және техникалық құжаттамаға сәйкестігі, біріктіру, жанасу және бөлшектерді, бөліктерді және басқа да элементтерді жалғау, механикалық өңдеудің және белгіленген конструкциялық талаптардың сапалы орындалуы;

2) техникалық бақылау объектісіне қатысты осы Қағида талаптарының орындалуы;

3) көрінетін ақаулықтардың болмауы және бұйым үлгісінен ауытқуы, уақытша монтаждық бөлшектерді және құралдарды жою сапасы;

4) дәнекерленген жалғаулар типінің және орындалған тігістің сызба және салыстыру кестесіне сәйкестігі, сыртқы ақаулардың болмауы.

240. Мынадай конструктивтік параметрлердің сызбадағы көрсетілгендерге сәйкестігін таңдап тексереді:

1) табақша материалдан жасалған бөлшектердің қалыңдығы;

2) дәнекерленген бөлшек және жазылған арқалықтардан, кництердің, қабырғалардың, іргетас элементтерінің, комингстердің, шельфтердің өлшемдері; белдемінің аралығының арақашықтығы;

4) дәнекерленген жалғаулардың арқалықтан, книц ұштарынан шегінуі;

5) дәнекерленген тігістерді тіркеп қою;

6) тіліктердің өлшемдері, олардың арасындағы арақашықтық, бөлшек және тіректің, домалақтану радиусы жиегінен оларда қашықта болуы;

7) арқалықтардың қисаюуы, мұқалу, дөңбектердегі саңылаулар;

8) әр түрлі қабырғалықтың мәні, байланыстардың және бөлшектердің араласуы;

9) байланыстардың тік сызықтылығы, олардың төсем және арқалықтарға қосылу бұрыштары;

10) технологиялық құжаттамада көрсетілген шекте рұқсат етілетін жергілікті деформация параметрлерінің мәндері (адырау, жапырылу, бүрме, жалпақ ен және басқа салынып жатқан дәнекерленетін деформациялар) (осы Қағиданың 14-қосымшасы);

11) дәнекерленген тігістердің конструктивтік элементтерінің өлшемдері (тігіс ені, күшейтудің үлгісі және биіктігі, тігіс катеті, ұзындығы және үзік тігістердің қадамы);

12) тойтарылған тігістердің конструктивтік элементтерінің өлшемдері (қайтару ені және сөре бұрышы, тойтарылған тігістің қадамы, тойтарылған қатарлар арасындағы және тойтарыс осінен табақша жиегіне дейінгі арақашықтық, тойтарыс элементтерінің өлшемі);

241. Дәнекерленген жұмыстың сапасын тексеру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ІСЖКЖҚ 2-бөлімінің талаптарын басшылыққа алады.

Ескерту. 241-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

242. Ұйымның дәнекерлеу өндірісін мерзімді тексеру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексереді:

1) дәнекерленетін материалдардың сапасы;

2) дәнекерлеу тәсілдері;

3) дәнекерлеушілердің және оператор-дефектоскоптардың біліктілігін;

4) жалғауларды жинауға және дәнекерлеуге дайындығы, дәнекерленген жалғаулардың және тігістердің алып жүру сапасы;

5) қолайсыз ауа райын қоса, технологияның сақталуы;

6) дәнекерлеу жалғауларын бақылау сапасының әдістері мен көлемі.

243. Техникалық бақылауды Тізбеге сәйкес жүзеге асыру кезінде, дәнекерлеу тігістері мынадай түрде ақаулары жоқтығына көз жеткізу қажет: тігістегі және тігіс зонасындағы сызаттар, қайнатылмаған кратерлер, металмен толтырылмаған бөліктер, шлақты, металды тігістердің ығысуы және тарылуы, тігіс, биіктігіне оксидті және флюсті қосу, жарық, саңылаулар, раковиналар, білікше, ойпат адырлы және қабыршық, тіліктер аралығындағы түсуі, тігістің негізгі металға, тігістің дұрыс емес үлгісіне қалқымай ауысуы.

244. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйым персоналдарымен бұзбау тәсілімен дәнекерленетін тігістердің сапасын бақылаудың орындалуын тексереді, егер жобада осындай бақылау көзделсе. Бұл ретте мыналарды тексеру қажет:

1) дәнекерленетін тігістерді бақылаудың келісілген схемасының болуы;

2) бақылаудың Кеме қатынасы тіркелімінің осы ұйымда қолдануға рұқсат етілген әдісіне сәйкес келуі;

3) дәнекерленетін тігістердің сыналған учаскелері санының және олардың орналасу орнының бақылау және қосымша және бақылау сынауын ескеріп Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен көрсетілген схемасына сәйкес келуі;

4) ұйым құжаттамасы бойынша сынаулар нәтижелері.

245. Іріктеп рентген және гамма түсірулерді, ультардыбысты бақылау құжаттарын тексереді, жекелеген жағдайда Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ақау сипатын анықтау үшін тігісті ашуды талап етеді.

246. Корпустың суға батпаушылығын сынауды осы Қағиданың 15-қосымшасына сәйкес әзірленген, Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бақылау схемасына сәйкес жүргізеді.

247. Суға батпаушылығын сынау кезінде мыналарды тексереді:

1) сынауға арналған үй-жайдың (бөліктің) дайындығын;

2) сынау жүргізу әдістері және шарттары;

3) сынауға конструкцияның және тігістердің толық қамтылғандығы;

4) жүйелілігін және технологиялық операциялардың орындалу әдісін және ұйыммен операциялық бақылаудың жүргізілуі;

5) суға батпаушылықты бақылау дұрыстығы;

б) ақау орындарын дұрыстау сапасы.

248. Корпустық бөлшектерді, бөлшектерді жинауды, секцияларды және блоктарды дайындау процесінде белгіленген технологиялық процеспен және стандарттармен операциялық және кезеңдік бақылауды жүзеге асыру қажет.

249. Дуалдар, кондукторлар және жапқыштар және жинауға дейінгі басқа жабдықтаулар, жиналатын түйіндердің, секциялардың және блоктардың габаритті өлшемдерінің рұқсат етілген қателіктері, олардың плаздан түсірілген сызбалармен және ординатаға сәйкес қалқып жиектелуін қамтамасыз ету үшін алдын ала тексеріледі.

250. Сериялық кемелердің корпустарын жасау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері дайындалған секцияларды және жекелеген бөлшектерді мүмкіндігінше мерзімдік қараумен шектеледі.

Мұндай жағдайда оларды тексеруді корпусты жасаудың келесі сатыларында жүргізеді: секция блоктарының бөлігінде, корпус бөлігінің еріту алдындағы ұстанымында немесе ерітудегі корпус құрамында.

251. Секцияларды жасауға техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналарды жүргізеді:

1) осы Қағиданың 217-тармағына сәйкес материалды бақылау;

2) секцияларды 218-тармаққа сәйкес, дәнекерлеген конструкция элементтерін осы Қағиданың 222-тармағына сәйке сыртқы қарау;

3) осы Қағиданың 219-тармағына сәйкес өлшемдерін тексеру;

4) осы Қағиданың 223-тармағына сәйкес дәнекерленетін тігістердің дефетоскопиясы

;

5) осы Қағиданың 225-226–тармақтарына сәйкес суға батпаушылықтың жүргізу шарттарын және сынау нәтижелерін тексеру.

252. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексергеннен кейін секцияларды және жекелеген түйіндерді дайын, ұйымның техникалық қызметімен қабылданған, блоктарды толықтай қалыптастыру орнына жіберу қажет, егер бұл Тізбемен көзделсе.

253. Блоктар тексеруге жинау-дәнекерлеу және тексеру жұмыстары және суға батпаушылықты сынау толықтай аяқталғаннан кейін Тізбеге сәйкес ұсынылады.

254. Блоктарды жасауға техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналарға көз жеткізіледі:

1) блоктарға кіретін секция монтажының сапасы корпус байланыстарының үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жалпы беріктілікті алдын ала анықтайтын корпусстың бойлық байланыстарын түйістіру, артынан мұқият тексеріледі;

2) ұрылған бөлшектер және түйіндер секцияаралық жалғаулардың сапалы монтажын қамтамасыз етеді;

3) секцияларды және ұрылған бөлшектерде және бөлшектерде өткізулер жеткілікті, жапсарлы дәнекерлеу тігістерін сапалы орындауға мүмкіндік беретін секцияаралық жалғаулар жерінде тіліктердің болуы;

4) сыртқы қаптама бойынша монтаждық жалғауларды дәнекерлеу алдымен ішкі жағынан, ал сосын, тігіс ұшын жойғаннан кейін – корпусстың сыртқы жағынан орындалған;

5) деформациялар параметрлері осы Қағидамен және стандарттармен рұқсат етілген мәндерден аспайды (осы Қағидаға 14-қосымша).

255. Секциялар және блоктар Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексергеннен кейін ұйымның техникалық бақылау қызметімен қабылданған және Тізбемен көзделген жағдайда стапельге толықтай дайын түрде беріледі.

Үлгілердің және өлшемдердің рұқсат етілген ауытқуы сызбаларға сәйкес келу қажет. Қажеттілікті және уақытша нығайтуды және бөлшектерді қондыру технологиясын, стапельді жинаудың тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында монтаждық жиектеу бойынша әдіп мәндерін кеме жасаушы ұйым анықтайды.

256. Кемені стапельді жинау процесі кезінде мыналар тексеріледі:

1) стапельдің базалық тармағына және бұрын орнатылған секциялар және блоктарға қатысты секциялар және блоктар қондырғысының дұрыстығы;

2) қаптама және жиын бойынша секцияларды жапсарлаудың және секцияаралық жалғаулардың дәнекерлеуге дайындығының дұрыстығын;

3) дәнекерлеу тігістерінің өлшемдерін және сапасын;

4) корпусстың дәнекерлеу деформацияларының мәндері, қондырма және деформацияны түзету сапасын (осы Қағиданың 14-қосымшасы).

257. Егер секциялар немесе блоктар оларды дайындау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен қаралған және тексерілген болса, тасымалдау және

монтаждау нәтижесінде зақымдануларына көз жеткізу жеткілікті. Әсіресе стапельде орындалған, монтаждық жалғаулар сапасы мұқият тексеріледі.

258. Жинау, дәнекерлеу, жапсыру және түзету, сондай-ақ корпустық конструкцияға тікелей жалғанатын барлық бөлшектердің қондырғысы бойынша жұмыстар толық аяқталғаннан кейін, қарауға және тексеруге корпус үй-жайын (оның ішінде сыйымдылықтар, цистерналар) Тізбеге сәйкес ұсынады. Тексерілетін үй-жайға жанасатын конструкциялар осы бөлмемен кемінде 1 м ұзындықта соңына дейін дәнекерленеді.

259. Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен үй-жайды қарау және тексергеннен кейін, жылу бөлігі, дәнекерлеу және жапсыруға қатысты жұмыстар Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша жүргізіледі.

260. Корпустық конструкцияда сызатты байқаған кезде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйымды хабардар етеді және конструкция жағдайын, оның ішінде және де бұрын тексерілгендерін мұқият тексереді.

Сызаттарды байқау және пайда болу себебін жоюға шаралар қабылдау қажет. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен көрсетілген ауданда корпус бойынша жұмыс тоқтатылады. Зақымдалған конструкциялар корпустан алынады немесе Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген технология бойынша сызаттарды толықтай жоюмен жөнделеді.

261. Бұзбай бақылау нәтижелерін талдау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері едәуір кернеуленген байланыстарға, дірілге душар болған аудандарға, сондай-ақ толықтай қайнатып дәнекерлеу көзделген түйіндік және таврлық тігістердің сапасына ерекше назар аударады.

Дәнекерленген тігістерді суға батпаушылығына тексеру, тұтастай келісілген схема бойынша корпусты суға батпаушылыққа сынаумен біріктіруге рұқсат етіледі. Корпусты сынауға дейін орындалған тігістерді суға батпауға сынау нәтижелерін тұтастай ұйымның құжаттамасы бойынша тексеру қажет.

262. Кеме корпусын стапельде жасау процесінде мерзімді тексеру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кернеудің шамадан тыс пайда болуын және корпустың деформациясын тудырмау үшін корпустың қалыптасу жүйелілігін тексереді және корпустың стапельде орналасуын тексеруді ұйымның орындауын және стапельді журналдың жүргізілуін бақылайды.

263. Кемені жасау кезінде техникалық бақылау процесінде тексеріледі:

1) кеме корпусын жасау үшін қолданатын материалдардың сапасын сертификат және зертханалық талдау нәтижесі бойынша;

2) арматуралық болатты дайындау сапасын, арматуралық каркастың және тордың дайындалу дұрыстығын, қондырғы және арматуралардың салынатын бөлшектермен және қорғау қабатының төсемдерімен нығайтылуын;

3) бетон компоненттерін дозалаудың дұрыстығы, бетон қоспаларын дайындаудың, оны салудың және діріл тығыздалуының сапасын;

4) температураны және ылғалдылық режимін, бетонды қатайту мерзімін, сондай-ақ секцияны матрицадан шығару алдында беріктілігін сақтау;

5) секциялардың оларды матрицадан шығаруы және паспорттарын немесе секциялар журналын ресімдеуден кейін жобалық талаптарға сәйкестігін;

б) стапельді оны ниверлеуге және белгілеуге дайындығын;

7) стапельде секцияларды орнату, монтаждау, дәнекерлеу және арматуралық жапсарларды тазарту, салынатын бөлшектерді және монтаждық жапсарларда қорғау қабатының төсемдерін орнату, секциялардың жиектерін бетондауға дайындау дұрыстығы;

8) монтаждық жапсарларды бетондаудың дұрыстығы, бетон сапасы, температураның және оны қаттылау кезінде ылғал режимінің сақталуын;

9) стапельді орыннан қозғау алдында корпус элементтерінің жобаға сәйкестігі. Сонымен бірге корпусты сыртынан және ішінен қарайды және барлық элементтерінің өлшемдерін тексереді. Кемені қозғауға дейін монтаждық жапсар бетондардың беріктілігін тексереді.

264. Темірбетонды корпусты монолитті тәсілмен жасау кезінде ерекше назарды қалыпты орнатудың және қорғау қабаты қалыңдығының дұрыстығына, бетонның пісіп жетілуі және қалыптан шығару кезінде қажетті температуралық-ылғалды режимді жасауға аударады.

Бетондаудағы маңызды үзіліс кезінде бұрын салынған бетонның үстіңгі бетінің дайындығын тексереді.

265. Темірбетонды кеменің корпусын сынауды бақылауға стандарттар талабына сәйкес әзірленген сынау схемасы бойынша жүргізеді.

266. Кемені жасауға техникалық бақылау процесінде тексереді:

1) қолдану алдында материалдардың зертханалық талдау нәтижелерін. Негізгі көрсеткіштер стандарттарға немесе осы материалдардың техникалық шарттарына сәйкес болу қажет;

2) жабдықтаудың жұмыс бетінің сапасы;

3) жабдықтаулардың жұмыс сызбаларына және палазалық жиектеуге сәйкестігі;

267. Корпустық конструкцияларды өңдеуге дайындау кезінде мыналарды бағалайды

:

1) дайындау сапасы және бөлгіш құрамдарды келтіру;

2) байланыстырушыны дайындау сапасы және арматуралаушы материалдарды ашудың дұрыстығы.

268. Корпустық конструкцияны өңдеу процесінде тексереді:

1) шыны маталарды салудың дұрыстығы, негіздердің бағыты және қабаттардың сапасы, жапсарланатын ендер арасындағы саңылаулар;

- 2) сiңiрудiң бiркелкiлiгi және арматуралаушы материалдарды тығыздау;
- 3) бөтен жақтан қосулардың болмауы;
- 4) физика-механикалық сынаулар үшiн технологиялық өткiзулердiң болуы.

269. Корпустық конструкцияны өндегеннен кейiн стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес олардың ұстамдылық уақытын бақылайды.

270. Дайын түйiндердi және секцияларды қарау кезiнде мыналардың жоқтығына көз жеткiзу қажет:

- 1) секция өлшемдерiнiң сыздаба көрсетiлгеннен мүмкiн емес ауытқуы;
- 2) сыртқы және iшкi ақаулар;
- 3) берiлген қалындықтан, тiксiзiктықтан және әр түрлi дуалдықтан мүмкiн емес ауытқу.

271. Секцияларды, корпус блоктарын және қондырмаларды дайындау процесiнде ұйым ауаның температурасын және қатысты ылғалдылық нәтижесiн журналға жазумен тексередi.

272. Кеме қатынасы тiркелiмiнiң қызметкерi нақты жағдайға қолданылатын материалдарды сақтау бойынша нұсқаулықтың орындалуын мерзiмдi тексередi.

273. Кеме қатынасы тiркелiмiнiң қызметкерi, осы Қағиданың талаптарына сәйкес бұзу әдiсiмен анықталған корпус конструкциясы материалының физика-механикалық қасиетiн тексередi (құрғақ үлгiдегi зертханалық сынау бойынша).

274. Шыныпластикадан жасалған кеме корпустарын жасау кезiнде қолданылған материалдарды қолданып жөндеу керек.

Корпустарды жөндеу технологиясы стандарттар талабына сәйкес әзiрленедi және Кеме қатынасы тiркелiмiмен келiсiледi.

275. Кеменiң өрт қауiпсiздiгiн қамтамасыз етушi материалдар мен конструкцияларды дайындауға техникалық бақылау келiсiм бойынша Кеме қатынасы тiркелiмiнiң қызметкерiмен немесе дайындаушы-ұйымның өкiлiмен жүзеге асырылады.

276. Жасалып жатқан өртке қарсы конструкцияларды дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асыру кезiнде Кеме қатынасы тiркелiмiнiң қызметкерi мыналарды тексередi:

- 1) материалдар сертификаттары;
- 2) оқшаулау қалыңдығы және әуе саңылауларының өлшемі, оқшаулаудың металл негiзге нығайту сапасы, өртке қарсы аралықтардың және палубаларды өндеу кезiнде оқшаулау материалдарын салу технологиясының сақталуы;
- 3) электротрас өтетiн құбыр түйiндерi және өртке қарсы жабулардан өтетiн желдеткiш каналдар;
- 4) өртке қауiптi үй-жайлардың жабдықтары (шамды, сырлау, камбуздар, кинофильмдердi көрсетуге арналған үй-жайлар);
- 5) сұйық отынды және жағу материалдарын сақтайтын жабдықтар;
- 6) кеменiң мiндетiне байланысты арнайы талаптардың орындалуы.

277. Өртке қарсы есіктердің және басқа да жабуларды дайындауды техникалық бақылау процесінде тексеріледі:

- 1) жабудың жұмысқа қабілеттілігі және тығыздығы;
- 2) бір адамның күшінен олардың ашылуы және жабылуы;
- 3) өздігінен жабылатын есіктердің жабылатын конструкцияның жергілікті және қашықтықтағы постылардан (олар болған кезде) басқару кезіндегі жұмысын;
- 4) желдеткіш каналдардың, түтіндік құбырлар айналасындағы айналма кеңістік, машиналық, қазандық және сорғы бөлімдердің жарықтық люктердің жабылуы.

278. Ішкі оқшаулауға қолданылатын материалдардың және жабдықтардың сапасын, құжаттама және сыртқы қарау әдісімен келісілген жобалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді.

279. Дәлізге, шығуға, есіктерге және траптарға қатысты техникалық бақылау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сызбалар мен осы Қағида талаптарына сәйкестігін тексереді:

- 1) құтқару шлюпкалары және салдарға отырғызу жеріне адамдарды тез эвакуациялауға арналған өтулерді;
- 2) есіктердің типі мен өлшемін;
- 3) есіктің ашылу бағытын;
- 4) дәліздердегі тұйықтардың ұзындығы;
- 5) көрермен залынан, тұрғын және қызмет үй-жайларынан шығу ені;
- 6) жолаушылар мен экипаждардың тұрғын үй-жайлары ауданындағы магистральды дәліздердің ені;
- 7) көлбеулі траптардың ені және аудандардың өлшемі.

280. Жабуларға монтаждауды аяқтағаннан кейін мыналарды тексеру қажет:

- 1) құрылғылар конструкциясының және жабулардың сызбаларға сәйкестігін;
- 2) тығыздалған төсемдердің кертпек жиектеріне жанасуы;
- 3) олардың ашылуы, жабылуы, қозғалу және оралуының жеңілдігі және кедергісіздігі;
- 4) комингстер биіктігінің сызбаларға және Қағида талаптарына сәйкестігі;
- 5) жабуды корпуспен, қондырмамен және рубкалармен жалғау жеріндегі дәнекерленген тігістердің сапасы;
- 6) шыныларға арналған алмалы қалқандардың нығайтылуы;
- 7) суға батпаушылығын сынаудың нәтижелері.

281. Леерлік қоршауларды, фальшбортты және өтпелі көпірлерді дайындауға техникалық бақылау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексеру керек:

- 1) фальшбортты және өтпелі көпірлерді дәнекерлеп жалғау сапасы;
- 2) леерлік қоршаудың палубадан төменгі леерге дейінгі арақашықтығының және басқа леерлермен арақашықтығының Қағида талаптарына сәйкестігі;

3) фальшборттардың және леерлік қоршаулар биіктігінің Қағида талаптарына сәйкестігі.

282. Қанатты құрылғы монтажын аяқтағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

1) бұрыштардың қанаттар шабуылы жобасына сәйкестігі;

2) қанатты құрылғыны корпусқа бекіту;

3) бұрандалардың өздігінен бұралып кетуін болдырмайтын, сенімді берік құралдардың болуы.

283. СВП икемді қоршауын монтаждауды аяқтағаннан кейін тексеру қажет:

1) икемді қоршауды орнату және нығайту;

2) бұрандалардың өздігінен бұралып кетуін болдырмайтын, сенімді берік құралдардың болуы.

284. Кеме дайындығының жасау технологиясы Кеме қатынасы тіркелімімен келісілгенмен белгіленген деңгейге жеткен кезде кеме суға түсіріледі.

285. Түсіруге рұқсаттаманы ресімдегенге дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері ұйымның құжаттарын және Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылау процесі кезінде ресімделген және кезеңдік бақылау және сынауды жүргізуді растайтын құжаттарын тексереді:

1) корпус конструкциясын;

2) корпус конструкциясының суға батпаушылығы;

3) дәнекерленген тігістерді;

4) құрылғыларды басқаратын дейдвудты құбырларды, еспелі біліктерді және бұрандаларды, рульдерді, қондырмаларды және қаптауларды орнату, егер осы жұмыстарды жүзуде орындау көзделсе;

5) донно-борттық арматуралар;

6) навигациялық аппараттың корпусқа нығайту жерінің су өткізбеушілігі;

7) СПК қанатты құрылғыларының және СВП икемді қоршауларының монтажы және нығайтылуы;

8) басқарушы құрылғының монтажы;

9) ішкі түп төсенішінде және цистерналарда қылталарды жабудың, су өткізбейтін аралықтарда саңылауларды жабуды орнату және сенімділігі;

10) корпустағы технологиялық саңылауларды бітеу;

11) жүк маркасын және тереңдету маркасын салу;

12) басты өлшемдерін және өлшем кестесін қосымшалаумен корпус үлгісін;

13) корпусстың су асты бөлігіне лакты сырлы жабуларды жағудың толықтығы және сапасы.

286. Осы Қағиданың 264-тармағында көзделген тексерудің оң нәтижесінде, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері хабарламада және хаттамада кемеңі суға түсіруге дайындығы туралы жазып кемеңі іске қосуға рұқсаттаманы ресімдейді.

287. Кемені суға түсіргеннен кейін ұйымның техникалық бақылау қызметімен барлық саңылаулары қаралады. Қарау нәтижесі бойынша Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылатын акті ресімделеді.

288. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кеменің су асты бөлігін докта немесе слипте қарауға ұсынуды талап етеді, егер:

- 1) іске қосу кезінде корпустың су асты бөлігі зақымдалған болса;
- 2) корпустың су асты бөлігінде, ағу байқалса;
- 3) ақаулар байқалса немесе іске қосу кезінде, жасауға дейін немесе кемені сынау кезінде пайда болған, су асты бөлігінде рұқсат етілмеген ақаулардан қорқуға негіз болса.

Жекелеген негізделген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің немесе Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша корпустың су асты бөлігінде док кезінде сүңгуірдің қарауымен ауыстырылады.

289. Жабулар, сырлау және цементтеу схемасын таңдау, оларды ішкі жүзудегі кемелерге салудың сапасы технологиялық құжаттамадағы нұсқауларды орындауды қоса, жобалаушы және кеме жасаушы ұйыммен жүзеге асырылады.

290. Аралас жүзу кемелерінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері кеменің су асты бөлігін, жүк үй-жайларын және құрғақ жүкті және мұнай құятын кемелердің балластық цистерналарын сырлау бойынша жұмыстарға техникалық бақылауды жүзеге асырады.

Бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қолданылатын лак және бояу материалдарының Кеме қатынасы тіркелімімен сырлау ведомосына сәйкестігін, лак және бояу материалдарына сертификаттардың болуын және оларды корпус конструкцияларына жағу технологиясының сақталуын тексереді.

7-тарау. Механизмдерді дайындау, монтаждау және сынау процесінде техникалық байқау

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

291. Осы бөліммен Кеме қатынасы тіркелімінің актісін ресімдеу кезінде техникалық бақылау объектісінің жеке тобына айтылған шартты механизмдермен біріктірілген кемелік техникалық құралдарды дайындау, монтаждау және сынау процесінде техникалық бақылау жүргізу бойынша қатынастар регламенттеледі.

Механизм құрамына кіреді: басты және қосымша қозғалтқыштар, редукторлар, реверсивті-редукторлы берілістер, бөлгіш және басқа да бөлгіштер, білік өткізгіштер, жылжитқыштар, компрессорлар, сорғылар, желдеткіштер, сеператорлар, палубалық механизмдер, техникалық флот кемелерінің жұмыс құрылғыларының механизмдері.

292. Механизмдерді тексеру және сынаудың тәртібі мен көлемі ұйыммен Номенклатура негізінде әзірленген Тізбеге және ұйымда қабылданған және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген дайындау, жинау, монтаждау, бақылау әдістері мен тәсілдері процестің технологиялық ерекшеліктерін ескере отырып осы Қағида талаптарына сәйкес анықталады.

293. Шыңдау мен құйманы, жабдықтарды және бұйымдарды жинақтаушы, механизмдерді және оның бөлшектерін дайындауға ұмтылушы жинақтауға арналғандарды қоса, барлық материалдарға, бұйым және технология Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келетінін растайтын сертификаттар немесе құжаттар ұсынылады. Белгіленген жағдайларда бөлшектерде немесе бұйымдарда таңба қойылу қажет.

294. Бөлшектерді дайындау және оларды монтаждау кезіндегі процеске техникалық бақылауға, жұмыс құжаттамасында және механизмді монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетілген барлық бақылау нүктелеріндегі және кималарындағы өлшемдер кіреді.

Сызықтық, бұрыштық өлшемдер, монтаждық саңылаулар, үлгіден ауытқу, кедір-бұдырлық параметрлер, қаттылықтар өлшенеді, сондай-ақ материалдың микроқұрылымы зерттеледі.

295. Құюдың, шыңдауды және дәнекерленген конструкциялардың жоғарғы бет ақауларын жөндеу кезінде, Кеме қатынасы тіркелімімен және ІСЖКЖҚ 2 бөлімінің нұсқаулығымен келісілген техникалық құжаттама талаптарын басшылыққа алады.

Бөлшектердің және бұйымдардың ақауларын жөндеу кезінде егер осы Қағида талаптарымен және техникалық құжаттамамен айтылған болса, бақылаудың бұзбай әдісімен тексеруіне жатады.

Ескерту. 295-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 590 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

296. Механизмдерді дайындауға техникалық бақылау кезінде:

1) құжат бойынша материалдың және термиялық өңдеудің сапасын, жинақтаушы жабдықтардың болуын, зауыттық таңбалар және нөмірлеу жүйесін тексеру;

2) бұйымдарға гидравликалық және әуе сынақтарын жүргізуді бақылау;

3) іріктеп сыртқы қарауын жүргізу және өңдеу сапасы өлшемдерінің жұмыс сызбаларына сәйкестігін, технологияның сақталуын және технологиялық құжаттамамен талап етілген дефектоскоп әдісін қолдануды тексеру;

4) дайындалған бөлшектердің, түйіндердің және техникалық бақылау объектілерінің техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келетініне толық көз жеткізу

297. Қағида талаптарына және стандарттар талаптарына сәйкес гидравликалық сынауға ұшырайтын бұйымдар, оны жүргізу сәтінде термиялық және механикалық

өңделеді. Гидравликалық сынақ кезінде қысым мәні осы Қағидаға және стандарттарға сәйкес қабылданады.

Бұйымды гидравликалық сынау кезінде қалдық деформациялар, булану және сұйықтықтарды ағызуға рұқсат етілмейді.

298. Гидравликалық сынау нәтижелері, мыналар көрсетілетін сынау журналына енгізіледі:

- 1) бұйымның атауы;
- 2) өндірістік нөмір;
- 3) сызба нөмірі;
- 4) жұмыс қысымының мәні;
- 5) сыналатын гидравликалық қысым мәні;
- 6) сынау нәтижелері және рұқсат етілген ақауларды жөндеу туралы мәлімет;
- 7) сынау күні.

Айтылған мәліметтердің дұрыстығы ұйымның техникалық бақылау қызметі өкілінің қолымен расталады.

299. Сынаудан өткен бөлшектердің көрінетін жерінде бөлшектің нөмірі, дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметінің таңбасы соғылады, ал қажет болған жағдайда – жұмыс және сыналатын қысым мәні. Гидравликалық сынаудан кейін, бұйымның сақтандырғыш клапандары осы Қағидаға сәйкес реттеледі, ауамен байқалған және ұйымның техникалық бақылау қызметінің персоналымен пломбыланады.

300. Осы Қағиданың 270-тармағында көрсетілген механизмдерді жөндеуге техникалық бақылау, мамандандырылған ұйымда Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жөндеудің техникалық құжаттамасы болған жағдайда Номенклатураға сәйкес жүзеге асырылады.

301. Жөндеу кезінде ауыстырылатын бөлшектер және аспалы агрегаттар, механизмдерді дайындау кезіндегідей сынауға ұшырайды.

302. Жөндеуден кейін механизмдер, жаңа механизмдерді жасағаннан кейін жүргізілетін сынау түрімен сыналады.

Механизмдердің негізгі элементтерін жаңғырту кезінде сынау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген, кеңейтілген бағдарлама-әдістеме бойынша жүргізіледі.

303. Тексеру және сынаудың оң нәтижесінде Кеме қатынасы тіркелімі бұйымдарға осы Қағидамен көзделген құжаттарды береді.

304. Іштен жану қозғалтқышының бөлшектерін және түйіндерін дайындауға техникалық бақылау кезінде, олардың техникалық құжаттаманың мыналарға қатыстыларына сәйкес келетініне көз жеткізеді:

1) конструкцияларға, материалдарға, химия-термиялық өңдеуге, беткі механикалық және физико-химиялық қасиетіне;

2) өлшемдеріне, үлгілеріне, қарсыласудың орналасуы және базалық бетінің кедір-бұдырлығына;

3) дәнекерленетін, бұрандалы және басқа да жалғаулар сапасына; жалғайтын бөлшектердің белгіленуі және бекітілуі;

4) антифрикционды және тозуға қарсы және басқа да жабындардың біркелкілігі және беріктілігі;

5) ақаулардың болуы, олардың сипаты және жою тәсілі;

6) құйма және қапталған бөлшектер, дәнекерленген тігістер дефектоскопиясы;

7) гидравликалық сынаулар;

8) технологиялық базалардың, құйылудың және саңылаулардың, ақырғы өңдеуге әдіптің болуы;

9) тиісті берілістердің және тісті берілістердегі іліністердің байланыс ауданы;

10) иінді білкітерді статистикалық және динамикалық теңдестіру.

305. Қозғалтқышты дуалда жинауға, ұйымның техникалық бақылау қызметімен ақырғы қабылданған және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексергеннен кейін түйіндерге және бөлшектерге рұқсат етіледі.

306. Қозғалтқышты жинау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді :

1) конструкторлық құжаттамамен анықталған жағдайдағы іргетас рамасын орнату;

2) рамалық мойынтіректердің біліктес төсеніштері;

3) рамалық мойынтіректердің жапсырмаларын төсеніш және тіректік-сүйеніш мойынтірек бойынша қалыптастыру;

4) иінді біліктің түпкі мойындарының мойынтірекке, білік сызығына, түпкі мойындардың соғысына және иінді біліктің раскептеріне жанасуын тексерумен иінді білікті салу;

5) цилиндрлер блоктарын монтаждау және бекіту, қарсыласу үстін қалыптастыру;

6) бұрандалы жалғауларды тартып байлауды күшейту;

7) анкерлі байланысты тартқаннан және маховиктерді орнатқаннан кейінгі раскептер;

8) газ бөлгіштерді, бөлгіш біліктерді және аспалы агрегаттар жетектерін монтаждау және орталықтандыру;

9) цилиндрлі поршеньді топ бөлшектерінің монтажы;

10) құрамдағы цилиндрлі қақпақшаларды жинақтау;

11) ауа-айдағыштарды монтаждау және орталықтандыру;

12) қозғалтқыш жүйесін жинақтау;

13) бөлшектерді тоқтату.

307. Жинауды, орауды және реттеуді аяқтағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша қозғалтқыштарға дуалдық сынау жүргізеді.

308. Дуалдық сынау жүргізу кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды ескере отырып осы Қағиданың 39-тарауындағы нұсқауларды басшылыққа алады;

1) тіркелген қадам бұрандасының жұмысы үшін арналған басты қозғалтқыштарды бұранда сипаттамасы бойынша сынайды;

2) генераторларды, компрессорларды және жетектеуге арналған қозғалтқыштарды, жүктеме сипаты бойынша сынайды;

3) "қозғалтқыш-беріліс-жылжытқыш" жиынтығында жаңа конструктивтік шешімдер болған жағдайда, сынау жүргізу тәртібі Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

4) қозғалтқыштарды дуалда барлық штаттық құралдармен, аппараттармен және автоматты басқару құрылғыларымен, апатты-сақтандырғыш сигнал берумен және қорғаумен сынайды;

5) дуалда сынаудың ұзақтылығын осы Қағиданың 10-қосымшасына сәйкес белгілейді, сонымен бірге жүктеме бойынша жұмыс істеуші қозғалтқыштарды, номиналды айналу жиілігі кезінде 1-6 күштің өзгеру режимінде сынайды;

6) қозғалтқышты режимге шығаруға дейін басқару жүйесін, реттеуді, апатты-сақтандырғыш қорғауды және сигнал беруді, блоктауды және адыратуды, қозғалтқыштың іске қосу-реверсивті сипаттамасын, реттегіш жұмысын тексереді;

7) автоматтандырылған басқару жүйесін сынауды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жеке бағдарлама-әдістеме бойынша жүргізеді;

8) қозғалтқыштың жұмысы бағдарлама-әдістемемен көзделген барлық режимде тексеріледі, сонымен бірге техникалық шарттармен және сынаудың бағдарлама-әдістемесімен көзделген жұмыс процесінің және көрсеткіштердің параметрлері тіркеледі;

9) параметрлерді өлшеуді қозғалтқыш белгіленген режимге шыққаннан кейін кемінде екі рет орындайды.

309. Дуалдық сынаудан кейін жинау бірліктерін және қозғалтқыш бөлшектерін оларды мұқият қараумен ревизия, ал қажет болған жағдайда белгіленген сынаудың бағдарлама-әдістемесімен көлемін өлшеумен жүргізеді. Сонымен бірге тексеруге жатады:

1) цилиндрлер қақпағы;

2) поршендер, шатундар және шатунды болттар;

3) цилиндрлік төлкелер;

4) иінді білік;

5) иінді біліктің мойынтіректері және жоғарғы шатунды мойын;

6) таратқыш білік;

7) газ бөлгіш және аспалы агрегаттардың жетегі.

310. Қозғалтқышты ревизиялау және жинағаннан кейін, қажетті параметрлерін тексерумен сынау жүргізіледі.

Бақылау сынауларында Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен пайдалануда тексереді:

- 1) іске қосу құрылғыларын;
- 2) реверсивті құрылғылар;
- 3) авариялық-сақтандырғыш сигнал беру және қорғау жүйесін, сақтандырғыш құрылғыларды;
- 4) автоматтандырылған басқару жүйесін;
- 5) айналу жиілігін реттеу жүйесі.

Басқа сынауларда Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуы міндетті емес.

311. Осы Қағиданың 289-тармағына сәйкес тексерудің қанағаттанарлық емес нәтижесінде, оларды осы жүйенің жұмыс қабілеттілігіне әсер ететін, ақауларды жойғаннан кейін толық көлемде тексереді.

312. Әрбір дайындалған қозғалтқышқа дайындаушы-ұйым мынадай ілеспе құжаттарын жинақтайды:

- 1) техникалық формуляр;
- 2) техникалық шарттармен жазылған көлемде қозғалтқыштың түйіндік және жинау сызбаларының жиынтығы;
- 3) ұйым-контрагентпен жеткізілетін, аспалы агрегаттардың формулярлары;
- 4) техникалық паспорт және қозғалтқыш түйіндері және арнайы құрал-саймандар толықтай жазылуымен пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулық;
- 5) қор бөлшектерінің ведомосі;
- 6) бақылау-өлшегіш құралдарға паспорттар;
- 7) қозғалтқышты жинаудан кейін қабылдау туралы ұйымның актісі;
- 8) қозғалтқыштың (тексерілетін) дуалды сынау хаттамасы;
- 9) сынаудан кейін қозғалтқыштың ревизиясы туралы ұйымның актісі;

313. Формулярды тексергеннен кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қозғалтқыштың фирмалық көрсеткішіне Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасын қояды және белгіленген нысанда Кеме қатынасы тіркелімінің сертификатын береді.

Фирмалық көрсеткішке енгізілген мәліметтер стандарт нұсқауларына сәйкес болуы қажет.

314. Білікті дайындауға техникалық бақылау жүргізу кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

- 1) материал сапасының техникалық құжаттама, термиялық өңдеу режимі және дефектоскопия нәтижесі талаптарына сәйкес келуі;
- 2) кедір-бұдырлығы, өлшемдері және жұмыс бетінің үлгісі;

3) біліктердің радиальды соғуы, фланц жазықтығының және еспелі тірек біліктердің тік соғуы, сыртқы және ішкі беттің немесе қуыс біліктердің әр түрлі қабырғалығының шоғырлануы;

4) қима үлгісі және кертiк ойықты бөлу, білік және конус осiне қатысты кертiк ойықтың орналасуы;

5) жинауды және біліктердi, тартуларды және саңылауларды жалғау кезiнде жалғауларда біліктесті сақтау;

6) сызбамен отырғызу көзделгендi сақтау үшін жеткілікті рұқсаттамасы бар, қаптаманың отырғызу астындағы беті.

315. Ақырғы өңделген біліктер сыртқы қарауға жатады. Бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері:

1) жоғарғы ақаулардың параметрлері сызбаның техникалық талаптарында көрсетілген нормадан аспайтындығына;

2) біліктердің мойнында соғулар, сызаттар, қатерлер, қалаулардың жоқтығына;

3) біліктегі бұrandаның таза, қылаусыз, және үзілген жіпсіз екендігіне;

4) ойындар қалқып орындалған, кертiктерде үшкір жиектер және қылаулардың жоқ болуы.

Тексерудің, дефектоскопияның және өлшеудің оң нәтижелері кезінде білікке Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы қойылады, егер бұл Номенклатурамен көзделген болса (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

316. Дайындау процесінде және қаптамаларды соңғы рет өндегеннен кейін мыналар тексеріледі:

1) материалдар қасиетінің техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі;

2) дефектоскопия нәтижелері;

3) ақаудың болмауына қаптаманың сыртқы жоғарғы бетін;

4) қаптаманы білікке отырғызу кезінде кепілденген тартуды қамтамасыз ететін өлшемдер;

5) қаптаманың тығыздығына немесе білікке орнатуға дейін дәнекерленген шеңберін тығыздыққа гидравликалық сынау нәтижелері.

317. Қаптаманы білікке орнатқаннан және ақырғы өндеуден кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексереді:

1) жоғарғы ақаулардың жоқтығына қаптаманың сыртқы бетін;

2) өлшемдер, үлгі, кедір-бұдырлығы және жұмыс бетінің радиальды соғуы;

3) 0,2 МПа қысыммен тығыздыққа ауамен немесе маймен сынау нәтижесі бойынша және/немесе түрлі-түсті дефектоскоп әдістемесін қолданып білікке дәнекерленген қаптаманың дәнекерленген тігістерін;

4) қаптама ұштарының тығыздығы.

318. Біліктердің гидро оқшауын ағулардың, желдің, әуе қосылуларының жоқтығына тексереді.

319. Ақырғы дайындалған муфтылар, жалғастырушы болттар, тіреуші және тіректік мойынтіректер, дейдвудты құрылғылар, тығыздықтар және майлағыштар оларды орнына қойғанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен қаралады. Фланцевті жартылай муфтыларды сыртынан және қырлық бетінен ақырғы бақылау оларды білікке орнатқаннан кейін орындалады.

320. Басты қозғалтқыштардың берілістерінің және қарым қатынасты муфтыларының бөлшектерін және бөліктерін дайындауға техникалық бақылау кезінде мыналарға көз жеткізеді:

1) біліктердің өңделген мойындары, отырғызу беттері, тістердің, тісті темірлердің тілік параметрлері, тығыздаулар мен жалғаулар астындағы беті, кертікті ойықтар, бұрандалар, профильден ауытқу, радиальды соғулар, білік осіне қырлы бетінің перпендикулярлығы, қырынан соғуы, химия-термиялық өңдеу, қорғау жабындары Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама талаптарына жауап беруі;

2) жауапты бөлшектер дефектоскопияға салынуы;

3) жалғаулардағы орнату талап етілген тартумен (саңылаумен) орындалғандығы;

4) ақырғы жиналған және өңделген тісті доңғалақтар, шестерналар, муфталы және жартылай муфталы біліктер құрамда статистикалық немесе динамикалық теңдестіруге ұшырағандығы.

321. Ақырғы өңделген корпустар бөлшектерінің редукторлары және муфтыларын бақылау кезінде дәнекерлеу жұмыстарын аяқтаған және термоөңдеу жүргізгеннен кейін , тексереді:

1) дәнекерленген тігістер, оның ішінде дефетоскопия әдістемесін қолданумен;

2) корпустың жеке бөліктеріндегі іргетастардың және фланцтік жалғаулардың өңделген жоғарғы тіректерін;

3) мойынтірек және тығыздау астындағы төсеніштерді қашау;

4) әрбір біліктің мойынтірек астындағы төсеніштерді жонудың біліктестігі;

5) корпустың жекелеген бөлігі редукторды және муфтыны жалғау сапасы және сенімділігі;

6) іліністегі біліктердің осьтерінің өзара орналасуы.

Корпус редукторын су өткізбеушілікке сынауға, ал гидромуфтының корпусын – гидравликалық сынауға душар ету керек.

322. Редукторлар мен муфтыны жинау кезінде:

1) мойынтіректерді төсеніш, біліктердің штатты мойындары немесе фальш біліктері бойынша, мойынтіректің тіректік және тіреуішіндегі саңылауларын қалыптастыру;

2) ортааралық арақашықтық және білік осьтерінің өзара орналасуы;

3) тісті іліністегі тістердің байланысы және саңылаулары;

4) муфт монтажының, аспалы агрегаттардың және редукторге қызмет етуші жүйенің сапасы;

5) жетекті қозғалтқышпен және жүктеме құрылғысымен редукторды орталықтандыру;

б) муфтының жетекші және көрінетін бөлігіндегі монтаж сапасы.

323. Жинауды, орауды және реттеуді аяқтағаннан кейін берілістерге және ажыратқыш муфтыларға Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша стенділік сынақ жүргізеді.

Бұл ретте Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды ескере отырып осы Қағиданың 37-тармағындағы талаптарын басшылыққа алады:

1) берілістерді және муфтыларды сынауды, штаттық алғашқы қозғалтқышпен жүргізу;

2) қабырғалық алғашқы қозғалтқышпен сынау жүргізу кезінде жұмыс режимі беріліс немесе штатты қозғалтқышымен муфтының жұмысына сәйкес болуы тиіс;

3) уақыт және жүктеме бойынша сынау режимдерін штаттық алғашқы қозғалтқышқа ұсынылатын талапты ескеріп тағайындайды.

324. Сынауларды аяқтағаннан кейін, сынаудың бағдарлама-әдістемемен белгіленген көлемде берілістер және муфтылары ревизияға жатады.

Ревизия көлемі Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша өзгертіледі.

325. Ревизиядан кейін Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің қатысуымен, мыналарды тексеретін бақылау сынау жүргізіледі:

1) беріліс конструкциясымен көзделген реверстеу;

2) берілістерді алғашқы қозғалтқыш немесе жүктемеден ажырату;

3) авариялық–сақтандырғыш сигнал беру жүйесін және сақтандырғыш құрылғыны;

4) автоматтандырылған басқару жүйесін;

5) ең кіші тұрақтылықтан номиналға дейінгі диапазонында алғашқы қозғалтқыштың айналу жиілігі өзгеруінің бірқалыптылығы.

326. Жылжытқыштарды және оның бөлшектерін дайындауға техникалық бақылау кезінде:

1) конструкция параметрлерінің және өлшемдерінің Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігі;

2) жылжытқыштарды және жинақтаушы бөлшектерін дайындауға баратын шыңдау және құйма (ұсынылған құжаттама бойынша) материалдарының дайындау сапасы;

3) технологиялық құжаттамаға сәйкес орындалған дефектоскопия нәтижелері;

4) ақаулық кезінде байқалған жоғарғы және ішкі ақаулардың рұқсат етілуі;

5) алмалы қалақшаларымен бұрандаларда штаттық және қор қалақшалары арасындағы көлемде өзара қарым қатынастылық және айырмашылығы;

б) еспелі бұрандалардың және суатқыш жылжытқыштардың роторларын механикалық өңдеу кейін және ақырғы жинау түрінде статистикалық және/немесе динамикалық теңдестіру нәтижелері.

327. Тексерудің оң нәтижесінде жылжытқышқа Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері таңбасы қойылады және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сертификат береді немесе жылжытқыш паспортына қолын қояды.

328. Арнайы конструкциялардың (қанатты, бағаналар, еспелі доңғалақтар) жылжытқыштарының бөлшектеріне техникалық бақылау жасау көлемі, сондай-ақ дайындау кезінде тексеру және сынаудың түрі, мерзімділігі Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауындағы нәрсе болып табылады.

329. Компрессорлардың, сорғылардың, желдеткіштердің және сепараторлардың бөлшектерін және түйіндерін дайындауға техникалық бақылау кезінде, олардың Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама талаптарына жауап беретініне көз жеткізеді.

Бұл ретте осы объектіні техникалық бақылауға қолданылатын осы Қағиданың 275-тармағындағы ережелерді басшылыққа алады.

330. Техникалық бақылау объектісін жинау және монтаждау кезінде мыналарға көз жеткізіледі:

1) біліктердің төсеніш және білік мойындары бойынша келтірілген мойынтіректерде жатқызылғандығына;

2) жұмыс органдары және корпус аралығында мойынтіректегі, тығыздаулардағы талап етілген саңылаулардың сақталғандығына;

3) білік алғашқы жылжытқышпен орталықтандырылған;

4) тісті іліністердегі талап етілген байланыс қамтамасыз етілген.

5) сақтандырғыш құрылғылар және қауіпсіздік құрылғылары реттелген.

331. Жинау, тегістеу және реттеуден кейін, қарастырылып жатқан бұйымдарға, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша стендік сынау жүргізіледі.

332. Стенділік сынау кезінде объектілердің жұмыс қабілеттілігі тексеріледі және техникалық құжаттамада көзделген барлық параметрлері тіркеледі, сондай-ақ пайдалануда:

1) автоматика құралдарын;

2) сақтандырғыш құрылғыларды тексереді.

333. Сынауды аяқтағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген бағдарлама-әдістемеге сәйкес көлемде объектіге ревизия жүргізіледі.

334. Сынау және ревизия кезінде байқалған барлық ақаулар жойылады, онан кейін қажетті параметрлерді тексерумен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен бақылау сынау жүргізіледі.

Әрбір нақты жағдайда сынау көлемі ревизия және ақаулар сипатынан тәуелді және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісуге жатады.

335. Сақтандырғыш құрылғылар осы Қағидаға сәйкес іс-қимылда тексеріледі және ұйымның техникалық бақылау қызметінің персоналдарымен пломбыланады.

336. Құбырлардың әрбір партиясы сертификатпен жабдыкталады. Құбырларға сертификаттың болмауы немесе құбырлардың осы сертификатқа сәйкестігіне күмән туған жағдайда құбырды осы Қағида және стандарт талаптарына сәйкес сынау қажет.

337. Құбырлардың арматуралары Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама бойынша дайындалады және осы Қағида мен стандарттар талаптарына сәйкес болады.

338. Құбырлардың арматураларын дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексереді:

- 1) материалдың техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі;
- 2) жұмыс және тығыздалған беттерін өңдеу және сүрту сапасы;
- 3) арматурада, серіппеде, ендірмеде, мембранда қолданылатын сипаттардың ТШ сәйкестігі;
- 4) гидравликалық сынаулар нәтижесі;
- 5) арматура жетектерінің жергілікті және қашықтықтан қалыптасуының дұрыстығы;
- 6) реттеуші, сақтандырушы, өлшеуші арматурларды және автоматты қолданыстағы клапандарды. Бұл ретте айтылған арматуралар, техникалық құжаттамамен көзделген жұмыс сипатын растау үшін, стендіде іс-қимылда тексеруге жатады.

339. Арматуралардың жаңа типтерінің тәжірибелі және басты үлгілері сондай-ақ, діріл шартында жұмыс ұзақтығында тексеріледі, температуралардың шекті мәндері және қысымдарын арматуралардың міндетін анықтайтын басқа арнайы режимдерде тексереді (отқа төзімділігі, жанатын бу қоспалардың тұтанбауы, судың кенеттен түсуін болдырмау, гидравликалық соққы кезінде сенімділігі, гидравликалық қарсыласы).

340. Құбырларды және арматураларды гидравликалық сынау нәтижелері сынау қысымын, құбырға берілген сертификат нөмірін және дәнекерленген тігістерге сынау жүргізу туралы мәліметті көрсетіп журналға немесе оны ауыстыратын құжатқа енгізіледі.

341. Жүргізілген гидравликалық сынау туралы ұйымның техникалық бақылау қызметінің таңбасы құбыр немесе корпусның фланцтарының бірінің бүйір жағына қойылады.

342. Өшіргіштерді және газ-өткізу жүйесінің ұшқын өшіргіштерін және қазандықтардың түтін құбырларын Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша сынады.

343. Дайындау, домалату, реттеу және бұйымды (механизмді) қабылдағаннан кейін дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметі осы бұйымға Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша стенділік сынау жүргізеді.

344. Бұйымды сынау басталғанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады:

- 1) стендінің сынауға дайындығы туралы ұйымның құжаты;
- 2) жабдықтың схемасы, КИП орналастыру және стенд паспорты;

3) стендінің немесе штаттық құралдардың бақылау - өлшегіш құралдарын тексеру және бағалау туралы құжаттар;

4) бақылаушы параметрлер бойынша нәтижелерді ұсынумен зауыттық сынау жүргізгендігі туралы ұйымның техникалық бақылау қызметінің құжаттары;

5) бұйымды дайындауға және жеткізуге, сондай-ақ жинақтаушы жабдықтардың оны сынауға жататын бұйыммен стендіге орнатқан жағдайда техникалық құжаттамасы;

6) сызбалардың, бөлшектерді өлшеу нәтижелерінің және монтажды өлшеулердің жазбасы және нұсқаулығы;

7) бұйымға толтырылған формуляр (паспорт);

8) сынаудың бағдарлама-әдістемесі.

345. Бұзылу салдарынан сынау режимдер үздіксіздігінің бұзылуы, сыналып жатқан бұйымды (механизмді) мәжбүрлі тоқтату кезінде 15 минуттан артық емес ұзақтылыққа бір рет рұқсат етіледі. Ақаулықты жойғаннан кейін бұйым мәжбүрлі тоқтату болған режимнен бастап қайтадан сыналады.

Механизмді қайта тоқтату немесе бөлшектерді ауыстыру кезінде ұзақтылығы 15 минуттан артық тоқтаған жағдайда сынау болған жоқ деп саналады. Егер олар кездейсоқ болса, олар талдау және бұйымның үздіксіз жұмысына кедергі келтіруші барлық себептерді жойғаннан кейін қайтадан басталады.

346. Стенділік сынауларды жүргізгеннен кейін, сынаудың бағдарлама-әдістемесімен белгіленген көлемде бұйымдардың түйіндері мен бөлшектеріне ревизия жүргізіледі. Ревизия көлемі сынаулар нәтижесі және ревизия кезінде анықталған ақау сипатына байланысты Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен өзгертіледі.

347. Ревизиядан кейін бақылап сынау бұйымды тексерудің қорытынды кезеңі болып табылады. Бақылау сынауларында Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуы міндетті.

Бақылау сынау жоспарланған пайдалануға жақын номинальды жүктеме режимінде немесе жүктеме режимінде жүргізіледі.

Бақылау сынау кезінде алынған техникалық параметрлер бұйым формулярына (паспортына) енгізіледі.

348. Бақылау сынаудың оң нәтижесі Кеме қатынасы тіркелімінің құжатын беру үшін негіз болып табылады.

349. Кемеде механизмдерді монтаждауды бастағанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері машиналық үй-жайдың жабдықтарына, басқару постарына, өту құрылғыларына, шығу жолдары және траптарға, кемелік техникалық құралдарды қызмет етуге және жөндеуге, қазандықтарға, құбырларға, арматураларға осы Қағида талаптарының орындалғандығын тексереді.

350. Кемеде монтаж басталғанға дейін механизмдер сыртқы қарауға, ал қажет болған жағдайда бөлшектеуге ұшырайды.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сонымен бірге тексереді:

ілеспе құжаттардың, таңбалау және белгінің болуы және дұрыс толтырылуының техникалық бақылау үлгісіне сәйкестігі;

механизмнің стенділік жинауының сақталуы және жеткізудің жиынтығы;

іргетастардың, оларды орнатудың, тіректік беттердің орналасуы және дайындығының келісілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі.

351. Басты қозғалтқыштарды, кемелік берілістердің және білік өткізгіш бөлшектерін орнату және монтаждау, барлық корпусық жұмыстарды және машина-қазандық бөлімше ауданындағы бөліктерді және донн аралық цистерналарды және білік өткізгіш сызығын, іргетастарды дайындау бойынша жұмыстарды қоса алғанда су өткізбеушілікке сынауларды аяқтағаннан кейін жүргізеді.

352. Бөлшектенген түрдегі басты қозғалтқышты кемеді монтаждау кезінде, іргетас дайындығынан және іргетас рамасының монтажынан бастап қозғалтқышты дайындаушы-ұйымның нұсқаулығын басшылыққа алып, тексеру және осы Қағиданың 38-тармағының талаптарына сәйкес техникалық бақылау жүргізеді.

353. Механизмдерді монтаждау олардың типі және конструкциясына байланысты және бұйымды дайындаушы-ұйымның ұсыныстарын ескере отырып, келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

354. Беріліс және муфтіні монтаждауға техникалық бақылау жүргізу кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

1) беріліс корпустарының кемелік іргетастарға бекітілуінің сенімділігі;

2) біліктерде берілісте айналу сәтіне қатысушы түйіндер мен бөлшектер монтажының сапасы.

355. Басты қозғалтқыштардан әрекетте жүргізілетін объектілерді монтаждауға және сынауға техникалық бақылау, басты қозғалтқыштарды монтаждауға және сынауға техникалық бақылаумен жүргізіледі.

356. Монтаждық жұмыс аяқталғаннан кейін монтаж сапасын және оның Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жұмыс сызбасына сәйкестігін тексеру үшін механизмдерді қарау жүргізіледі.

357. Дейдвудты құрылғыларды және білік өткізгіштерді кемеді монтаждау, басты қозғалтқыштар және білік өткізгіштердің мойынтірегі астындағы іргетас бойынша, білік өткізгіш және машиналық бөлімшенің ауданында орналасқан саңылауларды және цистерналарды сынау, білік өткізгіштің теоретикалық осін анықтау бойынша жұмыстарды қоса корпусық жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

358. Дейдвудты құрылғыларды және білік өткізгіштерді монтаждауға дейін шоғырланған жүктер, корпусың деформациясына әкеліп соғуы мүмкін ауырлық күштері, өздерінің штатты орындарында орнатылуы және нығайтылуы қажет, ал білік өткізгіш және машиналық бөлімше ауданында орналасқан корпусың орналасуын өзгерту, оның жұмыс басында тіркеген орналасуынан ± 3 мм асады.

359. Дейдвудты құрылғыны монтаждау кезінде тексеріледі:

- 1) білік өткізгіштің теоретикалық осінің тесу сапасы;
- 2) өлшемдер, үлгілердің және отырғызылатын белбеулердің кедір-бұдырлығының және кронштейннің тік бетінен ауытқуы, мортирді, ахтерпикті аралықтарды, дейдвудты құбырлар және мойынтіректердің төлкелерінің белдіктерін отырғызуды;
- 3) отырғызылатын жанасатын беттің сызба талаптарына сәйкестігі;
- 4) бөлшектерді престеу бойынша күшейту, оларды бекіту және тоқтату сенімділігі.

Монтаждан кейін ішкі диаметрлерге бақылап өлшеу және мойынтіректерге дейдвудты қарау жүргізіледі.

Егер дейдвудты құбыр корпусты су өткізбеушілікке сынағаннан кейін орнатылса, онда бұл сынау корпустың тиісті тесігіне қолданумен қайта жүргізіледі.

360. Білік өткізгішті монтаждау алдында Кеме қатынасы тіркелімі мыналарды қызметкері тексереді:

- 1) іргетастарды мойынтірек астында орнатуды және олардың тіректік беттерін өңдеуді – жазықтықтан, кедір-бұдырлықтан ауытқуын, іргетастардың тіректік табақшаларының қалыңдығын;
- 2) сыртынан қарау жолымен еспелі білікті және оның құжаттарын;
- 3) еспелі бұранданы және жартылай муфтыны еспелі білікке қалыптастыру сапасы;
- 4) еспелі білік және мойынтіректер мойынын өлшеу нәтижелері бойынша, дейдвудты және кронштейнді мойынтіректердегі саңылаулар.

361. Еспелі білікті орнатқаннан кейін тексереді:

- 1) мойынтіректегі саңылаулар;
- 2) осьтік бағыттағы дейдвудты құрылғыдағы еспелі біліктің орналасуы;
- 3) дейдвудты майлағыштарды орнатудың немесе басқа дейдвудты құрылғыларды тығыздау және майлағыш толтырғышты салу сапасы.

362. Жылжытқышты монтаждау алдында бақылайды:

- 1) құжаттардың, таңбаның болуы;
- 2) жоғарғы беткі ақаулардың болмауы (сыртынан қарау жолымен);
- 3) отырғызылатын жоғарғы күпшік саңылауының сапасы, күпшіктің конусты саңылауын білік бойынша қалыптастыруды;
- 4) шпонкілерді шпонды жалғауларға қалыптастыру.

363. Еспелі бұранданы немесе су атқыш жылжытқыштардың роторларын монтаждау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

- 1) білікке қатысты еспелі бұранданың осьтік орын ауыстыруы;
- 2) жалғаулардағы престеу және тарту күштері;
- 3) гайка орағышының күпшікке жанасу және оны тоқтату сенімділігінің бірқалыптылығы және тығыздығы;
- 4) тарту күшін және алмалы қалақшалардың нығайту бөлшектерін тоқтатуды;
- 5) қондырма және бұранда қалақшалары арасындағы немесе суатқыш жылжытқыштың ағын бөлігіндегі саңылаулар;

364. Білік өткізгішті монтаждау және центрлеу алдында тексереді:

- 1) біліктердің мойнының диаметрін және мойынтіректердегі саңылауларды анықтау үшін бақылап өлшеу нәтижесі бойынша мойынтірек жапсарларының ішкі қырнағыштарын;
- 2) біліктердегі айналу мойынтірегі монтажының сапасы;
- 3) мойынтіректердегі біліктерді салуды және мойынтіректерді іргетасқа орнату;
- 4) бақылау таңбасы бойынша оларды цехта жалғау кезінде біліктердің бір-біріне қатысты өзара орналасуы;
- 5) тіреуіш болттардың және іргетастардағы және мойынтіректердегі саңылаулардың өңделуін.

365. Білік өткізгішті центрлеу Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша кез келген жалпы қабылданған тәсілмен жүргізіледі және осындай үлгімен, кемені тиеудің кез келген нұсқасында және біліктер мен мойынтіректердің рұқсат етілген тозуларында мойынтіректе біліктердегі кернеулер мен жүктемелерді пайдалану кезінде рұқсат етілген мәннен аспауы керек.

366. Фланцтық жалғау болтының астындағы саңылауларды жалғанатын біліктердің екі фланцы үшін, нақты өлшемі бойынша бірге өңдейді, сонымен бірге болттар мен гайканың басының жоғарғы фланцке жанасу тығыздығын тексереді.

367. Білік өткізгішті монтаждау кезінде және барлық жалғаулар, бекітулер құрамасын аяқтағаннан кейін тексеріледі:

- 1) мойынтіректердегі біліктердің күйін және тіректік жапсарларды білік мойындарына жанасуын;
- 2) еспелі және сегменттік арасындағы тіректік мойынтіректегі саңылаулар, тіректік бұрттар және білік өткізгіштердің ойындары немесе мойынтірек жапсарларының бүйір жағы арасындағы саңылаулар;
- 3) мойынтіректер корпусының тірек қалақшаларының астындағы астарды қалыптастыру;
- 4) іргетастардағы және мойынтіректердегі бекітетін болттардың саңылауын өңдеу;
- 5) бекіту сенімділігі және болттарды тоқтату;
- 6) басты қозғалтқыштың иінді білігінің оны білік өткізгішке жалғағаннан кейінгі раскептері.

368. Білік өткізгішті центрлеудің ақырғы бақылауы кемені бос су ығысуынан 85% кем емес су ығысуы кезінде төсемді мойынтірекке ақтаудан кейін жүргізіледі.

Білікөткізгіш сызықтарын центрлеу сапасы мойынтірек сырғанауында, арнайы құралмен немесе есепті кесте көмегімен анықталатын мойынтірекке нақты жүктеме бойынша бағаланады. Бағалау сондай-ақ, мойынтірекке рұқсат етілген жүктемеге байланысты жақын формула көмегімен анықталатын білік осьтерінің сынықтары мен ығысуларының рұқсат етілген мәні бойынша жүргізіледі.

Центрлеу параметрлерінің (білік осьтерінің сынықтары және ығысулар) өлшеу нәтижелері, осы параметрлердің есепті және рұқсат етілген мәндері келтірілетін кестеге жазылады және Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынылады.

369. Білік өткізгіш құрылғының, тахометр қалқанының, білік өткізгіш тежегішінің, қуат құрылғысын таңдау монтаждау, жинау және бақылау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

370. Басты қозғалтқыштың иінді білігінің центрлеу параметрлерін білік өткізгішпен және редуктормен өлшеу білік өткізгішті центрлеумен бір мезгілде немесе онан кейін жүргізіледі. Өлшенген параметрлер мәні стандарттарда немесе дайындаушы-ұйыммен әзірленген тізбектелген объектілерді монтаждаудың техникалық шарттарында көрсетілгенге сәйкес келуі қажет. Иінді біліктің рамасының тіксызықтығы және раскептерінің рұқсат етілген ауытқулары, қозғалтқышты дайындаушы-ұйыммен белгіленген нормаға сәйкес келуі қажет.

371. Қозғалтқыштың және электрогенератордың иінді білігін олардың қатты жалғауларында центрлеу (электрлі жылжитын кемелердегі басты агрегаттардың) генераторды дайындаушы-ұйымның техникалық шарттарында көрсетілген рұқсат етілген шекте орындалады.

Еспелі электр қозғалтқыш зәкірінің білігін және тіректік білікті центрлеу, еспелі электр қозғалтқышты дайындаушы-ұйыммен белгіленген рұқсат етілген шекте орындалады.

372. Компрессорларға, сорғыларға, желдеткіштерге және сеператорларға техникалық бақылау бұйым типіне, міндетіне және конструкциясына байланысты келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

373. Жүйелер және құбырлар монтажына техникалық бақылау оларды принципіальды схемаға сәйкестігін және жұмыс құжаттамасының талаптарын орындалуын тексерумен қорытындыланады.

Сонымен бірге Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

1) жинақтылығы және жүйелер элементтерінің техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі;

2) антикоррозиялық жабындар жабылған жүйелер элементтерін тазалау және өңдеу сапасы;

3) арматуралардың, құбырлардың, кемеге дейін орнатқанға дейінгі аппараттардың гидравликалық сынау жүргізу дерегі және нәтижелері;

4) құбырларды, арматураларды, бақылап-өлшегіш құралдарды және автоматика құралдарын орналастыру және орнату дұрыстығы, құбыр иілуінің радиусы көрсетілген сызбаға сәйкестігі;

5) жинау, дәнекерлеу және корпустық конструкцияларды су өткізбеушілікке сынауды аяқтау, оның ішінде тойдырылған дәнекерленген бөлшектерді орнатудан кейінгі;

6) донно-борттық арматураларды, протекторлы қорғаудың элементтерін орнату сенімділігі және дұрыстығы;

7) штатты төсемдерді, тіреулерді орнатуды, құбырларды, компрессорларды нығайту сенімділігі;

8) құбырларды және арматураларды техникалық қызмет көрсету және жөндеу ыңғайлығы және қауіпсіздігі;

9) кеңістікті үрлеу және түсіруге арналған құрылғының болуы, сұйықтық тұрып қалатын зонаның болмауы, гидравликалық соққының пайда болу мүмкіндігінің болмауы, құбырлар еңісінің болуы;

10) оқшаулаудың, бүркеніштің, қоршаулардың, механикалық зақымдардан қорғаулардың болуы;

11) арматурада айыра алатын жұқа тақтайшалардың, құбырларды айыра алатын бояулардың, жапқыш органдардың күйін көрсеткіштің болуы;

12) жергілікті және дистанционды жетектердің әрекеті, оларға еркін кіруді қамтамасыз ету;

13) қабылдағыш қосалқылардың және құю тесіктерінің орналасуы және конструкциясы;

14) тесіктердің су алып кетуінің, жарылыс өртке қауіпті және улы газдың және қызметтік және тұрғын бөлмелерге кіріп кетпеуі бойынша алдын алу іс-шараларының қауіпсіздігі.

Монтажды аяқтағаннан кейін, жүйелерге егер осы ауыстырулар осы Қағидамен көзделсе беріктілік және кемеде тығыздығына гидравликалық сынау немесе әуе сынағын жүргізеді.

374. Жөнделген жүйелер және құбырлар тығыздығына гидравликалық сынауды ұйымның техникалық бақылау қызметінің персоналдары жүргізеді.

Басты бу құбырларын, қоректік құбырларды, жоғарғы және төменгі үрлеу құбырларын, ауа өткізгішті және тез бұзылатын жүктерді тасымалдаушы кемелердің тоңазытқыш қондырғыларының жүйесін гидравликалық сынау Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

375. Швартовты сынаудың мақсаты, монтаж сапасы және механизмдерді және жүйелерді реттеу, олардың параметрлерінің және ерекшелік сипаттамасының сәйкестігі және кемеңің жүрістік сынауға дайындығын анықтау болып табылады.

376. Механизмдер арқандап байлап сынауына монтаждық жұмыстарды, монтаж сапасын тексеруді, жинауды, реттеуді, орауды және жүйелермен және құрылғылармен бірге тікелей мақсаты бойынша жұмысқа дайындығын толық аяқтағаннан кейін жүргізіледі.

377. Механизмдерді және жүйелердің тікелей мақсаты бойынша әрекетте арқандап байлау сынауды тек штаттық жабдықтармен режимде және көлемде Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістемемен көзделген сынау бойынша жүргізіледі.

378. Арқандап байлау сынауларды бастар алдында дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметімен монтажда, механизмдер мен жүйелерді орау және реттеуге байланысты барлық жұмыстары аяқталады және қабылданады.

Арқандап байлау сынау кезіндегі техникалық бақылау бойынша жалпы ережелер осы Қағиданың 138-143-тармақтарында айтылған.

379. Арқандап байлау сынау процесінде қолдық, қашықтықтан және автоматты басқару, блоктау құралдарының, апатты-сақтандырғыш қорғау және сигнал беру, машина-қазандық бөлімшелеріндегі арасындағы байланыс құралдарының, жүрістік көпірлер мен басқару постыларының жұмыстарын тексереді.

380. Арқандап байлау сынау жүргізу кезінде сынаудың бағдарлама-әдістемесімен көзделген параметрлердің барлық мәндері тіркеледі. Өлшеу кестелері және сынау нәтижелерін ұсыну үлгісі дайындаушы- ұйыммен немесе жобалаушымен әзірленеді.

381. Механизмдерді оларды әрекетте тексеру кезіндегі жұмыста мәжбүрлі үзіліс болған жағдайда, режимді жалғастыру туралы шешімді, оның ұзақтығын ұлғайтуды және қайталауды Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша тоқтату тудырған себепті ескере отырып қабылданады.

382. Қозғалтқыштарды сынау кезінде мыналарды тексереді:

1) қозғалтқыштарға қызмет көрсететін агрегаттардың және жүйелердің жұмысқа дайындығы;

2) қозғалтқыштардың осы Қағидаға сәйкес іске қосу және реверсивті сапалары, ауа сақтағыш көлемнің немесе аккумуляторлық батареяның сыйымдылығының жеткіліктілігі;

3) айналу жиілігін автоматты реттеу жүйесін және шекті сөндіргіштердің әрекетін;

4) техникалық шарттарға сәйкес қозғалтқыштардың параметрлері.

383. Жүктемелер режимі мен басты және қосымша қозғалтқыштар арқандап байлап сынау кезінде осы Қағиданың 17-қосымшасында көрсетілгенге сәйкес болуы қажет.

384. Параметрлерді өлшеуді қозғалтқыштың белгіленген жылу күйінде әрбір режимде барлық ауыспалы процестерді аяқтағаннан кейін жүргізеді.

385. Білік өткізгіштерді, берілістерді және муфтыларды олардың жұмыс істеуі кезінде басты қозғалтқыштармен бірге сынайды.

Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексереді:

1) тіректік және тіреуіш мойынтіректердің температурасы;

2) дейдвудты құрылғыда, мойынтірек бірлістерінде және муфтыларында тарсылдың болмауы;

3) қозғалтқыштардың, мойынтіректердің және іргетастардың дірілін;

4) дейдвудты құрылғыларды тығыздаудың тиімділігі;

5) дейдвудты құбырға судың берілуін.

386. Сорғылар, желдеткіштер, компрессорлар және сеператорларды құрамына олар кіретін құрылғылар және жүйелермен бірге сынайды.

Сонымен бірге тексереді:

- 1) жергілікті, қашықтықтан, авариялық және қосалқы постылардан басқару мүмкіндігі;
- 2) автоматтандыру, сигнал беру және қорғау құралдарының қалыптасу дұрыстығы, жетектерді реттеу мүмкіндігі;
- 3) техникалық шарттарға сәйкес объектілердің ерекшелік параметрлері;
- 4) сақтандырғыш, өткізуші, қарым қатынасты және тежегіш құрылғылардың қозғалу тиімділігі;
- 5) жалғаулардың және құбырлардың тығыздығы;
- 6) қолдық жетектердің тұтқасындағы күштер.

387. Сығылған ауа жүйесін оны күтуші компрессорлармен сынау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

- 1) сақтандырғыш, редуционды және іске қосқыш тез жабылатын клапандардың әрекеті және манометрлердің көрсеткіші;
- 2) көзделген жұмыс қысымына дейінгі ауа сақтағыштарды қысылған ауамен толтыру ұзақтылығы;
- 3) уақытылы компрессорларды автоматты қосылуы және өшірілуі, автоматты үрлеудің оларды іске қосқан кезде ұзақтылығы;
- 4) тифонға және оның жұмысына ауа шығындары;
- 5) электр жабдықтардың жай-күйі мен жұмысы және компрессор жұмысы туралы рульді рубкадағы сигнал беруді;
- 6) ауа сақтағышқа келетін, ауа температурасы.

388. Отын жүйесін сынау кезінде тексереді:

- 1) тапсырылған режимде жылу айдағыш сорғылардың тұрақты жұмысы және қашықтықтан ажырату мүмкіндігі;
- 2) шығыс цистерналарын толтыру ұзақтылығы;
- 3) сигнал берудің цистернадағы ең кіші рұқсат етілген отын деңгейінде іске қосылуы;
- 4) электр жабдықтың техникалық жай-күйі және жұмысқа қабілеттілігі;
- 5) шығыс цистерналарының және негізігі қор цистерналарын, сондай-ақ құю құбырлары клапандарын қашықтықтан жабу құрылғысының жұмыс істеуінің дұрыстығы;
- 6) қозғалтқыштарды ауыр отыннан дизельді отынға және кері ауыстыру кезінде жұмысының тұрақтылығын;
- 7) ауыр отынды дайындау жүйесін қалыптастыру дұрыстығы (сеператорлар, сүзгі қондырғылары, қыздырғыштар, отынның берілген температурасын ұстап тұру автоматикасы).

389. Майлы жүйеде сынау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері рубкадан , термостаттан және май айдағыш сорғылардан қозғалтқыштың май айдауын

қашықтықтан басқару жүйесін, басты қозғалтқыштарды маймен механизмді (жергілікті басқару постынан немесе ОБП) жетекпен қолдық сорғымен айдау жүйесін тексереді.

390. Салқындату жүйесін сынау кезінде тексереді:

1) салқындатқыштан және қозғалтқыштан шығу және кіруде судың температурасын ;

2) газ шығарушы құбырдың, дейдвудты құрылғының компрессорларын салқындатуға судың берілуі;

3) салқындаушы судың температурасын автоматты реттеу құрылғысының жұмыс істеуінің дұрыстығы;

4) салқындатудың ішкі контурын борт сыртындағы суға немесе резервке ауыстырып қосу мүмкіндігі;

5) ішкі контурдағы кеңейтілген сауытта ең төменгі су деңгейі бойынша сигнал берудің іске қосылуы.

391. Кемелік жүйелерде іс-қимылда сынау кезінде тексереді:

1) техникалық құжаттамамен көзделген барлық басқару операцияларының орындалу мүмкіндігі;

2) арматуралардың, оның жетектерінің, сақтандырғыш және қайта жіберу құрылғылары жұмысының сенімділігі;

3) жалғаулардың тығыздығы;

4) штатты бақылап-өлшеуіш құралдардың және автоматика құралдарының түзулігі және дұрыстығы;

5) рұқсат етілмеген дірілдердің, қыздырулардың, бөтен шулардың болмауы;

6) жүйенің мақсатымен айтылған және осы Қағидамен көзделген арнайы талаптардың орындалуын.

392. Энергетикалық қондырғыларды және пайдалануға жақын шарттардағы жүйелерді кешенді тексеру, жүрістік сынау мақсаты болып табылады.

393. Жүрісте сынау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша арқандап байлау сынау кезінде анықталған ақауларды жойғаннан кейін жүргізіледі. Жүрістік сынау бағдарламасында кемеңің сипаттамасымен және кемелік техникалық құралдардың техникалық шартымен жазылған барлық параметрлерді тексеру көзделеді.

394. Жүктеме режимдері және жүрісте сынаудағы басты қозғалтқыштарды сынау ұзақтылығы осы Қағиданың 18-қосымшасында көрсетілгендермен сәйкес келуі қажет.

Дизель-генераторлар тікелей мақсаты бойынша іс-қимылда сыналады.

395. Компрессорлар, сорғылар, желдеткіштер, сеператорлар және арқандап байлап сынауда қабылданған жалпы кемелік жүйелерді тікелей мақсаты бойынша іс-қимылда тексереді.

396. Палубалық механизмдер олармен бірге кіретін құрылғылармен, сынаудың бағдарлама-әдістемесімен көзделген режимде бірге сыналады.

397. Осы Қағидамен көзделген жағдайда, жүрістік сынауларда Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген жеке бағдарлама-әдістеме бойынша білік өткізгіштің айналыс тербелісінің параметрлерін өлшеу жүргізіледі.

Өлшеуді ең кіші тұрақтылықтан ең жоғары айналу жиілігіне дейінгі бұрандалы сипаттама режимінде орындайды.

Айналу жиілігінің тыйым салынған зонасы анықталған жағдайда сандық мәндері кеменің паспортына жазылады, ал тыйым салынған зона тахометр шкаласында жақсы көрінетін сырмен белгіленеді. Тыйым салынған зоналардың болуы туралы, кемеге берілетін Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарында жазылады.

8-тарау. Қазандықтарды, жылу алмасу аппараттары мен қысымдағы ыдыстардың дайындалуын техникалық байқау

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

398. Осы бөлім нормалары қазандарды, жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы ыдыстарды дайындауға техникалық бақылауды жүзеге асыру бойынша нұсқауларды, сондай-ақ Номенклатураға сәйкес кемеде монтаждау мен сынауды реттейді (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

399. Жинақтаушы бұйымдарға және шыңдауды, құюды қоса қазандарды, жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы ыдыстарды дайындауға кететін барлық материалдарға олардың техникалық құжаттамаға сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылады.

400. Қазандарды, жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы ыдыстарды, олардың бөлшектерін және бөліктерін технологиялық операцияларды орындаумен дайындауды техникалық бақылау Кеме қатынасы тіркелімі келіскен техникалық құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

401. Қазандардың, жылу ауыстырғыш аппараттардың және қысымдағы ыдыстардың бөлшектері мен бөліктерін дайындауға арналған материалдар Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес болуы қажет.

Бұл ретте белгінің болуы және таңбалаудың осы материалдың сапасын растайтын құжатқа сәйкес келуі тексеріледі.

Сапасы немесе материалды пайдалануға арналған марка күмән тудырса, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тиісті зерттеулер мен сынауларды жүргізуді талап етеді.

402. Материалдың брак белгілері болатын табақшалардың, шыңдалу және құю ақауларының жоқтығы олардың жоғарғы бетін сыртынан қараумен белгіленеді.

403. Процесте физика-химиялық, механикалық қасиеттерін және конструкциясын өзгерту мүмкін болатын (термиялық тілу, штамповкалау, термоөңдеу), материалдарды өңдеудің технологиялық процестері мұндай өңдеу режимі және бақылау тәсілдері Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

404. Бөлшектердің өлшемдері (табақшалар қалыңдығы, радиустары, фланцовкалау, саңылау кадамдары) бұйымды жинағанға дейін сызбаларда көрсетілген және сызбалардың техникалық талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Жинауға түсетін бөлшектер дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметімен қабылданады.

405. Бұйымның бөлшектерін және бөліктерін жинау Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес элементтер арасындағы рұқсат етілген саңылаулар шегінде орындалады.

Жанасатын элементтерді шегінен тыс тарту жолымен келтіру, немесе суық күйінде соққымен түзетуге жол берілмейді. Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша келістіру үшін жанасатын элементтерді жылытып түзетуге рұқсат етіледі.

406. Дәнекерлеу алдында Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген сызбаға сәйкес төзетін жиегі мен саңылаулар тексерілу қажет. Жиек бетінде сызат, қабаттасу және басқа ақаулар болмауы қажет.

407. Дәнекерлеу жұмыстарын орындауға Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама талаптарына дәнекерленетін материалдардың сәйкестігін тексергеннен кейін рұқсат етіледі қажет болған жағдайда осы Қағиданың 380-тармағындағы талаптарды басшылыққа алады.

Дәнекерлеушілерде олардың біліктілігін растайтын құжаттары болуы қажет.

408. Егер осындай көзделсе, дәнекерленген жалғаулардың сапасын бақылау термиялық өңдеуден кейін жүргізіледі.

Бақылау көлемі және жапсарлы дәнекерленген жалғауларды бақылау әдістері Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес келуі қажет.

409. Қазандардың, жылу ауыстырғыш аппараттардың және қысымдағы ыдыстардың арматуралары штатты орындарына орнатқанға дейін беріктілікке гидравликалық сынауға жатады.

410. Қазандардың, жылу ауыстырғыш аппараттардың және қысымдағы ыдыстардың бөлшектері мен бөліктері оларды жинағанға дейін, стандартпен көзделген норма бойынша сынама қысыммен беріктілікке гидравликалық сынау жасалады.

Сынама қысымға гидравликалық сынау келесі шарттарды орындаумен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі:

1) жинау, дәнекерлеу және дәнекерленген тігістерді бақылау бойынша барлық жұмыстар аяқталған және дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметімен қабылданған;

2) бұйымдар элементтерінде оқшаулау және басқа да қорғау жабындары жоқ;

3) дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметінің бөлшектің немесе бұйымның гидравликалық сынаққа дайындығы туралы құжаттың болуы;

4) бөлшек немесе бұйым Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен тексерілген.

411. Қазандар, жылу ауыстырғыш аппараттар және қысымдағы ыдыстар арматурасыз жиналған түрінде оқшаулауды немесе қандай да бір қорғау жабынын жапқанға дейін цехта ішкі куәландыруға және стандартпен көзделген норма бойынша сынама қысыммен гидравликалық сынау жасалады.

412. Қазандарды, жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы ыдыстарды куәландыру және гидравликалық сынаудың оң нәтижесінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сертификат береді. Қажет болған жағдайда бұйымға Кеме қатынасы тіркелімінің таңбалауы және белгісі қойылады.

413. Басты үлгілерді дайындауға техникалық бақылау кезінде қосымша тексеруге принципіалды жаңа конструкцияның немесе жаңа технология бойынша дайындалған бөліктері мен бөлшектері ұшырайды. Қазандықтың (пайдаға жаратылғаннан басқа) басты үлгісі Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген бағдарлама бойынша кеңейтілген стенділік сынауға жатады.

Стенділік сынақтың бір бөлігі Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша кемеде орындалады.

414. Қазандарды, жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы ыдыстарды орнату Кеме қатынасы тіркелімімен монтаждауға келісілген жұмыс құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалады. Монтаж басталғанға дейін, жинау және кемелік іргетастарды дәнекерлеу бойынша жұмыстардың аяқталғандығына және дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметімен қабылданғанына, ал бұйымдардың өздері оларды қолдану мүмкіндігін растайтын тиісті құжатының бар екеніне көз жеткізу қажет.

415. Қазандарға штатты арматурамен және өлшеу құралдарымен ішкі куәландыруды, монтаждық жұмысты, қазанды іргетасқа орнатқан және бекіткеннен кейін, бірақ оқшаулауды, қаптаманы және футеровканы орнатқанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жүргізеді.

Жылу ауыстырғыш аппараттардың ішкі куәландыруын ұйымның техникалық бақылау қызметі жүргізеді.

Қысымдағы ыдыстарды ішкі куәландыруды Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жүргізеді.

Егер қазан дайындаушы-ұйымнан толықтай жиналған түрінде түссе (оқшаулау, футеровкалау және қаптамалармен бірге) және тиісті құжаттары болған кезде ішкі куәландыруды қол жетімді жерде жүргізеді.

416. Қазанды ішкі куәландыруда жүргізу кезінде мыналарға көз жеткізеді:

1) қазан элементтерінде және дәнекерленген тігістерде зақымданулар мен ақаулар жоқ;

2) су қыздырғыш, экранды және түсіру құбырларының формасы өзгермеген және оларда калибрленген шариктер көмегімен тексерілетін тығындар жоқ;

3) қыздыру бетіне қатысты су көрсеткіш құралдарын орнату осы Қағиданың талаптарына сәйкес орындалған;

4) барабандардың және коллекторлардың ішкі жабдықтары сызбаға сәйкес және сенімді бекітілген;

5) қазанда орнатылған арматура және бақылап-өлшегіш құралдар, сызбаларға сәйкес келеді;

6) бақылап-өлшегіш құралдарда мерзім өтпеген таңбаларды басқыш және/немесе метрологиялық ұйымның пломбасы бар;

7) қазандықтардың барабандары және коллекторлары, сондай-ақ буды қайта қыздырғыш коллекторлар жылудың сәулелену ағынының тікелей әсер етуінен қорғалған.

417. Қазанды тығыздыққа барлық құбырлармен және арматурамен оны кемеге орнатқаннан кейін гидравликалық сынауды, стандартпен көзделген норма бойынша сынама қысыммен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

Басты бу өткізгіш, қоректік ағынды құбыр, үрлеу құбырлары және су өлшегіш құралдар барлық арматурасымен қазандықпен бірге гидравликалық сынауға ұшырау керек.

Егер қазандық толықтай жиналған күйінде түссе (оқшаулаумен, футеровкамен, қаптамамен) және талап етілген құжаттары болса, қазандға кемеді гидравликалық сынақ жүргізбеуге болады. Бу құбырын кемеді гидравликалық сынау барлық жағдайларда міндетті.

418. Қазанды сынау кезінде сынама қысымын 5-10 минут уақыт ішінде ұстап тұру керек.

Сынама қысыммен ұстап тұрған уақытта айдағыш сорғы сөндіріліп тұру керек, сонымен бірге қазандағы қысым төмендемейді. Бұдан кейін қысымды жұмыс қысымына дейін төмендетіп және қарауды аяқтағанға дейін тұрақты ұстап тұру қажет.

419. Егер ағу немесе дәнекерленген тігістердің терлеуі, біліктеуші жалғаулардағы құбырлардың, жалғаушы фланцтық арматуралардағы, бақылап-өлшегіш құралдарды жалғағыштарда су өтпеуі, сондай-ақ жергілікті адыраю, қалдық деформациялар және қандай да бір жалғаулардың бұзылу белгілері байқалмаса қазан сынақтан өтті деп саналады.

420. Қысымдағы ыдыстар барлық арматуралармен және құбырлармен тығыздыққа гидравликалық сынауға, әуе сынауына және кемеді орнатқаннан кейін сыртқы қарауға жатады. Гидравликалық сынақты стандартпен көзделген норма бойынша сынама қысыммен жүргізеді.

421. Гидравликалық сынақтан кейін қысымдағы ыдыстарды жалғаулардың тығыздығын анықтау үшін жұмыс қысымында әуеді сынауға жатады.

Осы Қағида талаптарына сәйкес тексерген және реттегеннен кейін сақтандырғыш клапандар дайындаушы-ұйымның техникалық бақылау қызметінің персоналымен пломбыланады.

422. Қазандардың және қысымдағы ыдыстардың зауыттық нөмірі, дайындалу жылы, дайындаушы-ұйымның атауы, сондай-ақ техникалық сипаттамалары Жүзуге жарамдылығы туралы куәліктің тиісті бөлімдерінде жазылады.

423. Алғашқы ішкі куәландыру және гидравликалық сынақ нәтижелері кемеде монтаждаудан кейін қысымдағы ыдыстарға арналған актілерде жазылады.

Бір мақсаттағы және техникалық сипаттама актілері бірдей қысымдағы ыдыстарды барлық ыдыстардың зауыттық нөмірін көрсетіп бір бланкіде жасауға рұқсат етілмейді.

424. Қазанның буын сынау кемеде оны монтаждағаннан кейін жүргізіледі.

Бұл ретте мынадай шарттарды сақтайды:

1) сынау ұзақтылығы будың жұмыс қысымында 4-8 сағатты құрайды;

2) қазаннан бу жұмсалмайды, бу қыздырғыштың коллекторын үрлеу клапанын қоспағанда, қазанның барлық клапандары жабық;

3) қазандағы су деңгейі жұмыс диапазонында ұсталады;

4) қазанның оқшаулануы және қаптамасы осы Қағиданың 404-тармағы талаптарының орындалу мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей түрде шешілген.

Егер қазан толықтай жиналған күйінде түссе (оқшаулаумен, футеровкамен, қаптамамен) және тиісті құжаттары болған кезде, қазандықтың бу сынағын жүргізбеуге болады. Мұндай жағдайда қазан буын сынау оқшаулау жұмыстарына дейін дайындаушы-ұйымда орындалады.

Бу сынағынан кейін қазан арқандап байлау және жүрісте сынауға жіберіледі.

Пайдаға жаратылған қазандар бұмен арқандап байлау және жүрісте сынауларда қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде сыналады.

425. Қазанды бұмен сынау кезінде тексереді:

1) қазанның, арматуралар мен бу өткізгіштердің фланецті жалғауларының дәнекерленген, тойтарылған, бұрандалы және біліктеуші жалғаулардың тығыздығы;

2) қазан мен түгіндік қаптамасының тығыздығы;

3) қазанның жылуын кеңейту мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қазанның іргетастағы қазанды бекіту тірегі саңылауының жылулық саңылауларының болуы және өлшемдері және қазанның ығысуын сақтандыру үшін құрылғыларда саңылаулардың болуы;

4) қазан бөлігінің жылу деформациясының болуы және параметрлері.

Бу астында қазанды сынаудың қанағаттанарлық нәтижесінде және сынау кезінде байқалған ақауларды жою кезінде Кеме қатынасын тіркелімі қызметкері оқшаулауды және қаптаманы монтаждауға рұқсат береді.

426. Қазанды және басты бу өткізгішті бұмен сынау нәтижелері кемеңіз алғашқы куәландыру актісінде жазылады.

427. Бу қазандарын арқандап байлау және жүрісте сынауда іс-қимылын тексеру, Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша жүргізеді.

428. Бу қазанының арқандап байлау және жүрісте сынауға дайындығы кеме жасаушы ұйымның техникалық бақылау қызметінің құжатымен расталады.

429. Қазанды арқандап байлау және жүрісте сынау процесінде:

1) жылу жүйесінің жұмысын, оның ішінде: жылу айдағыш сорғыны, сүзгілерді, арматураларды, жылу қыздырғыштарды, шығыстық отын цистерналарын толтыруды;

2) форсункалар жұмысын және жану сапасын (визуальды);

3) конденсатты–қоректік жүйелер жұмысын: қоректік сорғыларды, сүзгілерді, арматураларды, жылу жәшігіндегі және бақылау цистернасындағы конденсат сапасын және суды дайындау сапасын;

4) желдеткіштер, шиберлер жұмысын, әуе каналдарының тығыздығы;

5) қазан және түтіндіктің бүркеніш тығыздығы;

6) автоматиканың жұмысқа қабілеттілігі;

7) электр жабдықтың жұмысы;

8) қазан және оның элементтері дірілінің амплитудасы және жиілігін тексереді.

430. Қазан пайдалану нұсқаулығымен және сынау бағдарламасымен көзделген барлық режимде сыналады. Сонымен бірге автономды қазандарды арқандап байлап сынау ақырғы сынау болып табылады.

Кәдеге жаратылған қазандар толық көлемде жүрістегі сынауда сыналады.

431. Қазанды арматуралармен, жабдықтармен, сорғылармен, сүзгілермен, жылу ауыстырғыш аппараттармен, құбырлармен және жүйенің басқа да элементтерімен сыртынан қарау жұмыс қысымы кезінде бу астында жүргізіледі.

432. Қазанды сыртынан қарау кезінде::

1) су өлшегіш шынылар каналдарын бумен және сумен үрлеу жолымен қазандағы су деңгейін, сондай-ақ сынақ крандарын үрлеумен;

2) қазан манометрінің шүмек тығынындағы қауіп қатердің дұрыс жағылғанын;

3) су көрсеткіш құралдардың дұрыстығы;

4) манометрлердегі және пломбыларды және мөртабандарды (калибрлеу мерзімін көрсетумен) және олардың шкалаларында қызыл сызықтың болуы;

5) бу өткізгіштің қарым-қатынасты клапандарының, отынды және тоқтатқыш клапандардың қашықтық жетектерінің жөнделгені;

6) қазанды жоғарыдан және төменнен үрлейтін клапандар қимылының дұрыстығы;

7) сақтандырғыш клапандарды реттеу, сонымен бірге бу қыздырғышпен бірінші кезекте бу қыздырғыштың сақтандырғыш клапаны жұмыс істеу керек, ал бұдан әрі қысымның жоғарылауы – қазанда орнатылған қаныққан будың сақтандырғыш клапандары.

Сақтандырғыш клапандарын реттеуді тексеру қазан жұмысын қолмен басқару кезінде жүргізіледі;

8) қазан бөлмесінен және оның шегінен сақтандырғыш клапандардың түсіретін қолдық жетектері әрекетінің дұрыстығы;

9) қоректік құралдар әрекетінің дұрыстығы;

10) қазан автоматтау жүйесінің, авариялық қорғаудың және сигнал беру жұмысының дұрыстығы;

11) қазан жұмысының автоматтықтан қолдық басқаруға және керісінше ауысқан кезде тұрақтылығы;

12) ағулардың болмауы, жалынды бөліктердің қаралатын жерлерінде булау және босату, кірпішті оттықты қалаудың жағдайы, оттық ағаштардың ілмектерінің дұрыстығы;

13) отын және олардың әуе құбырларын, отын құбырының, отын сорғыларының, форсункалар қоймасының жалпы жағдайы;

14) қазанды және бу өткізгішті оқшаулау сапасы тексеріледі.

Сақтандырғыш клапандарды реттеудің оң нәтижесінде тікелей қазанда орнатылған клапандардың біреуі, кеме жасаушы ұйымның техникалық бақылау қызметінің өкілімен пломбылануы қажет.

433. Арқандап байлау және жүрісте сынаулардан кейін бу қазандары ішкі куәландыруға ұсынылады.

Кеме жасаушы ұйымның техникалық бақылау қызметімен арқандап байлау және жүрісте сынаудан кейін жүргізілген қызу құбырларын өлшеу нәтижелері, оларды қазанды цехта дайындау кезінде алынған немесе техникалық құжаттамада көрсетілген өлшеу нәтижелерімен салыстыру үшін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкеріне ұсынады.

434. Жылу ауыстырғыш аппараттарды және қысымдағы сауыттарды швартовты және жүрістік сынауда іс-қимылда тексеруді Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама-әдістеме бойынша жүргізеді.

435. Жылу ауыстырғыш аппараттарды іс-қимылда тексеруді олардың монтажының және жұмыста сенімділігінің сапасын тексеру мақсатында, қызмет көрсетуші жүйелермен, құбырлармен және құрылғылармен бірігіп орындайды.

Сонымен бірге:

1) жұмыс ортасының ерекше параметрлеріндегі жұмысын;

2) арматуралардың, бақылап-өлшегіш құралдардың және реттегіш құрылғылардың іс-қимылының дұрыстығы;

3) сақтандырғыш және сигнальды-қорғау құрылғыларын реттеуді;

4) отындық кеңейтілудің орнын толтыратын, бекіту және құрылғы конструкциясын тексереді.

436. Қысымдағы сауыттарды іс-қимылда тексеру олардың монтажын және жұмыста сенімділігі сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

Сонымен бірге:

1) арматуралардың, бақылап-өлшегіш құралдардың және реттегіш құрылғылардың дұрыстығы;

2) сақтандырғыш құрылғыларды реттеуді, сақтандырғыш клапандарда пломбалардың болуы;

3) сауыттан ылғалды жою үшін құрылғылар іс-қимылын;

4) манометрлердегі пломбыларды және мөртабандарды (олардың калибрлеу мерзімін көрсетумен), манометрлер шкаласында рұқсат етілген қысымды белгілейтін қызыл сызықтың болуы тексеріледі.

9-тарау. Тоңазытқыш жабдықтардың дайындалуын, тоңазытқыш қондырғылардың монтаждалуын және сынауын техникалық байқау

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

437. Осы бөлімнің нормаларымен тоңазытқыш жабдықтарды дайындауға, кемеді тоңазытқыш қондырғыларды монтаждауға және сынауға техникалық бақылауды жүзеге асыруға байланысты қатынастар реттеледі.

438. Техникалық бақылау Номенклатураға сәйкес жасалған Тізбеге сәйкес тексеру жолымен жүргізіледі (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

439. Техникалық шарттар және тоңазытқыш жабдықты сынау бағдарламасы Кеме қатынасы тіркелімімен келісіледі.

440. Тоңазытқыш жабдықтарды дайындау кезінде техникалық бақылау көлеміне мыналар кіреді:

- 1) техникалық құжаттаманы тексеру;
- 2) бөлшектерді, бөліктерді, жинақтаушы бұйымдарды тексеру;
- 3) қосылған және дәнекерленген жалғаулар сапасын тексеру;
- 4) беріктілікке гидравликалық сынау;
- 5) тығыздыққа пневматикалық сынау;
- 6) вакуумдаумен герметикалыққа сынау;
- 7) стенділік сынақтар;
- 8) ревизия.

441. Тоңазытқыш жабдықтарды дайындауға техникалық бақылау кезінде осы Қағиданың 20-28-тармақтарында қолданылатын ережелерді және Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттама талаптарын басшылыққа алады.

442. Осы Қағиданың 419-тармағының 4)-6) тармақшаларында көрсетілген сынақ кезінде ІСЖКЖҚ-ның 34-бөлімінің ережелерін басшылыққа алады.

443. Стенділік сынақ және тоңазытқыш жабдыққа ревизия жүргізу кезінде, мыналарды ескере отырып осы Қағиданың 284-290-тармақтарының нұсқаулықтарын басшылыққа алады:

1) компрессорды сынауға арналған стенд, толықтай тоңазытқыш цикл бойынша ерекше тоңазытқыш агенттерді, майларды қолданумен және тоңазытқыш агенттің паспорттық параметрлерін және қоршаған ортаның шартын (суды салқындату температурасы $+32^0$ С, орта ауасы $+50^0$ С) қолдаумен компрессордың жұмысын қамтамасыз ету қажет;

2) компрессорлардың басты үлгілерін (тәжірибелі) сынау, сондай-ақ ұйымның Тану туралы куәлігін растау мақсатында мерзімді сынау суық өнімділігін, көлемді беруді, тұтынылатын қуатты және май шығынын анықтау немесе растау мақсатында номинальды қуат режимінде және бос жүрісте жүргізіледі;

3) электр қозғалтқышы ішінде орнатылған компрессорлардың іске қосу сипаттамасын, температурасын және оқшаулау қарсылығын тексереді;

4) басты (тәжірибелі) компрессорларды сынау ұзақтылығы, 150 сағат қысымның максимальды әртүрлілігі режимінде және 150 сағат ең жоғары қуат режимінде жұмыс істеуге кететін 500 сағат кем болмау қажет;

5) тоңазытқыш агенттің сорғыларын ерекше тоңазытқыш агентті қолданумен сынайды;

6) тоңазытқыш агенттің сорғысын сынау ұзақтылығы оның ерекшелік сипаттамасын анықтау үшін жеткілікті, бірақ тоқталған өндіріс кезінде 8 сағаттан кем емес болу қажет. Басқа жағдайларда сынау ұзақтылығы Кеме қатынасының тіркелімімен келісіледі;

7) тоңазытқыш агенттің қысымымен жұмыс істейтін жылу ауыстырғыш аппараттар (басты немесе тәжірибелі үлгілері), ерекше тоңазытқыш агентті қолданумен және аппараттың конструкциясы мен міндетін ескерумен стенділік жылу техникалық сынақтан өтуі керек. Стенділік жабдықтар толық тоңазытқыш циклді жүзеге асырумен аппарат жұмысын қамтамасыз етеді.

444. Типтік бұйымды мақұлдау туралы сертификатты және (немесе) ұйымды тану туралы куәлікті алу мақсатында басты (тәжірибелі) үлгілерді сынау мерзімдік немесе типтік сынаулармен біріктіріледі.

445. Кемеде тоңазытқыш қондырғыны монтаждау және сынауды техникалық бақылау кезінде мыналарды ескере отырып осы Қағиданың 6-бөлімінде қолданылған ережелерді басшылыққа алады:

1) кеме жасаушы ұйымға жеткізілетін, жинақтаушы бұйымдар және тоңазытқыш қондырғының жабдықтарын Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері сертификаты немесе тоңазытқыш жабдықты дайындаушы–ұйымның құжаты бойынша тексереді;

2) кеме жасаушы ұйыммен әзірленген жабдықтар мен бұйымдар, оларды монтаждауға дейін осы Қағиданың 53-тарауына сәйкес тексеруге және сынауға жатады.

446. Жинау-дәнекерлеу корпустық жұмыстарын аяқтағаннан кейін және оқшаулауды монтаждауға дейін тоңазытқыш қондырғының үй-жайы герметикалық сынауға жатады, бұл ретте:

1) герметикалыққа сынау кезінде ауаның сынақ (артық) қысымының мәнін 2 кПа тең деп қабылданады;

2) тығыз ауаның қысымының рұқсат етілген құлау нормасы 1 сағат ішінде алғашқы сынақ қысымнан 25 % аспау қажет, яғни 1 сағаттың бітуі бойынша сыналдып жатқан бөлменің қысымы 1,5 кПа кем болмау қажет.

447. Тоңазытқыш қондырғыны монтаждауға техникалық бақылау жүргізу процесінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері тексереді:

1) басқару постыларының жабдықтары және өткел, негізгі және авариялық жолдардың шығу құрылғыларын күту орны, сондай-ақ олардың жабылуы бойынша талаптардың орындалуы;

2) тоңазытқыш жабдықтың орналасуының келісілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі;

3) құбырларды монтаждаудың дұрыстығы және оларды зақымданудан қорғаудың сенімділігі;

4) тоңазытқыш жабдықты бекіту;

5) тоңазытқыш қондырғы агрегаттарын центрлеу;

6) оқшаулауды монтаждау сапасы, оның ішінде оқшаулау материалдарының типі (маркасы), қалыңдығы және оқшаулауды бекіту сенімділігі, жиынтық ауданында, құбырлар өтетін жерде, люктердегі және есіктердегі түйіндерді монтаждау сапасы.

448. Тоңазытқыш қондырғылардың жүйесін дайындау және монтаждау кезінде тексереді:

1) бұзбай бақылау тәсілімен тоңазытқыш агенттің құбырларын түйістіре дәнекерлеп жалғау сапасы.

Айқастандырылған астарлы сақинада дәнекерлеп жалғауды және бұзбау тәсілімен 1,5 жұмыс қысымына тең гидравликалық сынау мүмкін емес басқа да сапаны тексеру;

2) суықты тұтыну тобы бойынша жүйелер учаскелерін сатылы қосумен және осы участкілердің қысымын 1,1 жұмыс қысымына дейін жоғарылатып жүйелерді тығыздыққа сынағаннан кейін, жапқыш арматураның және тоңазытқыш агент жүйелері құбырларының жұмысын тексеру;

3) әуе салқындатқыш жүйесінің ауа өткізгіш өткелінің түйіндерін және су өткізбейтін және өртке қарсы конструкция арқылы желдеткішті;

4) желдеткіш каналдардың қабылдау және шығу саңылауларының орналасуы; ауа өткізгіштің ұшында жалын үзгіш арматураның болуы және жарылысқа қауіпті үй-жайлардағы желдеткіштердің ұшқындарының қауіпсіз орындалуын;

5) оқшаулау жұмыстарын орындауға дейін және кейін газ өткізбеушілікті және ауа өткізбейтін;

б) ауа өткізгіштердің оқшаулауы.

449. Тоңазытқыш агент жүйесінің монтаждау жұмысын аяқтағаннан кейін газ ортасының жұмыс қысымына тең сынақ қысымымен 18 сағат ішінде тығыздыққа сынайды. Сонымен бірге сору және ағу салдарынан қысымның жиынтық төмендеуі алғашқы сынақ қысымының мәнінен 2 % жоғары болмау қажет.

Мұндай сынауды құрғақ ауаны немесе қаныққан сулы будың 45^0 С жоғары емес температуралы азотты қолданумен жүргізеді.

Тығыздыққа сынағаннан кейін тоңазытқыш агенттің апаттық құйылу жүйесін тексеру үшін апатты құю бекетінде желдеткішті кезекпен ашумен қысымды лақтыру қажет.

450. Тоңазытқыш агент жүйелерін герметикалыққа сынауды вакуумдаудан кейін 1 кПа жоғары емес қалдық қысымға дейін 12 сағат ішінде жүргізеді.

Жүйе сынақты көтерді деп есептеледі, егер қысымның жиынтық жоғарылауы (бу газын сіңірмеу салдарынан сынақ уақытында ауаның кіруі), қалдық қысымның алғашқы мәнінен 25 % жоғары еместі құраса.

Герметикалыққа сынауды аяқтағаннан кейін тоңазытқыш агент жүйесінің кептіру сапасын тексереді.

Кептіруден кейін зертханалық талдау мәліметтері бойынша судың абсолютті ұстап тұруы $0,15 \text{ г/м}^3$ аспау қажет.

451. Салқын тасымалдаушы және су салқындатқыш жүйелерін жұмыс қысымымен 1 сағат кем емес ұстап тұрумен тығыздыққа сынайды.

452. Тоңазытқыш қондырғылар объектілерін қорғауға арналған сақтандырғыш клапандарды, оларды кемеге орнатқанға дейін зертханада тексереді және сынайды, Бұл ретте:

1) клапан 1,1-1,2 жұмыс қысымының диапазонында қопаруға реттеледі;

2) клапан іске қосылғаннан кейін жұмыс қысымынан 0,85 қысымнан кем емес кезінде жабылады;

3) клапанды суға батырумен, қысымды оны іске қосу нәтижесінде жапқаннан кейін екінші рет есептіге дейін көтеру жолымен жабылу тығыздығын тексереді.

453. Тоңазытқыш агентті әрекетте тексеру оның қоршаған ортаның әр түрлі температура шарттарында жұмысының тиімділігін, сондай-ақ қондырғының сенімділігі мен қауіпсіздігін растау мақсатында жүргізіледі.

454. Тоңазытқыш қондырғыны іс-қимылда сынауды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жүргізеді.

Тоңазытқыш агенттің барлық агрегаттарының жұмысын тексеруді автоматты және қолмен басқару режимінде тексереді.

455. Тоңазытқыш агентті сынау кезінде:

1) негізгі және резервті тоңазытқыш жабдықтың жұмыс істеуінің дұрыстығы (компрессорлар, сепараторлар, аппараттар, жүйелер, термореттегіштер, бақылап-өлшегіш құралдар, жапқыш және реттегіш арматуралар, авариялық-сақтандырғыш сигнал беру және қашықтықтан басқару құрылғыларын қорғау), сондай-ақ электр жабдықтың, автоматтаудың, тоңазытқыш қондырғынының үй-жайын және салқындату үй-жайын күтетін жүйелердің дұрыстығын;

2) салқындатқыш үй-жайдағы және осыған қажетті уақыттың температураның ең төменгі ерекшелік мәнінен жету мүмкіндігі;

3) салқындатқыш үй-жайлардағы, резервті жабдықтарды мерзімді қосып тұрумен оның 10-12 сағат үздіксіз жұмыс істеу шартында өзіне тән температураны 24 сағат ішінде ұстап тұру мүмкіндігін. Басты кемелер үшін бұл ретте салқын өнімділігін анықтайды.

4) жылу берудің орталықтандырған температурасы бойынша оқшаулаудың және 24 сағат ішінде жұмыс істемейтін тоңазытқыш қондырғы кезінде ауа температурасының динамикасының өзгеру тиімділігін тексереді.

456. Егер тоңазытқыш қондырғылары қайнау және конденсацияда температураларында, қайнау температурасы 1°C және конденсация температурасы 2°C бойынша жобадан айрықшаланса онда жалпы әдістеме бойынша жоба шартында тоңазытқыш шығарымдылығына қайта есептеуді жүргізеді.

457. Егер жобалық мәнге қарағанда 5 % жоғары емес айрықшаланатын болса, салқын өнімділік және жылу бергіштің орташа коэффициенті расталған болып есептеледі.

458. Тоңазытқыш қондырғыны сынаудың өңделген нәтижесі Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттарын ресімдеу үшін Кеме қатынасының тіркелімі қызметкеріне ұсынылады.

Тоңазытқыш қондырғыны іс-қимылда сынаудың есепті құжатына қондырғының сипаттамасының және оның жабдығының ерекшелікке сәйкестілігі туралы қорытынды қоса беріледі.

10-тарау. Кеме құрылғыларының, жабдықтардың дайындалуын және жарықтандырылуын техникалық байқау

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

459. Осы бөлімнің нормалары кемелік құрылғыларды, жабдықтарды және жабдықтауларды дайындау үшін, сондай-ақ көрсетілген бұйымдарды Номенклатураға сәйкес кемеде монтаждау мен сынауға техникалық бақылауды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

460. Бұйымдарды дайындау үшін қолданылатын материалдар ІСЖКЖҚ-ның 2 және 4-бөліктерінің талаптарына сәйкес келуі қажет.

461. Рульдік машиналарды және палубалық механизмдерді (брашпил, шпил, зәкірлік, арқандап байлау, сүйреткіш және қайықтық шығырлар) дайындау мен сынауға техникалық бақылау осы Қағиданың 6-бөлімінде айтылған ережелерді ескере отырып жүзеге асырылады.

462. Құрылғыларды, жабдықтарды және жабдықтауларды дайындауды техникалық бақылауға мыналар кіреді:

- 1) техникалық құжаттаманы тексеру;
- 2) материалдарды бақылау;
- 3) бұйымды ішінен қарау;
- 4) өлшеу дұрыстығын тексеру;
- 5) дефектоскопты бақылау;
- 6) сынау.

463. Рульдік және рульді басқарушы құрылғылар бөлшектерін қарау кезінде осы Қағиданың 441-тармағында көрсетілгенге сәйкес қосымша тексереді:

- 1) рульді (қондырмаларын) жинау, шпоншты керттік;
- 2) бұйымның ішкі қуыстарын коррозиядан немесе оның толып кетуінен қорғау;
- 3) тығыз майыстырылған болттардың астындағы саңылауларды өңдеу сапасы;
- 4) рульдердің қуыс ұштарында және оларды инертті көлеммен толтырғаннан кейін қақпа қондырмалары бойынша өшіруді және іске қосқыш тығындарды орнату.

464. Зәкірлерді қарау кезінде осы Қағиданың 441-тармағында көрсетілгенге қосымша тексереді:

- 1) лақтырумен сынау туралы құжаттар;
- 2) дәнекерленген зәкірлердің дәнекерлеу сапасын;
- 3) зәкір ұршығының қисықтығы;
- 4) зәкір көлемін (өлшеу жолымен). Жекелеген жағдайларда 5 % таңдап өлшеуге рұқсат етіледі, бірақ бір типті өлшеммен дайындалған екі зәкірден кем емес.

465. Зәкірлік шынжырларды дайындауды техникалық бақылау кезінде олардың осы Қағида және стандарттар талаптарына сәйкестігін тексереді.

466. Тізбектік жабдықтардың басты үлгілерін, Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген арнайы әзірленген бағдарлама бойынша стендіде жауапты бөлшектерді тензометрлеумен сынақ салмағымен сынады.

Тізбектік жабдықтар бөлшегіндегі сынама жүктеменің және рұқсат етілген кернеудің мәні ІСЖКЖҚ-ның 4-бөлігінде анықталған.

467. Сериялық тізбектік жабдықтарды техникалық бақылау кезінде:

1) негізгі бөлшектерді дайындау сапсының және тізбектік жабдықтардың бүтіндей техникалық шарттарға сәйкестігі;

2) кинематиканы және барлық бөлшектердің өзара қатынасын, есепті жүктеме астындағы құлыпты ашу және стендыда (тензомерлеймей) сынақ жүктемемен сынау кезіндегі құлыптың беріктілігін тексереді.

468. Құтқару шлюпкаларын, салдарды, құралдарды, дөңгелектерді және күртешелерді дайындауға техникалық бақылау осы Қағиданың 441-тармағындағы талаптарға және Кеме қатынасы тіркелімімен сынау әдістемелеріне сәйкес жүргізіледі (осы Қағиданың 19-қосымшасы).

69. Сигнальды-ажыратқыш шамдарға техникалық бақылау кезінде осы Қағиданың 441-тармағында көрсетілгенге қосымша:

1) бөлшектердің өзара ауысымдығы;

2) судан қорғауын;

3) оқшаулаудың леерлік беріктілігі;

4) оқшаулаудың қарсыласуын тексереді.

470. Шамдардың басты үлгілерін стенділік сынау, осы Қағиданың 448-тармағында көрсетілгеннен басқа, мыналар жатады:

1) діріл және соққы салмағы шартында олардың қимылын тексеру;

2) қоршаған ортаның жоғарғы және төменгі температурасында жұмысын тексеру;

3) коррозиялық тұрақтылыққа тексеру;

4) термо тұрақтылыққа тексеру;

5) ылғалды тұрақтылыққа тексеру;

6) крендеу және дифференттеу кезінде жұмысын тексеру;

7) тоқ жүргізуші бөліктерге жанасудан қорғау деңгейін тексеру;

8) жарық техникалық сынау.

471. Қанаттық құрылғыларды дайындауға техникалық бақылау кезінде осы Қағиданың 441-тармағында көрсетілгенге қосымша тексереді:

1) қанаттық құрылғыларды жинау;

2) коррозиядан немесе оның толуынан бұйымдардың ішкі қуыстарын қорғау;

3) қанаттық құрылғы конструкциядағы қуыстарда өшіруді және іске қосу тығындарын орнатуды.

472. Рульдік және рульді басқарушы құрылғыны монтаждаудан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды:

1) тізбектер мен арқандардың куәлігін, гидравлика жүйесін, гидравликалық сынау туралы актісін;

2) негізгі рульдік жетекті кемелік іргетаста орнату және бекіту сенімділігі;

3) рульдің (қондырмалар) ортаңғы орналасуына бақылау тәуекелін қондыру дұрыстығы, сектордағы рульдің күйін көрсеткішті градуировкалау дұрыстығын;

- 4) жетекті центрлеуін;
- 5) баллер мойынтіректерін орнату сапасын;
- 6) төсемелерге руль жетегінің тірек сыртқы беттерінің және іргетасының тірек бөліктеріне төсемелердің, сонымен қатар жетектің сыртқы беттеріне және іргетастың сөрелеріне іргетас бұрандалармен гайкаларының қалпақшасының жабыстырылуын;
- 7) рульдік және рульді басқару құрылғысының гидравликалық жүйелерінің құбырларын жалғау тығыздығын;
- 8) руль немесе жетектен ажыратылған бұрандалы қондырманың ұшын бұрау жеңілдігі;
- 9) руль немесе бұрандалы қондырма ұшымен баллерді монтажды жалғау, баллерде Кеме қатынасы тіркелімі таңбасының болуын;
- 10) рульдік жетектің бүйірлік тірегін;
- 11) баллерді майлап тығыздау және конусты жалғауды тығыздаудың су өткізбеуін;
- 12) артық рульдік жетекті орнату және бекітуді;
- 13) ілмектегі және мойынтіректегі саңылауларын;
- 14) рульдік жетектің конструкциясына байланысты рульдің немесе қондырмалардың ең жоғары бағытта ығысуын реттеуші саңылауларын;
- 15) құрылғының жылжымалы бөлшектерін өздігінен бұрылуын болдырмайтын, бекіткіш құралдың болуын;
- 16) рульді немесе бұрылмалы қондырманы ауыстыру бұрыштары;
- 17) рульдің немесе қондырманың күйлерін көрсеткіш аксиометрлердің сәйкестігін тексереді.

473. Рульдік құрылғыны арқандап байлау сынау кезінде:

- 1) рульді немесе қондырманы борттан бортқа механикалық жетекпен 30 минут ішінде үздіксіз ауыстыру құрылғысының жұмыс қабілеттілігін;
- 2) 15 минут ішінде апатты қорек көзінен құрылғы жұмысының мүмкіндігін;
- 3) электр энергиясының негізгі және авариялық көзінен жеке қоректенгенде рульді немесе қондырманы борттан бортқа және ортаңғы күйінен сол және оң бортқа ауыстыру уақытын. Басты қозғалтқышты жетек ретінде қолданған жағдайда рульдік құрылғының гидро сорғысы үшін рульдің орнын ауыстыру уақыты кіші және толық жүріс режимінде тынып қалады.
- 4) негізгі жетектен қорға және кері үш реттен кем емес және рульдік немесе қондырманың әр түрлі жағдайларында ауыстырып қосу сенімділігін;
- 5) рульді немесе қондырманы борттан бортқа алты есе орын ауыстыру жолымен артық жетекпен құрылғының жұмыс істеу қабілеттілігі, бір борттан 20^0 бұрысқа басқа борттың 20^0 бұрышына орнын ауыстыру уақыты және осы операцияларды орындауға қажетті адамдар санын;
- 6) рульдік машина жүрісінің және сектор бұрылысы бұрышының дұрыстығын;

7) кемені және аксиометрмен басқару постыларының байланыс құралдарының дұрыстығын;

8) рульдік машиналардың, редукторлардың басқа бөлшектердің мойынтіректерінің қызуын;

9) рульдің немесе қондырманың румпель (румпель-талей) көмегімен орнын ауыстыруын тексереді;

474. Рульді басқарушы құрылғыны арқандап байлау сынау кезінде тексереді:

1) құрылғының 30 минут ішінде жұмыс істеуін;

2) оң және сол бортта (басты кемелерде) ауыспалы жұмыс кезінде тік өлшеу көмегімен рульді басқарушы құрылғының тірегін;

3) рубкадағы сигнал беру жұмысының дұрыстығын тексереді.

Басты кемелердің рульдік құрылғыларын жүрісте сынауды жобалық шөгу кезінде жүкпен және бос, ал сүйрегіш-итергіштерді – құрамсыз және құраммен кеменің маневрлық сапасын тексерумен бірге жүргізеді.

475. Осы Қағиданың 454-тармағында көрсетілген кемелердің рульдік құрылғысын жүрісте сынау процесінде тексереді:

1) рульді борттан бортқа орын, сондай-ақ алға және артқа толық, орташа және кіші жүріс кезінде бортқа немесе ДП кез келген еркін күйінен ауыстырудың бас тартпауы;

2) кеменің теңізде жүру сапасын сынау кезінде құрылғының істен шықпауы;

3) рульді немесе қондырманы борттан бортқа және ДП –дан әрбір бортқа алға қарай толық және аз жүрісте (электр энергиясының негізгі және апатты көзден қоректену кезінде электрлендірген жетек үшін) орын ауыстыру уақыты;

4) бақылаушы лампаларды, ақырғы ажыратқыштарды, артық жүктеме бойынша сигнал беру дұрыстығы;

5) аксиометр көрсеткіші және олардың руль немесе қондырма ұшының бағытына сәйкестігі;

6) қолдық жетек штурвалындағы күштер;

7) су атқыш жылжытқыштардың реверс тұтқаларындағы күштер;

8) кеменің әртүрлі жылдамдығында және рульдің немесе қондырманың әртүрлі ауытқу бұрыштарында негізгі жетектен қорға және кері ауысудың сенімділігі және ыңғайлылығы;

476. Сериялық кемелерде рульдік құрылғыларды осы Қағиданың 455-тармағының 1), 3) және 5) тармақшаларына сәйкес сынайды.

477. Зәкірлік құрылғыны монтаждауды аяқтағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері:

1) кемелік іргетаста брашпилді немесе зәкірлік шпилдерді орнату және бекітуді;

2) кемелік іргетастарда зәкірлік құрылғы бекіткіштерін орнату және бекітуді;

3) зәкірлік шынжырлар монтажын-жалғаушы звеноларды жинауды;

4) тізбекті жәшіктер жабдықтарын;

5) зәкірлік шынжырлардың түптік ұштарын бекіту және беруге арналған құрылғыны орнатуды;

6) зәкірлік шынжырлардың және зәкірлердің сызбаларға сәйкестігін, таңбаның болуын қоса және куәлік бойынша бөліктер мен бөлшектердің сәйкестігін;

7) зәкірлік құрылғылар астындағы іргетастардың дәнекерленген тігістерін калибрлеуін;

8) зәкірлік шынжырлар жоспарында сынықтардың болмауы;

9) дистанционды басқару жүйелері жабдықтарын орнату тексереді.

478. Арқандап байлау сынауда зәкірлік құрылғыны әрекетте әрбір шынжырдың бірнеше байланысын кезекпен таптаумен және кейіннен механикалық және қолдық жетек көмегімен таңдау арқылы тексереді.

Сынау процесінде:

1) жұлдызша бойынша шынжыр буындарының бекіткіштер және зәкірлік клюздер арқылы өту дұрыстығын;

2) бекіткіштердің және брашпилдің ленталық тежегіштерінің, шпилдердің немесе зәкірлік шығырлардың жұмысқа қабілеттілігін (шынжырды немесе арқанды таптау кезінде екі-үш рет тежеуді орындау;)

3) шынжырлар және зәкірлердің еркін шығуын, қайта кері кіруін, сондай-ақ зәкір табанының кеме бортына жанасуды қамтамасыз етуін;

4) жұлдызшаларды брашпил білігімен ажырату кезінде зәкірдің қайтарып беру сенімділігі және шапшаңдығын;

5) клюзды және тізбектік құбырларды жабу тығыздығын;

6) зәкірдің дистанционды қайтару құрылғысының тоқтаусыздығын;

7) зәкірлік шынжырларды таңдау жылдамдығының механизмнің паспорттық мәліметтеріне сәйкестігін;

8) барлық дақтан тазартылған зәкірлік шынжырлардың зәкірлік жәшікте өзін-өзі орнатуы тексереді;

479. Басты кемелерде және құрамаларда жүрісте сынау процесінде, техникалық тапсырмалармен айтылған жүзу аудандарында зәкірлік құрылғы сенімді тұрақты және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ете алатындығы белгіленеді.

Сонымен бірге:

1) жалғыз кемені немесе итергішті құрамымен ағыста ұстау үшін, зәкірдің көтеру күшінің жеткіліктілігін;

2) зәкірлік тұрақтың есепті тереңдігінен көтеру кезінде зәкірлік құрылғының жұмыс қабілеттілігін тексереді.

480. Сериялық кемелерде зәкірлік құрылғы жұмысын сынау ауданының ең жоғары тереңдігінде, сондай-ақ ағыста өзен шартында тексереді.

481. Алдыңғы жақтағы зәкірлік құрылғыны сынау процесінде:

- 1) ажыратылған жетекте зәкірлік шынжырларды немесе зәкірлік арқанды дақтан тазарту кезінде тежеу жолымен ленталық тежегіштердің жұмыс қабілеттілігін;
- 2) палубалық бекіткіштердің жұмыс қабілеттілігін;
- 3) әрбір зәкірді оны топырақтан жұлып алумен және көтеру жылдамдығымен брашпил көмегімен таңдау мүмкіндігін;
- 4) барлық жобамен көзделген жұмыс режимінде ажыратылмаған жетекпен брашпил көмегі арқылы екі зәкірдің де қайтару мүмкіндігін;
- 5) екі ілініп тұрған зәкірді бір мезгілде көтеру мүмкіндігі және оларды көтеру жылдамдығын;
- 6) зәкірдің рубкадан дистанционды қайтару құрылғысының тоқтаусыздығын;
- 7) брашпилдің қолдық жетегінің немесе зәкірлік шығырдың дұрыстығын;
- 8) сынаудың барлық түрлерін жүргізу процесінде, зәкірлік шынжырлар буындарының брашпил жұлдызшалары бойынша бекіткіш және клюз арқылы, сондай-ақ зәкірлік арқанның арқан салушы арқылы өту дұрыстығын тексереді.

482. Артқы жақтағы зәкірлік құрылғыны сынау уақытында:

- 1) зәкірлік механизм жетегінің тежеуіш көмегімен ажыратылған зәкірдің қайтару сенімділігін;
- 2) зәкірдің қайтару, оны топырақтан тартып алу және зәкірлік механизм көмегімен таңдау мүмкіндігін және таңдау жылдамдығын;
- 3) палубалық бекіткіштердің жұмыс қабілеттілігін тексереді.

483. Сүйрегіш құрылғыны монтаждаудан кейін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері :

- 1) сүйрегіш шығырларды іргетаста орнату және бекітуді;
- 2) сүйрегіш арқанның типінің, диаметрінің немесе шеңберінің сызбаға немесе ведомосқа сәйкестігін;
- 3) сүйрегіш гактың тетіктік жабуын реттеуін;
- 4) сүйрегіш арқанның шектеуіштерін орнату дұрыстығын;
- 5) барлық мүмкінді бұрыштарда оны диаметральды жазықтықтан ажырату кезінде сүйрегіш арқанның дистанционды қайтару құрылғысының жұмыс қабілеттілігін;
- 6) орналасуы және арқанның сырғанауы немесе оның корпустық конструкция туралы қажалуы болмағанда роликтерді, блоктарды бағыттаушы құрылғыны тексереді.

484. Сүйреткіш құрылғыны арқандап байлау сынау кезінде:

- 1) сүйреткіш гактың оған бекітілген қанатпен қозғалуды;
- 2) сүйреткіш арқанның гактан еркін қайтарылуын қамтамасыз етуді;
- 3) арқанның рубкадан қашықтықтан қайтару құрылғысы жұмысының дұрыстығын;
- 4) арқанды таңдау немесе улау кезінде итергіш шығырдың жұмысының дұрыстығын;
- 5) итергіш шығырлардың тетіктерінің және тежегіштерінің жұмыс қабілеттілігін тексереді.

485. Кемелердің басты итергіштерін және сүйрегiштерiн құрамымен жүрiсте сынау кезiнде:

- 1) итергiш шығырлардың дұрыстығын;
- 2) тежегiштiң және арқан салғыштардың тоқтаусыздығын;
- 3) итергiш доғалары бойынша арқанның еркiн қозғалу мүмкiндiгi және оның шектеуiштердегi бекiту тиiмдiлiгiн тексередi.

486. Тiзбектiк құрылғыны монтаждауды аяқтағаннан кейiн Кеме қатынасы тiркелiмiнiң қызметкерi:

- 1) тiзбектiк жабдыққа формулярдың болуын;
- 2) тiзбектiк жабдықты iргетасқа бекiту сенiмдiлiгiн;
- 3) тiзбектiк жабдықты орнату ауданындағы кеме корпусын бекiтудiң болуын тексередi.

487. Тiзбектiк құрылғыны арқандап байлау сынау кезiнде:

- 1) аралықтың өзгеру механизмінің жұмысының дұрыстығын;
- 2) кенелердің және бекiткiш крюктердiң жұмысының дұрыстығын;
- 3) қалпақша жұдырықшаларының оларды шығыр көмегiмен бұрау немесе серiппе жұмысында керi бұрау жолымен жұмысқа қабiлеттiлiгiн;
- 4) екi құлыпты тiзбектер үшiн артық қысқыштардың жұмыс iстеу дұрыстығын;
- 5) тiректiң барлық биiктiгi бойынша көтеру және түсiру кезiнде шығырлар жұмысының дұрыстығын;
- 6) құлыпты ұстап тұратын және құрылғыны түсiрудiң жұмысының дұрыстығын;
- 7) құлыптың кiлтiнiң және арқандық тiзбектер үшiн жүрiс бойынша бекiтуге арналған құрылғы жұмысының дұрыстығын;
- 8) тарту бекетiнiң арқандарын тартуды;
- 9) арқанды қысқартқыш құрылғыны орнатуды тексередi.

Жекелеген механизмдердiң жұмысқа қабiлеттiлiгiн тексеруден кейiн бақылау тiркеу-ажыратуын жүргiзедi, құлыптың өздiгiнен ашылуын болдырмайтын құрылғы жұмысын тексередi. Құлыпты ашу жергiлiктi және қашықтықтан басқару постыларынан жүзеге асырылады.

Итергiштер және өздiгiнен жүрмейтiн кемелердiң алдыңғы замоктарын бақылап тiркеу және ажыратуды баржаның артқы ұшына елiктейтiн арнайы стендiде жүргiзуге рұқсат етедi.

Басты кемелерде және құрамдарда тiзбектiк құрылғының берiктiлiк сипаттамасы жүрiсте сынау кезiнде тiзбектiк құрылғыда пайда болатын кернеудi немесе күштердi тiк өлшеу жолымен тексерiледi.

488. Швартовты құрылғыны монтаждауды аяқтағаннан кейiн тексередi:

- 1) швартовты шпилдер iргетасында немесе шығырларда және швартовты құрылғылардың басқа да жабдықтарында орнату және бекiту;

2) өзара орналасуын, швартовты құрылғы элементтерін орнату биіктігін, сондай-ақ бас алаңдардың және оларға баратын жолдың болуы;

3) арқандап байлаудың арқандар типінің, шеңберінің және ұзындығының сызба нұсқауларына сәйкестігі (жабдықтау ведомості);

4) Гидрожүйенің құбырларын және сорғыларын монтаждау сапасы;

489. Кемеде келіп түскен құтқару құралдарында сәйкестік туралы сертификат болуы қажет.

490. Сынама жүкпен сынауды бастағанға дейін іс қосу құрылғыларының құрамына қарауды жүргізеді.

Сонымен бірге Кеме қатынасының тіркелімі қызметкері тексереді:

1) монтаждау сапасы және іске қосқыш құрылғылардың жинақтылығын;

2) бұйымның, бөліктің және бөлшектердің таңбасының және маркаларының болуы, олардың ұсынылған сертификаттарға сәйкестігін;

3) тіреуіш болттарды тарту, станин табанын іргетасқа жанастыру тығыздығы, іргетастардың дәнекерленген тігістерінің және олардың астына нығайту сапасын;

4) шығыр барабандарында қалақтардың ұштарының, сондай-ақ қалақтардың түпкі ұштарының бекітілу сенімділігін;

5) қайық белдемдерінің аралығын;

6) шығырды басқару постынан шлюпкаларды түсір-көтеру процесін бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) қайық белдемдерінің қолдық жетектерінің, қайық белдемдерін бастырмалайтын бұрандалы жетектер жұмысының дұрыстығы;

491. Кемеге орнатқаннан кейін әрбір шлюпкалы құрылғыны шлюпты түсіру және көтеру кезінде сынады. Сонымен бірге жүктемені ІСЖКЖҚ-ның 4-бөлігіне сәйкес қабылдау керек.

492. Шлюпкалы құрылғыны сынау кезінде:

1) шлюпканы түсіру кезінде шығырдың қолдық тежегішінің іске қосылу сенімділігі. Тежеу байсалды, бірақ тиімді болуы қажет.

2) ширатылған қайықтар бағыты бойынша катков қозғалыс жатықтығы;

3) қалақтардың шкив және бағыттаушы ролик бойынша, сондай-ақ бүркенішпен жабылған жерлерде өтуін;

4) шлюпкаларды түсіру жылдамдығын;

5) шығырдың барабанына арқанды ораудың бірқалыптылығын;

6) кез келген бортқа крен 15^0 болғанда, әрбір борттың қайықтарын кемеңің ең төменгі ватерсызығы деңгейіне дейін түсіруге арналған қалақтың қажетті ұзындығын;

7) шығыр барабанының арқан сыйымдылығы (арқанның жоғарғы қатардағы тігі бойынша түгелдей жайылған, барабан ребордосының жеткілікті жоғарылауы);

8) шлюпканы түсіру уақытын тексереді.

493. Шлюпка белдемдерінің толтыру жебесін тексеруді жебемен шлюпкаларды бірнеше рет аунатып және толтыру жолымен, шлюпкаларды жабдықтаудың толық жинақтылық және түсіру командасының салмағына тең жүкпен жүргізеді. Сонымен бірге:

- 1) қайық белдемдерінің жебесінің ығысуын;
- 2) катоктар қозғалысының бағыттаушы шиыршықталған қайық бойынша бірқалыптылығын;
- 3) қолдық жетектің тұтқадағы күшін;
- 4) қолмен басатынды қосқан кезде электр жетегін қоректендірудің автоматты түрде ажыратылуын (блокталуы);
- 5) ақырғы ажыратқыштардың болуын және реттеуін тексереді.

494. Механикалық жетекті құтқару шлюпкаларын және моторлы шлюпкаларды әрекетте жетегін және/немесе қозғалтқышын жүрісте тексеру мақсатында сынайды. Радио жабдықтар, прожекторлар, суландыру жүйесі және сығылған ауа болған (танкерлі қайықтарда) жағдайда көрсетілген объектілерді мақсаты бойынша тексеруді жүргізеді.

495. Құтқару салдарын орнатқан кезде типінің, санының, сыйымдылығының, орналасуының, таңбасының және маркалаудың келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігін, Кеме қатынасы тіркелімі немесе басқа сыныптамалық ұйымның және дайындаушы-ұйымның сертификатының болуын тексереді.

496. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері санының, орналасуының және кемедегі құтқару құралдарының бекітілуінің техникалық келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігін, Кеме қатынасының тіркелімі немесе басқа сыныптамалық ұйымның және дайындаушы-ұйымның куәлігінің болуын, сондай-ақ құтқару құралдарының және олардың жинақтылығын тексереді.

Құтқару құралдарының рациональды орналасуын және олардың жылдам қолдану мүмкіндігіне назар аударады.

497. Құтқару күртешелерін мұқият қарайды және олардың дайындаушы-ұйымның құжаттарына және Кеме қатынасы тіркелімі сертификатына сәйкестігін тексереді.

498. Құтқару шлюпкаларының жабдықтау заттарын Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамаға және ІСЖКЖҚ-ның 4-бөлігінің талаптарына сәйкестігін тексереді.

Сондай-ақ жабдықтау заттарының жинақтылығын, олардың шлюпкада орналасуын және дайындаушы-ұйымның құжаттарының болуын тексереді.

499. Сигналды құралдарға және кемемен жасау кезінде техникалық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналарды:

- 1) сигналдық құралдардың Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамаға сәйкестігін;
- 2) сигнал құралдарын кемеде орнатуды тексеруді орындайды.

500. Келісілген техникалық құжаттамаға сигналдық құралдардың сәйкестігін тексеруге паспорттарды, сертификаттарды және басқа да құжаттарды бақылау, сигнал құралдарын тексеру және сигнал құралдарына жазылған маркалау мен таңбаларының ілеспе құжаттарын салыстыру жатады.

501. Кемеде сигнал құралдарын орнатуды тексеруге мыналарды анықтау мақсатында сыртқы қарау мен бақылап өлшеу кіреді:

- 1) кеменің ДП қатысты тік және көлденең жазықтықтарда стационарлы сигнал құралдарының дұрыс орналасуы;
- 2) сигнал құралдарын орнатудың және бекітудің дұрыстығы;
- 3) сигнал құралдарын бөлшектеудің және ауыспалы-қосалқы бөлшектерді ауыстыру ыңғайлығы;
- 4) электр кабельдері монтажының және сигнал құралдарын қорғайтын жерлендірудің дұрыстығы;
- 5) электрлі сигнал құралдарынан пайда болатын радио бөгеттен қорғау тиімділігі;
- 6) сығылған ауа, бу немесе басқа дыбысты сигнал құралдарын әрекетте келтіруге арналған құбыр жүйесін монтаждау сапасы;
- 7) конструкциялардың жұмыс қабілеттілігі және құрылғылардың қауіпсіздігі және сигналды пиротехникалық құралдарды қолданысқа келтіруге арналған, сондай-ақ оларды сақтауға арналған құралдар.

502. Өрт сөндіру, навигациялық және авариялық, сигналды пиротехникалық және дыбыстық құралдарға техникалық бақылау жасау кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері:

- 1) жабдықтауға және оларды қолдану мерзіміне құжаттардың болуын;
- 2) жабдықтаудың жобаға және осы қағидаға сәйкес жинақтылығын;
- 3) жобаға сәйкес кемеде жабдықтау заттарын орналастыру және бекітуді тексереді.

11-тарау. Кемеде жасалуын, монтаждалуын және жүк көтергіш құрылғыларды сынауды техникалық бақылау

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

503. Осы бөлімнің дайындауға, кемеде монтаждауға және жүк көтеру құрылғыларын Номенклатураға сәйкес сынауға байланысты қатынастарды реттейді (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

504. Жүк көтергіш құрылғыларын дайындау, жөндеу және сынауды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

505. Механизмдерді, жүк көтергіш құрылғыларын, қысымдағы ыдыстарды, жүзбелі крандардың корпустарын, жүзбелі доктарды, олардың құрылғыларын және жүйелерін,

электр жабдықтарды дайындауға техникалық бақылау жүргізу кезінде осы Қағиданың тиісті бөлімдерін басшылыққа алады.

506. Кеме қатынасы тіркелімімен сыныпталатын, дайындаушы – ұйыммен кемеде орнату үшін шығарылатын жүк көтергіш құрылғыларға Техникалық бақылауды жүргізу кезінде тексереді:

1) металлконструкцияда пайдаланылатын негізгі және дәнекерлеу материалдарының сапасы және олардың Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігін;

2) жинақтаушы бұйымдарға Номенклатураға сәйкес қажетті құжаттардың болуы (осы Қағиданың 1-қосымшасы);

3) бөлшектерді, бөліктерді дайындау және Тізбеге сәйкес жүк көтеру құрылғысын жинау (осы Қағиданың 8-қосымшасы);

4) алмалы-салмалы бөлшектерді осы Қағиданың 509-512-тармақтарына сәйкес, жүк көтеру құрылғысын жиналған күйінде стендте Кеме қатынасы тіркелімі келісілген бағдарламамен сынақ жүргізу бойынша дұрыстығын.

507. Тексеру және жүк көтеру құрылғысын стендте сынаудың оң нәтижесінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері сертификатты ресімдейді.

508. Сыналған жүк көтергіш құрылғыларын таңбалау ІСЖКЖҚ-ның 369-тарауына сәйкес жүргізеді.

509. Жүк көтергіш құрылғының барлық қайта жасалған алмалы-салмалы бөлшектерін құзырлы тұлғаның бақылауымен сынама жүктемемен сынайды.

Сынау тиісті үлгіде бағаланған машинада немесе жүктің белгілі бір көлемін сыналатын бөлшекке ілу жолымен жүргізіледі (осы Қағидаға 20-қосымша).

Сынама жүктеме статистикалық қосылады, жүктеме астында ұстап тұру уақыты кемінде 5 минут.

Сынаудан кейін барлық бөлшектер құзырлы тұлғамен ақаулардың немесе қалдық деформациялардың жоқтығын анықтау үшін мұқият қарауға жатады. Блоктар осьтерді және шкивтерді қарау үшін бөлшектеледі.

Барлық алмалы-салмалы бөлшектер қарауға және сынауға мүмкіндігінше антикоррозиялық жабынмен (бояуды қоспағанда) ұсынылады.

Сыналған бөлшектерді таңбалау Номенклатураға сәйкес жүргізіледі (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

510. Шынжырларды, болат, синтетикалық және өсімдіктен жасалған арқандар сынауды және үздік жүктемелермен созылуға сынауды ІСЖКЖҚ-ның 2-бөлігінің талаптарына сәйкес жүргізеді.

Сынауды жүргізу дерегі дайындаушы-ұйымның құжатымен расталады.

511. Егер жүк көтергіш құрылғының алмалы-салмалы бөлшектері түйінде біріктірілген болса, осы түйінді жиында сынауға рұқсат етіледі.

Сонымен бірге алмалы-салмалы бөлшектерді жекелеп сынау талап етілмейді.

512. Өндірісі дайындаушы-ұйыммен игерілетін стандартталған алмалы-салмалы бөлшектердің, сондай-ақ алмалы-салмалы бөлшектердің басты үлгілерін екі есе сынама жүктемеге тең шекті жүктемемен сынайды.

Кеме қатынасы тіркелімі мұндай сынауларды алмалы-салмалы бөлшектердің басты үлгілері үшін де талап ете алады.

Егер сынақ жүгімен сынаудың есептері және нәтижелері бойынша олардың беріктілігінің жеткіліктілігі құжатпен расталса, жүк көтерімділігі 100 т және одан жоғары крандардың алмалы-салмалы бөлшектері Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша шекті жүктемемен сыналмайды.

Кеме қатынасы тіркелімі қажет болған жағдайда дайындалатын алмалы-салмалы бөлшектердің сапасын шекті жүктемемен сынау жолымен мерзімді тексеруді жүзеге асыруды талап етеді.

Мұндай сынауға жататын бөлшектер партиясының саны Кеме қатынасы тіркелімінің келісімі бойынша анықталады.

Патрондарды және болат арқандардың ұштарын престоуге арналған қысқыштарды, сондай-ақ сына бекітпелерді оларды бітегеннен кейін арқанмен бірге сынайды.

Бөлшек егер шекті жүктеме кезінде ол бұзылмаса, сынаудан өтті деп есептеледі. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері бөлшектер бұзылғанға дейін сынауды жалғастыруды талап ете алады.

Шекті жүктемемен сыналған бөлшектер, жөндеуге жатпайды, ал оларды тікелей мақсаты бойынша қолдануға рұқсат етілмейді.

Шекті жүктемемен сынау Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қатысуымен жүргізіледі.

Сынаулар нәтижелері дайындаушы – ұйымның актісінде көрсетіледі, ал олардың дұрыстығы Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің қолымен расталады.

513. Кемеде орнатуға дайындаушы-ұйыммен сыналған, мынадай мәліметтерді құрайтын таңбалы жүк көтеру құрылғысына рұқсат етіледі:

- 1) жүк көтерімділігі;
- 2) сынау айы және жылы;
- 3) кран немесе жебе нөмірі;
- 4) Кеме қатынасы тіркелімінің таңбасы.

Ескерту: Толықтай бұрылатын жүзбелі крандар үшін қосымша стандарт нөмірі көрсетіледі.

514. Жүк көтергіш құрылғының монтажын тексергеннен кейін ұйым бос жүрісте барлық агрегаттарға алдын ала сынама сынағын жүргізеді.

Сынама сынағының нәтижесі оң болған кезде жүк көтергіш құрылғысы тиісті құжаттарымен ақырғы рет сынау үшін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне ұсынылады.

515. Кемеде сынауды бастағанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мынадай құжаттарды тексереді:

- 1) қабылдау және құрылғының сынауға дайындығы туралы хабарлама;
- 2) паспорт немесе сертификат (крандар үшін);
- 3) сынау бағдарламалары;

4) жүк көтергіш құрылғының шынжырларының, арқандарының, алмалы-салмалы бөлшектерінің, сондай-ақ машинаның жауапты бөлшектердің материалдарының, крандардың металл бөліктерінің, рангоуттың және дәнекерлеу материалдарының сертификаттарын;

5) дәнекерлеген жалғаулардың сапасын тексеру актісін және дәнекерлеу жұмыстарын орындаған жауапты дәнекерлеушілердің дипломдалғаны туралы мәлімет;

- 6) механизмдерге және агрегаттарға паспорттар;
- 7) жүк көтергіш құрылғының сипаттамасы;
- 8) сызбалар және схемалар.

516. Сынау басталғанға дейін Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексеру мақсатында Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері жүк көтергіш құрылғысына қарауды жүргізеді:

- 1) агрегаттардың іргетастарға және іргетастардың палубаларға бекітілу сенімділігі;
- 2) жүк көтергіш құрылғыны жинаудың дұрыстығы;
- 3) басқару постыларын орналастырудың ыңғайлығы;
- 4) арқанды барабанға орнату қауіпсіздігі;

5) қауіпсіздік құралдарының және құрылғыларының, сақтандырғыш құралдардың және шектеулердің болуы.

517. Кемеде орнатылған жүк көтергіш құрылғысы сынама жүктемесімен статистикалық және динамикалық сынауға жатады.

Сынама жүгінің орнына динамометрді қолдануға рұқсат етілмейді.

Ауыспалы аралықты кранда сынама жүгін ең жоғары және ең төмен аралықта көтереді, ал ауыспалы кезде жүк көтерімділіктің аралығына байланысты - әрбір белгіленген жүк көтерімділігі үшін ең ұзын және ең кіші аралықта.

Сынама жүгімен сынау кезінде жүк көтерімділіктің шектеуішін ажыратады.

518. Кранды статистикалық сынау кезінде номиналды жүк көтерімділіктің 125 % көлемді сынама жүгі қолданылу қажет, сонымен бірге жебені кранның кіші орнықтылығына жауап беретін бағытқа орнату керек, жүкті 100-200 мм биіктікке көтереді. Қозғалмай тұрғанда жүк кранмен 10 кем емес ұстап тұрылу қажет.

Кранды динамикалық сынау кезінде номиналды жүк көтерімділігінің ПО % көлемді сынама жүгі қолданылу қажет. Қозғалыстың барлық түрлері толық жылдамдықта орындалады.

Сынау кезінде аралықты өзгерту ұштың шеткі күйінің рұқсат етілген екі аралықтың мүмкінді мандерінде барлық диапазонда жүзеге асырылады.

Жүк шығырлары ұшының және крандардың тежеуіш жұмысының сенімділігінің сынама жүгін 3 м оны тез тежеумен түсірумен тексереді. Бұл сынауды аз шамада ұштың екі күйінде жүргізіледі.

Сондай-ақ сынама жүгін шығырдың жетегі ажыратылған таразда ұстап тұрып тексереді.

519. Кранды сыналатын жүкпен сынағаннан кейін ол тең көтеру, бұрылу, аралықтың өзгеру және ең жоғары жылдамдықпен қозғалу механизмінің жұмысы кезінде жүк көтерімділігі салмағына жүкпен сыналады, сонымен бірге осы жылдам тежеумен көтеру, бұрылу, аралықтың өзгеру және қозғалу механизмдерінің тежеуіштері тексеріледі.

Сынау кезінде ақырғы ажыратқыштар және аралық көрсеткіштерінің жұмысы тексеріледі.

Егер кранда қозғалысты сыйыстыру көзделсе (көтеру, аралықтың өзгеруі, бұрылу және қозғалу), оның рұқсат етілген осындай сыйыстыруды нұсқаларында жұмысын тексереді.

Жүк көтерімділіктің шектеуіштерін тиісті шектеуіш қондырғыда жүк көтерудің жұмыс істеуін тексереді.

520. Сынау кезінде болат конструкциялардың, жебелердің, механизмдердің, жауапты бөлшектердің және бекітулердің жағдайын бақылау керек.

Кранның тұрақтылығына, барлық тіректердің төменгі бөлік негізіне жанасуға, бекіту және қарсы салмақ жұмысына және тежегіш құрылғыларына ерекше назар аударады.

Сондай-ақ жүк вахтасы органының ең төменгі жұмыс күйіндегі барабанда шығырлар арқанның бір жарым орамынан кем емес қалатынына көз жеткізеді.

521. Жылжымалы типті крандарды сынау кезінде домалақтар рельстен ажырамайтынына көз жеткізеді.

522. Барлық металлконструкцияларды, агрегаттарды және жүк көтеру құрылғысының бөлшектерін сынағаннан кейін, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері мүмкін болатын ақауларды: сызаттарды, қалдық деформацияларды анықтау мақсатында қарайды.

Ақауларды байқаған кезде олардың пайда болу себебін белгілейді, ақауларды Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген тәсілмен жояды, қажет болған жағдайда қайта сынау жүргізеді.

523. Жүк көтергіш құрылғысын сынауды аяқтағаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімінің құжаттары ресімделеді.

12-тарау. Кемеде электр жабдықтарын дайындауды, монтаждауды және сынауды техникалық байқау

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 04.05.2020 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

524. Осы бөлімнің нормалары Кеме қатынасы тіркелімі дайындауды, кемеде монтаждауды және Номенклатураға сәйкес электр жабдықтарын сынауды техникалық бақылауды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды регламенттейді (осы Қағиданың 1-қосымшасы).

525. Осы Қағиданың 504-тармағына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімі техникалық бақылау кезінде:

1) электр жабдығын дайындау жобаларын және сынау бағдарламаларының техникалық шарттарын келісуді;

2) дайындаушы-ұйымда электр жабдықты дайындау мен сынауға техникалық бақылауды;

3) электр жабдықтарын кемеде монтаждау мен сынауға техникалық бақылауды көздейді.

526. Оларды орнатқаннан кейін және жұмысын аяқтағаннан кейін бақылау үшін мүмкін болмайтын электр жабдықтарының барлық түрлері, монтаждау жұмыстары, материалдар арматуралары және басқаларды, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне қажетті тексерулерді жүзеге асыру мүмкін болған жұмыс кезеңінде ұсынады.

527. Технологиялық, шаруашылық және тұрмыстық мақсаттағы электр жабдықтарына техникалық бақылау мынадай тексерулермен шектеледі:

1) оқшаулаудың жағдайы және қарсыласуы;

2) электр энергиясын таратқыш жүйесін қолдану;

3) электр энергиясы көзіне қосылу түйіндерінің дұрыстығы;

4) өрт қауіпті үй-жайларда және кеңістіктерге орнату кезінде электр жабдықтарының жарылыстан қорғау деңгейі;

5) кабельде қолданылатын желілердің типі, маркасы және қималары;

6) жерлендіру.

528. Осы Қағиданың 527-тармағында көрсетілген электр жабдықтарды, басты үлгімен осы жабдықтың жауапты мақсаттағы электр жабдықтарына кері әсерінің мүмкіндігін болдырмау және жарылыс, өрт, су алып кету және адамдармен оқыс оқиғаның пайда болу қауіптілігін болдырмау мақсатында тексереді.

529. Осы бөліммен электр жабдықтарын дайындаушы-ұйымда басты үлгілерді және кейінге қалдырылған сериялық бұйымдарды тексеру және сынау бойынша негізгі қағидалар регламенттеледі.

530. Кеме қатынасы тіркелімі электр жабдықтарын дайындау және сынауға Номенклатураға сәйкес техникалық бақылау жүргізеді.

531. Дайындаушы-ұйымда электр жабдығын дайындау мен сынауға техникалық бақылауды бастаудан бұрын Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мынадай құжаттардың болуын тексереді:

1) электр жабдығының Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамасы;

2) егер бұл Номенклатурада көзделсе, жинақтаушы бұйымдардың Кеме қатынасы тіркелімі техникалық бақылауымен дайындалғанын растайтын құжаттарды;

3) егер ол сынау бағдарламасымен көзделсе, арнайы сынау түрлерінің (мысалы жарылыстан қорғау) оң нәтижелерін растайтын құзыретті органдардың құжаттарын;

4) Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген сынаулар бағдарламасын және әдістемелерін;

5) сынау бағдарламасында көзделген оның сипаттамасын растайтын қажетті құжаттарымен бірге сынақ жабдықтарын;

6) нақтылығы 1,5 кем емес сыныпты өлшеу құралдарын.

532. Электр жабдықтарын қарау және тексеру бұйымның Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген техникалық құжаттамаға, Қағида талаптарына және бұйымның сынауға дайындығын тексеру мақсатында жүргізіледі.

533. Қарау кезінде (қажет болғанда ашумен және жекелеп бөлшектеумен) тексереді:

1) бұйымды дайындау кезінде қолданылған материалдардың техникалық құжаттамасын;

2) қаралатын бұйымның құрамына кіретін жинақтаушының техникалық жай-күйі;

3) бұйымның электрлік схемасы монтажының сапасы;

4) бұйымның конструктивтік орындалуы;

5) түйіндердің жалғау және бекітілу, тоқ жүргізуші бөліктер, дәнекерленген, бұрандалған және конструктивтік және байланыс жалғауларының беріктілігі;

6) антикоррозиялық жабындардың болуы;

7) қажетті маркалаудың және жазулардың болуы;

8) кабельдердің және өткізгіштердің байланыс және қорғау терезелерінің техникалық жағдайы;

9) электр қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғының дұрыстығы (қорғағыш жерлендіру, блоктау).

Бұйымды қараудың оң нәтижесінде сынауға жіберіледі.

534. Іс-қимылда сынауға дайындаушы-ұйымда бұйымның әрбір үлгісі жатады.

Іс-қимылда сынау техникалық құжаттамамен көрсетілген қалыпты климаттық жағдайда номиналды режимде жүргізіледі. Сынау процесінде қажетті өлшеулер орындалады және барлық сипаттамалары алынады. Жүктемеде жұмыс істеуші электрлік жабдық үшін сипаттаманы алып тастау белгіленген жұмыс температурасына жету бойынша жүзеге асырылады.

535. Оқшаулаудың электрлік беріктілігін сынау және кемедегі жұмыс шартына сәйкестігін сынау (рұқсат етілген температура, дірілге тұрақтылық) ІСЖКЖҚ-на 4-қосымша талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

536. Сынау және тексеру сынау бағдарламаларында және әдістемелерінде көрсетілетін, тізбекті бір және сол үлгілерде жүргізіледі.

537. Оқшаулаудың қарсыласуын өлшеу сынаулардың барлық түрлерін бастау және анықтау алдында міндетті болып табылады.

538. Егер бұйым сынаудың қандай да бір түрінен өтпесе және оның конструкциясында осыған байланысты өзгеріс немесе жетілдіру енгізілсе, сынау бағдарламасына сәйкес қайта сынау жүргізіледі.

Қайта сынау көлемі Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен белгіленеді.

539. Сынау және тексерудің оң нәтижесінде бұйымға сертификат беріледі.

540. Іргетастарды және электр жабдықтарының басқа тірек конструкцияларын зерттеу кезінде:

1) орындалған жұмыстар сапасы, үшкір жиектердің және орнатылған электр жабдығына зақым келтіретін басқа ақаулардың болмауын;

2) антикоррозиялық өңдеулердің, сырлаудың, гальваникалық жабындардың сапасын;

3) электр жабдығын күту үшін мүмкіндіктің болуын;

4) электр жабдығы қондырғысының осы Қағида талаптарына сәйкестігі (кеме корпусы қаптамасында, отын, май, су цистернасының қабырғаларында, қысымдағы ыдыстарда орнатудың мүмкін еместігі);

5) электр жабдығы қондырғысының және әсіресе оның кернеуленген бөліктерінің корпус қаптамаларынан, палуба төсеніштерінен және платформалардан алыс болуын;

6) электр жабдықтарының жанғыш материалдардан, жылу көздерінен, газға арналған орыннан, сондай-ақ құбырлардан, цистерналардан, клапандардан және басқа электр жабдығын зақымдау немесе қоршаған материалдардың жануы үшін жағдайлар туғызатын арматуралардың алыс орналасуын тексереді.

541. Еспелі электр қондырғыларын зерттеу кезінде:

1) еспелі электрлі қондырғының электрлі машиналарының үстіндегі құбырлардың, клапандардың және басқа арматуралардың фланецті және бұрандалы жалғауларының болмауын;

2) су салқындатқыштардың олардың құбырларын орналастыру, су магистральдарында, іске қосу клапандарында клапанның болуын тексереді.

542. Кабельді желіні зерттеу кезінде Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері мыналарды тексереді:

1) кабель төсемдерінің жолдарын май және мұнай өнімдерінің түсуі мүмкін жерлерден алыстату;

2) кабельдерге арналған тіректік құрылғылар конструкциясының дұрыстығы;

3) тіректік конструкцияны кабельді бекіту жеткіліктілігі және жиілігі;

4) әр түрлі міндеттегі және әр түрлі кернеудегі кабельдердің жеке төсемдерін;

5) құбырларды орнату конструкциясын және тәсілдерін, өтем конструкцияларын және оларға кабельдерді, каналдарды, науаларды, тіреуіштерді, стакандарды, шино өткізгіштің қаңқаларын, қорапшалардың өткізу кабельдерін арнайы тығыздайтын конструкциялар және техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігіне тән кабельдерді қалқалар және палубалар арқылы салуға арналған басқа да конструкцияларды;

6) жарылысқа қауіпті үй-жайларда және кеңістіктерде және өртке қауіпті бөлмелерде кабельді орнатудың дұрыстығы;

7) маркалауды, кабель желілерін және сымдарын ұштау.

543. Аккумуляторды зерттеу кезінде тексереді:

1) аккумуляторға арналған бөлменің (шкафтың) және аккумулятордың орналасуының Қағида талаптарына сәйкестігі;

2) батареяларды бекітудің сенімділігі;

3) аккумуляторлы үй-жайдың төбесінде іркілген зонаның болмауы;

4) аккумуляторлы үй-жайда автономды желдеткіштің болуы;

5) аккумуляторлы үй-жайдың желдеткішін қосқанға дейін, аккумулятордың зарядқа қосылуын болдырмайтын блоктаудың дұрыстығы;

6) жарылыстан қорғау шаралары.

544. Штатты орынға орнатқаннан кейін Кеме қатынасы тіркелімі қызметкері, барлық электр жабдықтары өзінің жинақтылығын, санын, электр қорғауын, кабельді желісін орындау бойынша, кеме үй-жайларында және кеңістіктерінде орналасуын, техникалық күтудің, құрылғылармен басқарудың және реттеудің, шектеудің өртке қауіпті және жарылыстан қорғау қауіпсіздігі шаралары, электр тогымен бос болмаудан қорғаудың, жерлендіруді қорғаудың және басқа сипаттамалары және параметрлері бойынша өзінің мақсатына сәйкес келетініне және кемеңің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ететіне көз жеткізеді.

545. Орнатылған электр жабдығын қарауды салғаннан, бекіткеннен, бөлшектенгеннен және барлық кабельдерді жабдыққа қосқаннан кейін жүргізеді.

546. Құймалы кемелердің электр жабдықтарының монтажын тексерген кезде осы кемелердің жабдықтарына арналған осы Қағиданың арнайы талаптарының орындалуын қосымша бақылайды.

547. Арқандап байлап сынауда барлық тұтынушыларды қоректендіру штатты кемелік генераторлардан жүзеге асырылуы қажет.

Жекелеген жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша тиісті параметрлері бар, жағалаулық электр энергиясынан кемелік тұтынушыларды қоректендіру кезінде арқандап байлап сынау жүргізуге рұқсат етіледі.

Электр энергиясының штатты тұтынушылары арқандап байлап сынауда талап етілетін кемелік генераторлардың жүктемесін қамтамасыз ете алмаса, арнайы жүктемелік құрылғылар қолданылады.

548. Еспелі электр қондырғысынарқандап байлап сынау процесінде тексереді:

- 1) жобалық құжаттамамен көзделген ауыстырып қосқыштардың барлық нұсқаларында алдыңғы және артқы жүріске орнату жұмысының дұрыстығын;
- 2) басты дизель-генераторлардың, резервті қоздырғыштардың, желдеткіштердің, салқындату және майлау агрегаттарын іске қосу құралдарының дұрыстығын;
- 3) резервті постылардан қондырғыларды басқару мүмкіндігін;
- 4) толық жүктеме және реверс кезінде щетка астындағы ұшқын деңгейін;
- 5) қорғау аппараттарының, сигнал берудің және блоктаудың дұрыстығын;
- 6) электрлі машинаның, кабельді желінің және суық және қыздырылған жағдайдағы электр қозғалтқыш жүйелердің қосымша агрегаттарының оқшаулауының қарсыласуын;
- 7) машиналық үй-жайдағы және жүрістік көпірдегі еспелі біліктің айналу жиілігін көрсеткіштің көрсетулерінің келісілгендігін тексереді.

549. Кемелік электр станцияларының генераторларын барлық режимдерде басты қалқан таратқышпен бірге сынайды.

Сынау кезінде мыналарды:

- 1) сынау бағдарламасына сәйкес генераторлардың жұмысқа қабілеттілігін;
- 2) әр түрлі жүктеме және жүктемені бір генератордан басқасына ауыстырып қосу кезінде параллельді жұмыстың орнықтылығын;
- 3) кернеулерді реттегіштің және генераторлар аралығында активті және реактивті құрылғыларды таратқыштардың дұрыстығын;
- 4) генераторларды қорғайтын автоматты аппараттарды күйіне келтіруді;
- 5) генераторлар щеткасы астындағы ұшқын деңгейін;
- 6) оқшаулаудың қарсыласуын;
- 7) синхронизацияны және жүктемені бөлетін автоматты құрылғының дұрыстығын тексереді.

550. Аккумуляторлы батареяны әрекетте байқау кезінде:

- 1) аккумуляторлардағы электролиттің тығыздығын және деңгейін;
- 2) оқшаулаудың қарсыласуын;
- 3) зарядты құрылғының және тоқтан ажырату режиміндегі батареяның жұмысын;
- 4) қорғаудың автоматты құралының жұмыс істеуін (кері тоқтан);
- 5) тікелей мақсаты бойынша тоқтан ажыратудағы батареяның сыйымдылығы және оның қысқышындағы кернеуін;
- 6) үй-жайды немесе шкафты желдету тиімділігін (басты кемелерде) тексереді.

551. Таратқыш құрылғыларды сынау кезінде мыналарды:

- 1) жобамен көзделген, үйлестірудің барлық режимдерінде және жүктеме нұсқаларында құрылғылардың артық жүктемеде жұмысқа қабілеттілігін;

2) негізі постылардан басқаруды қондырғыларымен жергіліктіге аудару мүмкіндігі және олардың осындай басқарумен үздіксіз жұмыс істеуін;

3) басқару органдарының тапсырылған күйге басқарылатын объектінің нақты жұмыс режимімен сәйкес келуін;

4) қорғаудың, блоктаудың және сигнал берудің автоматты аппараттарын күйіне келтіруін;

5) өлшеуіш және тіркеуші құралдардың көрсеткішін;

6) оқшаулаудың қарсыласуын тексереді.

552. Электр жетектерін сынау кезінде әрбір электр жетектің сипаттамасы және оның мақсатына сәйкестігі анықталады.

Мұндай сынаулардан басқа мыналарды:

1) сынау бағдарламасында айтылған уақыт ішінде жүктемеде жетектің жұмысқа қабілеттілігін (қажет болған жағдайда өлшеуіш құралдарды қолданумен);

2) қашықтықтан және жергілікті постылардан жетекті басқару мүмкіндігі және авариялықсөндіргіштер көмегімен ажырату;

3) ақырғы ажыратқыштардың, тежеуіштердің, блоктаудың, бақылау құрылғыларының, автоматты қорғау және сигнал беру аппараттарының жұмыс істеу дұрыстығын;

4) отыннан қорғау қондырғысы мәнінің электр қозғалтқышты қорғау тоқтарына сәйкес келуін;

5) салқын және қыздырылған күйде электр қозғалтқыштарының және аппаратуралардың оқшаулауларының қарсыласуын тексереді.

553. Басқару және сигнал беру құралдарын сынау кезінде:

1) тапсырылған және орындаушы құралдар әрекетінің келісілгендігін (телеграфтар, рульдің бағытын көрсеткіштер, тахометрлер);

2) сигнал берудің, құрылғылардың, аппараттардың дұрыстығын;

3) қауырт және өрт сигналының іске қосылуын;

4) оқшаулау қарсыласуын тексереді.

554. Авариялық электр қондырғысын сынау уақытында:

1) авариялық дизель-генератордың тоқтаусыз автоматты іске қосылуын;

2) авариялық генератордың апатты таратқыш қалқанның шиналарына автоматты қосылуының тоқтаусыздығын;

3) тұтынушылардың авариялық электр энергиясы (дизель-генератор немесе аккумуляторлы батарея) көзінен қорекке қосылуының тоқтаусыздығын;

4) тұтынушылардың апатты қысқа мерзімді электр энергиясы (егер мұндай қарастырылса) көзінен қорекке қосылуының тоқтаусыздығын;

5) барлық авариялық тұтынушылардың жұмысы кезінде кернеуді, айналу жиілігін және тоқ күшін өлшеу жолымен авариялық дизель-генератор параметрлерінің мәндерін тексереді.

555. Сондай –ақ қолдық жетек және ақырғы ажыратқыштарды қосу кезінде қайықты шығырлардың электр жетектің блоктау құрылғысының жұмыс істеуінің дұрыстығын тексереді.

556. Негізгі және авариялық жарықтандыру шырағандарының дұрыстығын тексереді, соның ішінде кемелік техникалардың барлық жауапты объектілерінің, кеме үй-жайларында және кеңістіктерінде, құтқару шлюпкаларында, салдарында, жеке құтқару құралдарын сақтау орындарында

557. Жұмыс кезінде сигнальды–ажыратқыш шамдарды және олардың жөнделмегені туралы сигнал беруді тексереді.

558. Жүрісте сынау кезінде бағдарламада көзделген барлық режимдерде кеменің электр қондырғылары жұмысын тексереді, кеме жүрісінде орны бар нақты жүктеме және шарт кезінде, сондай-ақ арқандап байлап сынау кезінде толықтай сыналмаған электр жабдығы жұмысының дұрыстығын тексереді.

Электр жабдығын сынау және тексеру ұзақтылығын, осы Қағиданың тиісті бөлімдерінде сынау жүргізуге талаптарды тұжырымдау және электр энергиясын әрекетке келтіретін кемелік техникалық құралдарды және құрылғыларды тексеру кезінде көрсетілген уақытты ескере отырып тағайындайды.

559. Кемелік электр станциясын сынау кезінде тексереді:

1) кеменің тұрақтағыдан басқа, барлық режимдерінде жүктеме кестесіне сәйкес тұтынушыларды қоректендіру үшін, генераторлардың қуатының жеткіліктілігін;

2) ГРЩ кернеу және онан қажетті тұтынушыларды қоректендіру жоғалып кеткен кезде электр энергиясының авариялық көзінің тоқтаусыз қосылуын;

3) қысқа мерзімді авариялық электр энергиясы көзінің (егер мұндай қарастырылса) авариялық дизель-генераторды әрекетке енгізу уақытында тоқтаусыз қосылуын тексереді.

560. Еспелі электр қондырғысын сынау кезінде жүзеге асырылады:

1) осы Қағиданың 528-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгендерді тексеру;

2) кеменің әр түрлі жылдамдығында реверстің ұзақтылығын өлшеу.

561. Кемелік техникалардың сорғыларының, компрессорларының, сепараторларының, желдеткіштерінің және басқа да объектілерінің электрлі жетектерін қосу және ажырату, резервті жинаққа ауысу жұмысының сенімділігі негізінде тікелей мақсаты бойынша жұмыс істеу кезінде, егер мұндай көзделсе электр жетегін қосатын және ажырататын қашықтық пультін, автоматтандырылған қондырғыларды жұмыс ортасының параметрін реттейтін сигнал бойынша резервті электр жетектерінің автоматты қосылуының іс-қимылын тексереді.

Жұмыс істеп тұрған электрлі жабдықтың артық жүктемесі, рұқсат етілмеген корпус температураларының жоғарылауы, қабы, жұқа тақтайшалар, мойынтіректер жоқ екеніне тексеруді қолда бар құралдар немесе тактильді әдіс көмегімен жүргізеді.

Сондай-ақ жеке діріл сияқты басты қозғалтқыштар және басқа кемелік техника объектілерімен немесе кеме жылжытқыш жұмысымен шақырылған діріл параметрлерін тексереді.

562. Рульдік құрылғылардың электр жетектерін, олардың қорек жүйелерін (негізгі және қайталау қорек сызығы), басқару жүйелерін, руль ұшының бағытының индикациясын, электр жетегінің жұмысы туралы сигнал беру және оның тоқтауы және басқаларын барлық көзделген рульдік құрылғының жұмысы кезінде тексереді.

563. Тексеруді рульдік жетектің екі электрлі агрегаттық жұмысы кезіндегідей, сондай-ақ әрбір күштік агрегатты барлық көзделген қашықтықтан және жергілікті басқару күштік агрегаттардың электрлі жетектерін және негізгі және қайталаушы қорек сызығынан басқару жүйелерін қоректендіру кезінде жекелеп тексереді.

Сонымен бірге осы Қағиданың 9-бөлімінде көзделген рульді борттан бортқа ауыстыру циклін, әрбір агрегат үшін әрбір постыдан және әрбір қорек сызығы үшін 5 реттен кем емес орындау керек.

564. Шығырлық қайықтардың, зәкірлік және швартовты құрылғылардың электр жетектерін тексеруді тізбектелген құрылғыларды кемеңі зәкірге орнату және зәкірден түсіру кезінде айлақтан жылжығанда, швартовкалауда және зәкірде кеме тоқтағанда сынау кезінде жүргізіледі.

565. Жүрісте сынау кезінде электр жабдығының оқшаулау қарсыласуын оның жұмыс уақытындағы сияқты оқшаулау қарсылығын өлшеуге арналған қалқандық құралдар көмегімен өлшейді, сондай-ақ бірден жұмыс уақытында белгіленген жабдықтың температурасында әрекеттен шығарғаннан кейін ауыспалы мегаомметрмен өлшейді.

566. Коллекторлы және байланысты сақиналарымен электр машиналарын ұшқын деңгейіне тексереді.

567. Жүрісте сынаудан кейін, жүрісте сынау кезінде нормадан артық қызып кеткен, жүргізу кезінде электр машиналарының мойынтірегін ашуды қажет ететін ревизия көлемін белгілейді.

568. Электр машинасын ашу кезінде:

- 1) статорлы орауды қолдаушы конструкцияның техникалық жай-күйін;
- 2) керттік клиндерін орауыштың орналасуын;
- 3) полюстардың олардың орауышымен техникалық жай-күйін және орналасуын;
- 4) айналмалы бөліктердің бекітілу сенімділігін тексереді.

	Мерзімі _____
	Жауапты орындаушы _____

Цех (бөлім) бастығы _____

" ___ " _____ 20 ___ ж.

Қорытынды: _____

Конструкторлық бөлім бастығы	Бас технолог (бас дәнекерлеуші, бас металлург)	Тапсырысты жасаушы
------------------------------	--	--------------------

Келісілді

Техникалық бақылау қызметінің өкілі	Жобалаушы ұйымның өкілі	Тапсырыс берушінің өкілі
-------------------------------------	-------------------------	--------------------------

Ескерту. Кеме қатынасы тіркелімімен келісілген құжаттамалар, конструкциялар бойынша ауытқуларға рұқсат беру Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісіледі.

Корпустық конструкциялардың қаптамасын және жиынтығын дәнекерлеу өзгерісінің рұқсат етілген мәндері және кеме корпусын сынаудағы ауытқулар

1. Бухтиннің, қабырғаның, жаншылғанның және корпусстың конструкциялар қаптамасының "үйшіктерінің" майысу сілтемесінің рұқсат етілген мәндері осы қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген мәндерден аспауы қажет.

Сонымен бірге, шпация шегіндегі тез жүретін кемелер үшін қалыңдығы 4-7 мм аралығында болатын типтік қаптама бухтиннің "үйшіктердің" қабырғасының майысу сілтемесінің мәндері 3 мм аспауы қажет.

2. Корпустық конструкциялардың жергілікті деформация жиынтығының мәндері осы қосымшасының 2-кестесінде келтірілгеннен аспауы қажет.

Осы қосымшада келтірілген шектерден шығып кететін корпуссты конструкциялардың дәнекерленген деформацияларын жою қажет.

Осы конструкцияда дайындау технологиялық процесте қолданылатын әдіспен түзету технологиясы сәйкес келуі қажет.

Мүмкіндігінше жылу соққысыз түзету әдісін қолдану керек.

3. Кеме корпусын жинау кезінде рұқсат етілген ауытқулар осы қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

1-кесте

Конструкциялар тобы	Корпус конструкциясының атауы	Майысу ұшының рұқсат етілген мәндері, мм, кем емес
IA	Жоғарғы палуба төсеніші, екінші түп төсеніші, түпті қаптама, КВЛ төмен борттық қаптама, Үздіксіз аралықтардың және ішкі борттардың, палуба төсенішінің және қондырма қабырғаларының (кеменің ортаңғы бөлігінен 0,25 кеме ұзындығына алдыңғы және артқы жаққа қарай мидельден) жоғарғы және төменгі белдіктері, сыртқы қаптаманың және палубалық трингердің қаңқалық белдігі (кеменің ұзынабойы)	5
ПБ	жоғарылатылған талаптар ұсынылатын ішкі түріне КВЛ жоғары борттық қаптама, қондырма және рубкалардың сыртқы қабырғалары, ашық палубалар, фальшборттар, ішкі дәліздердің қоршаулары, түтін құбырларының және басқа конструкциялардың бүркеніштері	6*
II	Корпус ұшында орналасқан IA тобының конструкциялары, сондай-ақ басты көлденең және бойлық қалқалар (жоғарғы және төменгі белдіктерден басқасы),	7

	төменгі палуб төсеніштері, платформа төсеніштері, ішкі қоршаулар және жеңіл қалқалар	
III	Жалпы беріктілік есебіне кірмейтін және I және II топқа жатпайтын палубтар (тігілетін); екі жағынан тігілетін ішкі қалқалар және қоршаулар; қоймалардағы, трюмдардағы, машиналық бөлімдердегі, душтардағы және басқа құрылымдардағы ішкі түріне талаптар ұсыныла бермейтін қоршаулар	10
*Негізделген жағдайларда – 7 мм.		

2-кесте

Өзгерістер атауы	Бақыланатын жиынтық атауы	Майысудың немесе ауытқудың рұқсат етілген ұшы, мм
Жиынтық дуалының жазық учаскелерінің айлақтары	Донаралық кеңістіктегі флорлар және кильсондар Басқа рамалық жиынты	5 9
"Опырылу" қабырға	Барлық жиынтық	2
"Үйшік" жиынтық дуалының жазықтығында	Барлық жиынтық	2
"Үйшік" жиынтық дуалының жазықтығынан жапсар кезінде	Барлық жиынтық	6
Жиынтық дуалы мен қаптама арасындағы ауытқу	Барлық жиынтық: $h > 100$ мм $h \leq 100$ мм	2 4
Белдік және жиынтық дуалы арасындағы ауытқу	Барлық жиынтық: $h > 200$ мм $h \leq 200$ мм	2 3
ескету, h — дуал және жиынтық биіктігі		

3-кесте

Тексерілетін параметр	Рұқсат етілген ауытқу, мм	Ескерту
Табақша қаптамасының және төсеніштердің жапсарланатын жиектерінің ығысуы	0,1 табақша қалыңдығы	3 мм жоғары емес
Монтаждық шпация ұзындығына жапсарланатын тармақтың тік сызықтықтан ауытқуы: бойлық қабырға қаттылығының тік кильдеі, стрингерлері, карлингстері	6 8	
Флорлармен және бимстармен 1 м дейінгі қосынды ұзындықта		

жапсарланатын рамалық шпангоуттардың тік сызығының ауытқуы		Барлық ұзына бойынан 8 мм жоғары
Кез келген бөлінген табакшалардың корпус байланысымен сәйкес келмеуі	0,5 байланыс дуалының қалыңдығы	Есепке кіші қалыңдық қабылданады
Монтаждық шпация өлшемінде ауытқу	4 % еселік өлшемінен	
Жиынтықтан төмен жатқан дуалдарға қатысты қалқа дуалдарының ығысуы	0,5 жиынтық дуалының қалыңдығы	
Қалқа жазықтығының теоретикалық шпангоут жазықтығының тігінен ауытқуы	1 мм қалқаның биіктігіне 2 мм	Барлық биіктікке 15 мм жоғары емес
Баллер осінің ДП қатысты ығысуы	± 3	
Ахтерштевтегі саңылау орталығының негізгі білік осінен ығысуы	± 3	
Ахтерштевтегі баллер астындағы тесік орталығының тік осьтен ығысуы	± 5	
Ахтерштевтің тігіс күйінің негізгі жазықтықтан ауытқуы	± 8	

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 15-қосымша

Корпусты су өткізбеушілікке сынау

1. Жалпы ережелер

Параграф 1. Қолданылу саласы

1. Осы Қағидаға қосымшалар (бұдан әрі - қосымша) Ішкі және "өзен-теңіз" аралас суларында жүзетін, Кеме қатынасы тіркелімімен сыныпталатын кемелердің металл корпустарының су өткізбеушілікке сынаудың әдістері мен нормаларын белгілейді.

2. Осы қосымшаның нормалары жасалып жатқан кемелерге сияқты, пайдаланудағы кемелерге таралады.

3. Осы қосымшада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) бөлшек — су өткізбейтін конструкциялармен қоршалған кеме корпусындағы көлем (сыртқы қаптамамен, екінші түп төсенішімен, палубалармен, қалқалармен);

2) бөлшектер және "а" топты конструкциялар — пайдалану кезінде уақытша және үнемі (жүйелерді, құрылғыларды, жабдықтарды пайдалану кезінде жиналған сұйықтықты қоспағанда) сұйықтық болатын бөліктер және цистерналар, сондай-ақ форпик, ахтерпик, қуыс рульдер, бағыттаушы қондырмалар, қанатты құрылғылардың қуыс элементтері, әуе жәшіктері, екінші түбі жоқ, катерлердің су өткізбейтін бөліктері;

3) бөлшектер және "б" топты конструкциялар– "а" тобына жатпайтын, бірақ пайдалану шарты бойынша су өткізбейтін болуы керек бөліктер және корпус конструкциялары, қондырмалар және рубкалар, оның ішінде жүзбелі доктардың құрғақ бөліктері және су өткізбеушілік бойынша талап ұсынылатын, рульді басқарушы құрылғының бөлмесі;

4) құрастыру-дәнекерлеу жұмыстарын аяқтау – орнату, жинау, дәнекерлеу, түзету корпус конструкцияларын және іскер заттарды тойтару, сондай-ақ сыналатын конструкциялардағы барлық тойдыруды орнату, жинау, дәнекерлеу және тойтаруға (іргетастар, дәнекерлеу, тойтарулар, электр кабельдерін және әртүрлі құрылғыларды бекітуге арналған конструкциялар) байланысты сыналатын конструкциялардағы жұмыстарды аяқтау;

5) монтаждық жұмыстарды аяқтау – қозғалтқыштарды, жүйелерді, құрылғыларды, жетектерді, электр кабелінің төсемдерін, жабдықтар қондырғыларын монтаждауға байланысты, кабельді қораптарды компаундтармен толтыру немесе басқа тығыздаушы құрылымдарды барлық жабу түрлерін түсірумен байланысты барлық жұмыстардың аяқталуы;

6) су өткізбеушілікке сынау –сынау құралдарымен су өткізбеушілікке конструкцияны сынау орталарымен параметрлерінің өзгеруі бойынша бағалаумен немесе олардың пайда болу орнын анықтау жолымен корпус конструкциясына әсер етуші технологиялық процесс;

7) су өткізбеушілікке жергілікті тексеру – су өткізбеушілікке сынау жанама ақауды жою орны;

8) су өткізбеушілік – конструкцияның суды немесе басқа сұйықтықтарды өткізбеу қабілеттілігі;

9) су өткізбеушілікке жалпы тексеру – осы конструкцияға жататын, объектілер тобына арналған әдіспен барлық конструкцияны су өткізбеушілікке сынау

10) судың шашыраған ағысы - брандспойттан жоғары көлденең бұрышқа қарай шығарылған, ағыс тармағының таралмауы

11) сынау категориясы — корпустық конструкцияны, сондай-ақ конструкция міндеті және оның қалыптасуының технологиялық жүйелілігіне жақсы заттарды, жабдықтарды, құрылғыларды сынау көлемі мен тәсілімен анықталатын түсінік. Сынаудың 3 категориясы көзделген: алдын ала, негізгі және бақылау;

12) сынау схемалары және кестесі – номенклатураны, орналасуды, бөліктерді және су өткізбеушілік бойынша талаптар ұсынылатын конструкцияларды сынау әдістері мен нормаларын анықтайтын жобалық құжаттар.

4. Қалыпты пайдалану шартында немесе көзделген апатты жағдайлар есебінде сумен немесе басқа сұйықтықпен жанасуы мүмкін және өзінің жұмыс қабілеттілігін сақтай отырып оны өткізбеуі қажет кемнің барлық конструкциясы, жабдықтары, құрылғылары және іскер заттары су өткізбеушілікке сынауға жатады.

5. Корпусты, оның бөліктерін және жекелеген конструкцияларын сынау осы Қосымшаға сәйкес әзірленген және Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісілген су өткізбеушіліктің схемасы және сынау кестесіне сәйкес жүргізіледі. Осы құжаттарды әзірлеу кезінде корпус конструкцияларын және құтқару алаңдарының корпусты су құюмен сынаудан туындайтын беріктілігін қамтамасыз ету бойынша шаралар көзделеді.

Жүзбелі докта кеме корпусын сынауда доктың тұрақтылығы қосымша бағаланады.

6. Корпустың барлық элементтері, оның ішінде оны стапельден түсіргеннен кейін кеменің жүзуде болуын қамтамасыз етуші, оның ішінде орналасқан бөліктері, сондай-ақ қарауға және жүзуде ақауларды жоюға мүмкін емес конструкциялар стапельде немесе кемені суға түсіргенге дейін докта сыналады.

Кеме жүзуде болған кезде (екінші түп төсеніші және донаралық кеңістіктегі су өткізбейтін конструкциялардан басқа) барлық контуры бойынша қарау мүмкін корпустың су өткізбейтін конструкцияларын, егер олар стапельде немесе докта сыналмаған болса, жүзуде сынауға рұқсат етіледі.

7. Бұрын су өткізбеушілікке сынаудан өткен корпустық конструкцияда, іскер заттарда және жабдықтарда жұмыстарының су өткізбеушілігінің бұзылуына байланысты құрастыру-дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде, жергілікті қажет болған жағдайларда жалпы су өткізбеушілікке тексеру жүргізіледі.

Сынау жүргізу шарты және бракка шығарылған параметрлер Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісіледі.

8. Су өткізбеушілікке сынауды бастаудан бұрын дәнекерлеген және тойтарылған жалғаулардың сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

9. Сыналатын конструкцияның және жалғаулардың үстіңгі беті ластанудан тазартылуы, ал конструкцияның бақыланатын беті құрғақ болуы тиіс.

10. Су өткізбеушілікке сынауға жататын конструкциялар және жалғауларды, сынау аяқталғанға дейін осы қосымшаның 11-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда сырлауға, асфальттауға және арнайы жабындармен жабуға рұқсат етілмейді.

11. Конструкцияларды, ішкі секциялық жалғауларды қоса, оларды су өткізбеушілікке тексеруге дейін толық көлемде орнында мына жағдайларды сақтаумен сырлауға және бояуға рұқсат етіледі:

1) өткізу контурларын құрайтын негізгі табақшалардың қалыңдығы 12 мм кем емес, ал сыналатын контурды шектеуші және негізгі табақшаларға пісірілетін жиынтық дуалының қалыңдығы - 8 мм кем емес болуы қажет;

2) су өткізбейтін контурға жататын барлық конструкциялардың ішкі секциялық жалғаулары, сырлауға дейін (асфальттау немесе арнайы жабындарды жабу) мұқият қаралу қажет;

3) "а" тобының конструкцияларына жататын, ватер сызығынан төмен орналасқан жапсарлы және таврлық жалғаулар, бояу және сырлау алдында керосинді жағумен немесе сығылған ауаны үрлеумен су өткізбеушілікке тексерілу қажет.

4) Таврлық жалғаулардың бірыңғай дәнекерленбеген екі жақты тігісі бір жақпен соңғы рет қалыптасқаннан кейін немесе екі жақтан дәнекерлеуді аяқтағаннан кейін жабық контурға керосинді жағумен немесе сығылған ауаның ағысын үрлеумен су өткізбеушілікке сыналады.

5) барлық конструкцияларда құрастыру-дәнекерлеу жұмыстары, қанықтыруды түзету және орнату аяқталуы тиіс.

12. Алдын ала жинау участкесінде сыналған және қабылданған конструкциялар, монтажды жиекке жанасатын 30-40 мм енді учаскені қоспағанда сырлануы және боялуы мүмкін.

13. Стапельде орындалған монтажды жалғауларды су өткізбеушілікке сынау оларды керосинмен бояуға немесе сығылған ауаны үрлегенге дейін жүргізіледі.

14. Ұзақ уақыт бойы ашық ауада табылатын және атмосфералық тұнбалардың әсеріне ұшырайтын, алдын ала жинаудан кейін су өткізбеушілікке сыналмаған конструкцияларды ішкі секциялық дәнекерлеу жалғауларын және тігістің әрбір жағынан 30-40 мм енді участкелерді қоспағанда бір қабатпен сырлауға рұқсат етіледі,.

15. Корпустық конструкциялардың тұрақты жоғарғы дайындау сапасын кеме жасаушы мекеме қамтамасыз еткенде Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша сериялық кемелердің шарты осы қосымшаның 1-кестесіндегі 1 сілтемеде көрсетілген су құюмен сынауды, ауаны үрлеумен сынауға ауыстыруға рұқсат етіледі.

Конструкцияны ауаны үрлеумен су өткізбеушілікке сынау туралы шешімді қабылдауға дейін сыналатын конструкциялардың беріктілігін тексеретін есепті жүргізу керек.

Егер есепті беріктілік 30 кПа тең артық қысымды қабылдауға жеткіліксіз болса, онда ауа қысымы Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша 20 кПа дейін төмендетілуі мүмкін. Сынаулардың басқа әдістерін қолдану осы қосымшаның 6-тарауы 12 параграфында айтылған талаптарды сақтаумен рұқсат етілуі мүмкін.

16. Корпустық конструкциялардың ішкі секциялық жалғауларын су өткізбеушілікке алдын ала сынау секцияны және блокты дайындау кезінде стапельде сынау көлемін төмендету мақсатында жүргізіледі.

Корпустық конструкцияларды алдын ала сынау көлемі және әдісі қабылданған кеме жасау технологиясына сәйкес кеме жасаушы ұйыммен анықталады.

17. Әрі қарай құрастыру-дәнекерлеу жұмыстары (жинау және монтаждық жиек бойынша дәнекерлеуді қоспағанда) жүргізілмейтін конструкцияларды алдын ала сынау, осы сынаулардың әдістері және нормалары негізгі сынаулардың әдістері мен нормаларына сәйкес келсе негізгі ретінде есептеледі.

18. Алдын ала сынауға техникалық бақылау мерзімді іріктеп куәландыру жолымен Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен жүзеге асырылады.

19. Су өткізбеушілікке негізгі сынау Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен келісілген сынау схемасы және кестесіне сәйкес, су құюмен жүргізіледі.

20. Су өткізбеушілікке негізгі сынауды бастаудан бұрын құрастыру-дәнекерлеу жұмыстары, су өткізбейтін контурға кіретін, сынауға жататын конструкцияларды түзету бойынша жұмыстарды аяқтау қажет

21. Негізгі сынауларға техникалық бақылау Тізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

22. Бөліктерді және сұйықтық сақтауға арналған "а" топты конструкцияларды су өткізбеушілікке бақылап сынау, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісілген сынау схемасы және кестесіне сәйкес сыналатын конструкцияның екі жағынан монтаждық жұмысты аяқтағаннан кейін 20 кПа артық қысыммен ауаны үрлеумен жүргізіледі.

23. Цистерналарды және құйма кемелердің жүк бөліктерін су ағынымен сұйықтықты құюмен бақылап сынау Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша штаттық сорғыларды және швартовты және жүрістік сынау кезеңіндегі жүйелерді тексеру кезінде жүргізуге рұқсат етіледі.

24. Бақылап сынауларға техникалық бақылау іріктеп қарау жолымен жүзеге асырылады. Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері оның қатысуымен бақылап сынау жүргізуді талап ете алады.

25. Су құюмен су өткізбеушілікке сынау кезінде гидростатикалық қысым (ағын) осы қосымшаның 4-тармағында келтірілген және сынау схемасы мен кестесінде (осы қосымшаның 5-тармағы) көрсетілген нормаларға сәйкес тағайындалады.

Негізделген жағдайларда Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша осы қосымшаның 4-тарауында келтірілген нормаларды, осы конструкцияның беріктілік есебіне сәйкес деңгейге дейін төмендетуге рұқсат етіледі.

26. Сынау арыны конструкция биіктігінен асатын бөліктерді және конструкцияларды тексеру кезінде, сыналатын конструкцияда қажетті арынды жасау мақсатында құйғышпен немесе диаметрі 25 мм аспайтын резиналы шлангімен арынды құбыр орнатылады. Штаттық әуе және өлшегіш құбырларды қолдануға рұқсат етіледі.

Берілген гидростатикалық қысымға тиісті қысым, арынды құбырдың 1,25 есе диаметрінен кем емес қыздыратын келте құбырдың диаметрімен өнімділігі аз сорғыларды айдау көмегімен жасалуы мүмкін.

27. Конструкцияны арынды құбырдың көмегімен сынау кезінде сыналатын конструкцияның жоғарғы бөлігінде әуе жастығының құралуына рұқсат етілмейді, осыған орай диаметрі 8-10мм болатын ауаны жіберуге арналған саңылау көзделеді. Сынауды аяқтағаннан кейін осы саңылаулар дәнекерлеумен және керосинмен майлаумен немесе сығылған ауа ағысын үрлеумен су өткізбеушілікке тексеріледі.

28. Сынауды жүргізу кезінде ласталмаған техникалық тұщы суларды қолдану керек. Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша барлық конструкцияларды сынау үшін, тұщы цистерна суынан басқа теңіз суын қолдануға мына талаптарды сақтау кезінде рұқсат етіледі:

1) теңіз суы мұнай өнімдерінің және басқа ластанулармен қоспалары болмауы қажет;

2) сынауды аяқтағаннан кейін және су құйғаннан кейін конструкцияның беті тұщы сумен жуылуы қажет;

3) теңіз суының конструкцияда табылу уақыты толтырудан бастап екі тәуліктен аспауы қажет.

29. Тексерілетін конструкцияларды сынау қысымын орнатқаннан кейін 1 сағаттан кейін қарау керек.

30. Сынау аяқталғаннан кейін суды конструкциядан төгіп тастау керек. Айдау құралдары немесе штатты тесіктер болмаған кезде суды ағызуды алдын ала тесілген және уақытша жабылған тесіктер арқылы шығаруға рұқсат етіледі. Саңылаулардың саны, өлшемі, орналасуы Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерімен келісілген техникалық құжаттамада көрсетіледі. Суды ағызғаннан кейін тесік Кеме қатынасы тіркелімі қызметкеріне ұсынумен дәнекерленеді және су өткізбеушілікке сыналады.

31. Қоршаған орта ауасының теріс температурасы кезінде сынауды тек конструкциямен алдын ала қыздырылған жылы сумен жүргізуге рұқсат етіледі. Су температурасы сынаудың барлық уақыты кезінде сыналатын конструкцияның сыртқы беті дұрыс температурада болатындай терлемейтіндей және қатпаған саңылау арқылы судың кіруін қамтамасыз етпейтіндей есеппен таңдалады.

32. Егер бақыланатын бетте ағыс, ағын, тамшы және ылғалдану байқалмаса, конструкция су өткізбейді деп есептеледі.

33. Су өткізбеушілікке арын астында суды сорғалатып сынауды диаметрі 12 мм кем емес сұғындырмасымен брандспойт көмегі арқылы жүргізеді.

34. Шлангыдағы су арыны су ағысының 10 м кем емес биіктігін қамтамасыз ету тиіс

35. Су ағысы сыналатын бетке перпендикуляр бағытталады немесе жабуды сынау кезінде алмалы-салмалыға бағытталады. Сонымен бірге оқпаннан сыналатын учаскеге дейінгі арақашықтық 1,5 м кем болмау қажет, ал сыналатын жалғау бойымен брандспойттың қозғалу жылдамдығы 0,2 м/сек аспау қажет.

Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша оқпаннан сыналатын бетке дейінгі арақашықтық ұлғайтылады, бірақ 3,0 м жоғары емес.

36. Дәнекерлеу жалғауларын кез келген жағынан суаруға болады, ал тойтарылған тігістерді – тек бедерлемеге қарама-қарсы жағынан. Дәнекерленген және тойтарылған жалғаулардың тік орналасуы кезінде су ағысын тек төменнен жоғары суару керек.

37. Арын астында суды сорғалатып суарумен сынау кезінде қоршаған ортаның қалыпты температурасы кезінде жүргізіледі.

Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша кері температурада сынау + 40-70⁰ С температураға дейін қыздырылған суды қолданумен жүргізуге рұқсат етіледі. Сонымен бірге конструкцияның сыналатын участкелері алдын ала 0⁰ С жоғары температураға дейін қыздырылады.

38. Егер бақыланатын бетінде ағыс, ағын, тамшы және ылғал түрінде ағулар байқалмаса, конструкция су өткізбейтін болып есептеледі.

39. Осы Қағида бойынша су өткізбеушілікті қамтамасыз ету бойынша талаптар ұсынылмайтын, саңылауды жабуға арналған конструкцияларды және құрылғыларды шашыраған су ағысымен сынауға рұқсат етіледі.

40. Сынауды 30 кПа артық қысыммен ауаны үрлеумен жүргізу қажет.

41. Сыналатын конструкцияда шкаланы 2 кПа артық емес бөлу бағасымен екі манометр, сондай-ақ сақтандырғыш клапан орнату керек. Сұйық дифференциалды манометрлерді қолдануға рұқсат етіледі.

Манометрлерді, сақтандырғыш клапандарды орнатуға және әуе шлангілерін қосуға арналған штуцерлер қылтастардың қақпақтарында, уақытша өшіргіштерде немесе күтуге ыңғайлы басқа жерлерде орналасуы қажет.

42. Сынау басталғанға дейін ауаның қысымын тұрақтандыру үшін конструкцияның қысым астында болу уақытын есептеуді бөлікке ауаны жіберуді аяқтағаннан кейін 15 минуттан кейін бастау керек.

43. Дәнекерленген тігістерге және басқа жалғауларға шашақ немесе сығылған ауа көмегімен ауаны үрлеп сынау кезінде, тұрақты көбіктердің құралу және көбік жібектері, бояудың өзгеруі жолымен ауаның кетіп тұрған жерін байқау оңай болатын шамалы полимерді көбік құраушы (бұдан әрі - ПҚҚ) құрамаларды жағу керек.

Шаруашылық сабынның эмульсия түріндегі көбік құраушы құрамдар ПҚҚ болмаған жағдайда кіші өлшемді конструкцияларды сынау үшін қолданылуы мүмкін және басқа жағдайларда Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша.

ТШ талаптарына сәйкес дайындалған көбік құраушы құрамды таңдау, қоршаған ортаның ауасын ескеріп кеме жасаушы ұйыммен жүзеге асырылады.

44. Қоршаған ортаның кері температурасында сыналатын дәнекерленген тігістер және конструкцияларды қатпайтын көбік құраушы құрамды жағумен суды толық жойғанға дейін қыздырып құрғатады.

45. Конструкцияда ақауды байқау орнын бормен белгілейді.

46. Айқастандырылып дәнекерленген жалғаулардың тығыз еместігін көбік құраушы құрамның көмегімен жапсырма немесе дәнекерлеу саңылауына бұралған штуцер арқылы жанасатын жерлерге 50 кПа артық қысыммен сығылған ауаны жіберу жолымен анықтайды.

47. Егер көбік құраушы құрамды тігістерге немесе басқа жалғауларға жағу кезінде әуе көпіршігі немесе көбік жібегі пайда болмаса, ал сынаудағы қысымның түсуі ұстап тұрғаннан кейін 1,0 сағат ішінде 5 %, ал дизельді отынды және/немесе басқа жеңіл мұнайөнімдерін сақтауға арналған конструкциялар үшін 1 % аспаса, конструкция су өткізбейді деп есептеледі.

48. ПҚҚ сынауды аяқтағаннан кейін конструкцияның жоғарғы бетінен сумен немесе ылғал желмен жою қажет.

49. Керосинді жағумен су өткізбеушілікке сынауды, айқастандырып жалғауларды қоспағанда дәнекерленген жалғауларды бақылау үшін жүргізеді.

50. Керосинді жағумен сынау кезінде пісірілген жалғаулардың бақыланатын жағы бор сұйықтығымен жабылуы қажет. Тігістерді бор сұйықтығын кепкеннен кейін қарама қарсы жағынан керосинді жағады.

Егер бор сұйықтығы суда дайындалса, онда пісірілген тігістерге жаққаннан кейін құрғатылуы қажет, қажет болған жағдайда – газ жаққышпен. Сынауды аяқтағаннан кейін бор жабулары желмен жойылады.

51. Қоршаған ортаның 0 °С төмен ауасында бақыланатын пісірілген жалғауларды қалыпты температураға дейін қыздыру және құрғату қажет.

Бор сұйықтығы сұйықтық ақтығын сақтайтын қатпайтын негізде дайындалады.

52. Сынау кезінде жапсарлы және біржақты бұрыштық немесе таврлық жалғауларды керосинмен ұстап тұру уақыты табақшаның немесе тігіс катетінің және осы қосымшаның 2-кестесіне сәйкес кеңістікте тігіс күйіне байланысты анықтайды.

Бұрыштық және таврлық жалғауларды сынау кезінде, сондай-ақ қоршаған ортаның кері ауасында екі жақты тігіспен ұстап тұру уақыты екі есе ұлғайтылуы қажет.

53. Егер бор сұйықтығы жағылған бақыланатын бетте керосин тамшысы пайда болмаса, конструкция су өткізбейтін болып есептеледі.

54. Сығылған ауаның ағысын үрлеумен сынау жергілікті сынаулар үшін қосымша әдіс ретінде қолданылады: жекелеген бөлшектердің, участкілердің пісірілуі, пісірілген жалғаулардың ақауларын жөндеу, сондай-ақ корпус және қондырма ішінде орналасқан есіктерді, комингстерді және с.с.

55. Сығылған ауаны үрлеумен сынау кезінде шлангыдағы ауа қысымы 390 - 490 кПа болуы тиіс.

Ағыс сыналатын жоғарғы бетке перпендикуляр бағытталу қажет. Шлангы ұшы диаметрі 10 — 20 мм ниппелмен жабдықталуы және сыналатын жалғаудың бетінен 100 мм жоғары емес қашықтықта табылу қажет. Шлангы ұшындағы алмасу жылдамдығы 0,02 м/сек жоғары бомау қажет. Көбік құраушы құрамдарды (осы қосымшаның 43-тармағы) үрлеуге, кейбір (ПҚҚ қолданған кезде) немесе бірмезгілде және синхронды үрлеумен (сабын сұйықтықтарын қолданған кезде) қарама қарсы жақтан жағылады.

56. Конструкцияның су өткізбеушілігін бағалау осы қосымшаның 47-тармағына сәйкес жүргізіледі.

57. Шашыраған су ағысымен су өткізбеушілікке сынау палубтың, платформаның, есіктердің, қақпақтардың, люктардың су өткізбеуін тексеру үшін қолданылады.

58. Шашыраған су ағысымен сынау кезінде осы қосымшаның 36-38-тармақтарында көзделген талаптарды сақтау қажет.

59. Осы қосымшаның 3-тарауының 1-6 параграфтарында көрсетілгеннен айрықшаланатын Корпустарды сынау әдістері, мысалы люминцетті, ағыс іздегіштерді, вакуумдауды және басқаларды қолданумен ауаны үрлеу бақылау бойынша тәжірибелік жұмыстарын жүргізгеннен кейін рұқсат етіледі.

Әдісті қолдану туралы шешім қабылданғаннан кейін оны қолдану облысы көрсетілуі қажет: негізгі және/немесе ауыстыратын ретінде корпустың қандай конструкциясын, жалғау типтерін және дәнекерленген тігістердің негізгі параметрлерін, дәнекерленетін бөлшектердің қалыңдығын, сондай-ақ қажет болған жағдайда дәнекерлеуде қолданған әдістер және басқалары.

60. Осы қосымшаның 3-тарауының 1-6 параграфтарында көрсетілгеннен айрықшаланатын әдісті қолдану бойынша технологиялық нұсқаулық, кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерімен келісуге жатады.

Әдісті қолданғанға дейін Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен кеме жасаушы ұйыммен әдістің игерілгендігіне және қажетті мамандар дайындалғандығына көз жеткізу қажет.

61. Егер су құюмен сынауды стапельде немесе докта орындау мүмкін болмаса, онда суға түсіргеннен кейін орындалуы мүмкін.

Суға түсіргенге дейін барлық жүк бөліктері ауаны үрлеумен сыналады.

Жүзу үстінде су құюмен бір орталық және Кеме қатынасының тіркелімі қызметкерімен көрсетілген екі борттық бөлік сыналады.

Бұл бөліктерді сынау бір мезгілде жүргізіледі. Сонымен бірге сыналуды бөліктердің өзара орналасуы жүктеудің едәуір ауыр шартына сәйкес келуі қажет.

Егер сынау кезінде конструкциялардың ақаулары немесе су өткізбеушіліктің бұзылуы байқалса, Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкері қажет болған жағдайда барлық бөліктерді сынағанға дейін сыналатын бөліктердің санын ұлғайтуды талап етеді.

62. Арын астында су ағысын суарумен сынауды керосинді (внахлестке жалғауды қоспағанда) жағумен дәнекерленген тігістерді немесе сығылған ауа ағысын үрлеумен сынауға ауыстыруға мүмкін болады. Сонымен бірге табақшалардың беті мұқият қаралады және ақаулардың және металдың бүтіндігінің бұзылуы болмауы күмән келтірмеуі тиіс.

63. Жөндеу және кезекті куәландыру кезіндегі су өткізбеушілікке сынау әдістері мен нормалары осы қосымшаға 1-кесте талаптарына сәйкес келуі қажет.

Отын және су цистерналары әуе құбырының биіктігіне дейін, ал құйма кемелердің жүк бөліктері мен коффердамдары – кеңейтілген шахта және люктердің жоғарғы жиегіне дейін су құюмен сыналады

Осы қосымшаның 1-кестесіндегі 1-сілтемемен белгіленген конструкциялар, Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша бөлікті жоғарыдан шектеуші төсемнен жоғары су құюмен сынау орнына, ауаны үрлеумен сыналады (осы қосымшаның 15-тармағы).

1-кесте

Бөліктер және конструкциялар	Сыныпты кемелер үшін әдістер мен нормалар		Қосымша нұқсаулықтар
	"М-СП", "М-ПР", "М", "О-ПР"	"О", "Р", "Л"	
"а" топты бөліктер және конструкциялар			
Сумен толтыруға арналмаған форпик және ахтерпик	Аралық палубасының үстіне 0,3 м биіктікте немесе люк комингісінің жоғарғы жиек (аз ағыс бойынша) деңгейіне дейін су құю	Жүк ватерсызығының деңгейіне дейін су құюмен, осы деңгейден жоғары – арын немесе керосинді жағумен су ағысымен суарумен	Ахтерпикті орнатылған дейдвудты және гелмпортты құбырмен сынау керек. Форпикте және/немесе ахтерпикте орналасқан цистерналар әуе құбырының үстіне дейін су құюмен сыналады ¹
Донаралық бөліктер	Екінші түп төсеніштің үстіне 0,6 м биіктікке дейін немесе әуе құбырының биіктігіне дейін су құю (үлкен ағысты қамтамасыз етуге байланысты) ¹	Екінші түп үстіне 0,35 м биіктікке дейін су құюмен немесе әуе құбырының жоғарысына дейін (жоғары арынды қамтамасыз етуге байланысты) ¹	
Екі есе борттың бөліктері	Әуе құбырының биіктігіне дейін су құю ¹	Әуе құбырының үстіне дейін су құюмен ¹	
Екі есе борттан тыс орналасқан цистерналар және бөліктер	Әуе құбырының биіктігіне дейін, бірақ жүк ватер сызығынан төмен емес су құю ¹	Әуе құбырының үстіне дейін су құюмен, бірақ жүк ватерсызығынан төмен емес ¹	
Кемелік қордың сұйық мұнай өнімдерін сақтауға арналған цистерналар және екі есе түптен тыс орналасқан мұнайы бар сулардың құрама цистерналары	Әуе құбырының биіктігіне дейін, бірақ аралықтар палубасынан төмен емес су құю ¹	Әуе құбырының үстіне дейін су құюмен, бірақ аралықтардың палубасынан төмен емес ¹	
Құйма кемелердің жүк бөліктері және сұйық жүк немесе баллас қабылдай алатын басқа кемелердің жүк трюмдары	Кеңейтілген шахтаның биіктігіне дейін су құю ¹	Кеңейтетін шахтаның үстіне дейін су құюмен ¹	1 ескертуді қараңыз

Коффердамдар	әуе құбырының биіктігіне дейін, бірақ коффердам биіктігін шектеуші төсеніштен 2,5 м кем емес су құю ¹	Әуе құбырының үстіне дейін су құюмен ¹	
Борт сыртындағы судың кингстондық және мұздық жәшіктері	Борт биіктігінің 1,25 деңгейіне дейін, бірақ үрлеу жүйесінде қысымынан кем емес су құю	1,25 борт биіктігіне дейін су құюмен, бірақ үрлеу жүйесіндегі қысымнан төмен емес	Мұз жәшіктерін сынау кезінде (оларды бумен қыздырған кезде) барлық жағдайларды судың сынау арыны қыздыру жүйесіндегі есепті қысымнан кем болмау қажет. Борт биіктігі 5 м кіші кемелерде құю биіктігі 0,5 борт биіктігіне тең деп қабылданады, бірақ 1,5 м кем емес Бақылап сынау жүргізілмейді.
Салушы, сулы, отынды және майлы цистерналар	әуе немесе құю құбырларының биіктігіне дейін су құю. Отын және май цистерналары үшін құбырлардағы су бағанасының биіктігі цистернаның жоғарғы нүктесінен 1 м кем болмау қажет ¹	әуе немесе құю құбырының үстіне дейін су құюмен. Отын және май цистерналары үшін су бағанасының биіктігі құбырларда цистернаның жоғарғы нүктесінен 0,35 м кем болмау қажет ¹	"О" сыныпты кемелер үшін судың бағана биіктігі цистернаның жоғарғы нүктесінен 1 м кем болмау қажет.
Фекальды цистерналар, ағын суларды жинау цистерналары	цистерна түбінен төменгі санитарлық құралға дейінгі Су бағанасының жартылай қысымына тең арынды суды құюмен ¹	Цистерна түбінен төменгі санитарлық құралға дейін су бағанасының жартысына тең қысыммен су құюмен ¹	
Танкерлердің тізбектік жәшіктері, жүзу бассейндері	Тізбектік жәшіктің (бассейннің) жоғарғы жиегіне дейін су құюмен	Тізбектік жәшіктің (бассейннің) жоғарғы жиегіне дейін су құюмен	
Қуыс рульдер, стационарлы және бұрылмалы қондырмалардың қуыстары, қанатты құрылғылардың Полдык элементтері	$p=12,5T+v^2/60$ анықталатын p , кПа ¹ арынды суды құюмен, мұндағы T — толық жүкпен кемеңің тұнуы, м; v — кемеңің бөліктің жылдамдығы. Сонымен бірге бағаналық арын 50 кПа кем болмау қажет.	Рульдік жоғарғы жиегінен 1 м биіктікке су құюмен (қондырма) ¹	"О" сыныпты кемелер үшін арын, "О-ПР" ¹ сыныпты кемелердің руліне арналғаннан кем болмау қажет.
"б" топтың бөліктері және конструкциялары			
			"О", "Р" және "Л" сыныптың сериялық кемелері үшін қалқалар

Сұйықтықты сақтауға арналмаған борт аралық бөліктер	Екі түпті кемелер үшін – екінші түп деңгейінен жоғары арынмен су ағысын құю арқылы. Екі түпсіз кемелер үшін – түптің сыртқы қаптамасы биіктігінен 0,6 м биіктікке су құюмен және осы деңгейден жоғары арынмен су ағысын құюмен.	Екі түпті кемелер үшін – екінші түптен жоғары арынмен су ағысымен суарумен. Екі түпсіз кемелер үшін – түптің сыртқы қаптамасынан 0,35 биіктікке су құюмен және осы деңгейден жоғары арынмен су ағысын суарумен	үшін арынмен су құюмен сынауды керосинді жағып сынауға ауыстыруға рұқсат етіледі, сыртқы қаптама үшін-кемені бос тұнбаның 0,05 тұнбаға дейін таптаумен. Бөліктер толықтай Кеме қатынасы келісімі бойынша ППС қолданумен ауаны үрлеумен сынауға рұқсат етіледі.
Тік коффердамдар	әуе құбырының биіктігіне дейін немесе люк комингісінің биіктігіне (үлкен арын бойынша) су құюмен ¹	әуе құбырының үстіне дейін немесе люк комингісінің биіктігіне дейін (үлкен арын бойынша) су құюмен ¹	
Құрғақ жүкке арналған кемелердің жүк трюмдары, машина-казандық және моторлық бөлімдер	Екі түпті кемелер үшін – екінші түп деңгейінен жоғары арынмен су ағысын құюмен. Екі түпсіз кемелер үшін – түптің сыртқы қаптамасынан 0,6 м биіктікке су құюмен және осы деңгейден жоғары су ағысымен суарумен	Екі түпті кемелер үшін – екінші түп деңгейінен жоғары арынмен су ағысын суарумен. Екі түпсіз кемелер үшін - түптің сыртқы қаптамасынан 0,35 биіктікке су құюмен немесе осы деңгейден жоғары арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша корпус қаптамасының су асты бөлігін сынау бос тұнбадан 0,05 кіші тұнбамен кемені таптаумен жүргізілуі мүмкін.
Палуба аралық кеңістіктегі бөліктер	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз
Донаралық бөліктер	Екінші түп төсенішінің үстінен 0,6м биіктікке дейін су құюмен ¹	Екінші түп төсенішінен 0,35 биіктікке су құюмен ¹	
Лақ, эхолота, әуе жәшіктерінің шахталары, жүзу бөліктері	Қалқалар палубтары деңгейіне дейін су құюмен ¹	Жүк ватерсызығы деңгейіне дейін су құюмен ¹	
Рульді басқарушы құрылғының бөлмесі	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суару	
Қосымша шығулардағы қоршаулар мен шахталарды қоспағанда, еспелі білік дәлізі; МКО шахталарын қоса су өткізбейтін шахталар, корпус ішінде орналасқан желдеткіш каналдар, нығайтулар және рубкалар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суару	2 Ескертуді қараңыз

Тізбектік жәшіктер	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз
Зәкірлік клюздер және тізбектік құбырлар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз
Машина-қазандық шахталардың ашық бөліктерін және түтін құбырының бүркеніштерін қоса қондырмалар және рубкалар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз
Кеме корпусы палубаларының ашық бөліктері, артық қысыммен немесе ауаны үрлеумен су құйып сыналатын ауданнан тыс қондырмалар және рубкалар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	2 Ескертуді қараңыз Мұнай құюға арналған кемелердің жүк танкілері ауданындағы жүк палубтарының бөлігін сыналатын бөліктермен бірге сынайды.
Жоғарғы палубалардың ашық бөліктерінде орналасқан люктердің және желдеткіш құбырлардың комингстері, палубалар қондырмалары және рубкалары	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысын суарумен	Комингстер керосинді жағумен сыналуы мүмкін
Су жиналуы мүмкін бөлмелердегі палубалар және қоршаулар (душ, ванна, қол жуатын жер, кір жуу, камбуздар, гальюндар)	Есік комингстерінің биіктігіне су құюмен, осы деңгейден жоғары – шашыраған су ағысымен суарумен	Комингс есіктерінің биіктігіне су құюмен, осы деңгейден жоғары – шашыраған су ағысымен суарумен	Су құюмен сынау монтаждық жұмыстарды аяқтағаннан ейін, бірақ палубқа қандай да бір жабындарды жапқаннан кейін жүргізіледі. Су құюмен сынау кезінде ұстап тұру уақыты – 30 минут. Суарумен сынау керосинді жағумен ауыстырылуы мүмкін. Қысқы мерзімде Кеме қатынасы тіркелімі қызметкерінің келісімі бойынша палубаның барлық алаңын керосинмен майлаумен сынауға рұқсат етіледі.
Корпустың су өткізбейтін бөліктеріндегі саңылауларды жабуға арналған құрылғы:			
1) корпустың су өткізбейтін қалқаларындағы есіктер	Тиісті бөлік үшін белгіленген деңгейге дейін су құюмен	Тиісті бөлікке белгіленген деңгейге дейін су құюмен	
		Арынмен су ағысымен немесе жобамен	

2) кондырма және рубканың сыртқы қабырғалары бойынша есіктер	Арынмен су ағысын суарумен	қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	
3) кондырма және рубка ішінде орналасқан, су өткізбейтін конструкциялардағы тесіктерді жабуға арналған есіктер және құрылғылар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысымен немесе жобамен қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	Арынмен суды құюмен сынау сығылған ауаның ағысымен сынауға ауыстыруға рұқсат етіледі.
4) лацпорттар	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысымен немесе жобамен қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	
5) жарық және ұскас люктердің қақпақтары, кондырма және рубка корпусының борттық иллюминаторлары	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысымен немесе жобамен қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	
6) су өткізбейтін палубалардағы, платформалардағы және қалқалардағы қылтаалардың қақпақтары	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысымен немесе жобамен қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	
7) құрғақжүкті кемелердің жүк люктерін металлмен жабу	Арынмен су ағысын суарумен	Арынмен су ағысымен немесе жобамен қарастырылған конструктивті орындалуына байланысты шашыраған су ағысымен суарумен	
8) трюмдарда сұйық жүктерді, мұнай өнімдерін қоса құйма кемелердің жүк люктерін металмен жабу	Негізгі сынау кезінде жүк бөлігі құрамында сынау	Негізгі сынаулар кезінде жүк бөлігін құрамда сынау	

2-кесте

Табақша қалыңдығы немесе тігіс катеті, мм	Тігіс жағдайы кезінде ұстап тұру уақыты, мин	
	Төменгі	Тік және көлденең
6 кем	40	60

6-дан 24 бойынша	60	90
24 жоғары	90	120

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 16-қосымша

Режим №	Қозғалтқыштың жұмыс режимі және номиналды режим мәнінен олардың параметрлерінің % мәні			Номиналды айналу жиілігінде қозғалтқышты сынау ұзақтылығы,			
	Қуаты	Айналу жиілігі	Сәт	200 кем	200-ден 500-ге дейін	500-ден 1000-ға дейін	1000-нан жоғары
1	Бос жүріс режимі		0	0,5	0,5	0,25	0,25
Алдыңғы жүктеме астында бұранда сипаттама бойынша жұмыс режимі							
2	25	63	39	1,0	1,0	0,5	0,25
3	50	80	63	1,0	1,0	0,5	0,5
4	75	91	83	1,0	1,0	0,5	0,5
5	100	100	100	8,0	6,0	4,0	1,0
6	110	103	107	0,5	0,5	0,5	0,5
7	Артқы жүрістің режимі			1,0	1,0	0,5	0,5
8	Тұрақты айналу жиілігінің ең кіші режимі			0,5	0,05	0,25	0,25
-	Жалпы сынау ұзақтылығы			14	12	7	3,75

Ескерту: Бақылау сынауды жүргізу кезінде жұмыс қозғалтқышының жұмыс ұзақтығы 5 режимде кестеде көрсетілгеннен 25% уақыттан артық құрамау, бірақ 0,5 сағаттан кем болмау қажет.

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 17-қосымша

Сипаттама бойынша жұмыс істеуші қозғалтқыш		Қозғалтқыштың қуаты кВт кезіндегі сынау ұзақтылығы, сағ	
бұрандалы, айналу сәті, % номиналды мәннен	жүктемелік, қуаты, % номиналды мәннен	750 дейін	750 жоғары
-	Бос жүріс	0,25	0,5
39	25	0,25	0,5
63	50	0,25	0,5
83	75	0,25	0,5
100	100	1,00	2,0
-	110	0,25	1,0
Артқы жүріс	-	0,50	0,5

Ескерту. 100% режимде басты кемелерді сынау уақыты екі есе ұлғайтылу қажет.

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 18-қосымша

	Сипаттама бойынша жұмыс істеуші дизель	
--	--	--

режим №	бұрандалы, айналу жиілігі, номинальды мәннен %	Жүктемелік, қуат, номиналды мәннен %	Сынау ұзақтылығы, с
1	Ең кіші тұрақты	-	0,25
2	63	25	0,50
3	80	50	0,50
4	91	75	0,50
5	100	100	4,00
6	103	110	1,00
7	Артқы жүрістің номинальды қуатына сәйкес режим	-	0,50

Ескерту. 100% қуат режимінде басты кемелерді сынау уақыты екі есе ұлғайтылу керек.

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 19-қосымша

Сынақ жүргізу және құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету

1. Жалпы ережелер

1. Осы басшылық Кеме қатынасы тіркелімінің сыныбы бар кемелердің құтқару құралдарына қолданылады және құтқару құралдарының тәжірибелік үлгілерін сынауды, пайдаланудағы кемелерде үрлемелі ұжымдық құтқару құралдарына техникалық қызмет және тексеру, сондай-ақ пайдаланудағы кемелерде жеке құтқару құралдарын тексеру және сынау жөніндегі әдістеме бойынша нұсқаулықтарды қамтиды.

2. Осы басшылық Кеме қатынасы тіркелімінің қызметкерлеріне және кемелік құтқару құралдарын дайындаумен, сынаумен, техникалық қызмет көрсетумен және пайдаланумен айналысатын ұйымдарға арналған.

3. Осы нұсқаулықта мынадай түрде түсіндірілетін терминдер пайдаланылады:

1) газ толтыру жүйесі – сығылған газды сақтауға арналған сыйымдылықтардың жиынтығы, үрлемелі құтқару құралдарын жұмыс газымен толтыруға арналған арматуралар жалғаулар;

2) гидростатикалық ажыратқыш құрылғы – кемеңі белгілі бір тереңдікке батыру кезінде үрлемелі құтқару салын автоматты түрде ажыратуды қамтамасыз етуші техникалық құрал;

3) көтеру-түсіру құрылғысы – қайықта оны ілуге және шлюпбалкаға бекітуге арналған көздеу тетігі;

4) ІЖКЖҚ- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген, Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6873 тіркелген);

5) ІСЖКСҚ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген, Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасы, уәкілетті органмен бекітілген сыныптау қағидасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6883 тіркелген).

2. Құтқару құралдарының тәжірибелі үлгілерін сынау әдістемесі

4. Құтқару құралдарының тәжірибелі үлгісі (ІЖКЖҚ-ның 3353-тармағы) Кеме қатынасы тіркелімі келісілген сынау бағдарламасы бойынша осы Қосымшада келтірілген, әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес сыналады.

5. Басқа сынау әдістерін қолдану Кеме қатынасы тіркелімінің арнайы қарауынан және белгіленген тәртіпте келісілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

6. Шлюпканы өлшеу үшін бойлық және көлденең бағыттағы деңгей бойынша көлденең орналастырады.

Өлшеу кезінде жобалық құжаттаманың шлюпка корпустарының L , B , H өлшемдерін және A арақашықтығын, банкі биіктігі және көлденең банкалар арасындағы арақашықтыққа сәйкес орналастырады. Мұндағы:

L – планширдің төменгі жиегі деңгейіндегі сыртқы қаптама бетінің форштевень және ахтерштевнеммен қиылысындағы қаптаманың сыртқы тіректік тармағындағы проекциялар арасындағы арақашықтық, м;

B – қаптаманың сыртқы биіктігінің аралығындағы ең үлкен ені;

H – Тіректік нүктеден планшир жиегіне дейінгі қайықтың орта ұзындығындағы борт биіктігі, м;

A - көтеруші гактардың осьтік сызықтар арасындағы арақашықтық, м;

7. Кемелік құрылғылармен және жабдықтау заттарымен толықтай жиналған қайық көлемін өлшеу арқылы анықтайды. Өлшеу қайық гактарына бекітілген, динамометрлер көмегімен жүргізілуі мүмкін.

8. Су үсті бортының биіктігін мидель-шпангоутте қайықтың екі борты бойынша бос және толық жүктемеде тынық суда өлшейді.

Жабдықтаулар және адамдар көлемін жүктің эквивалентті көлемімен ауыстыруға рұқсат етіледі. Бір адамның салмағын 75 кг деп алады, ал ауырлық күші орталығының орналасуын – банкіден 0,3 м биіктікте.

9. Шлюпканы көтеру-түсіру құрылғысына іледі және адамдар отыруға арналған бөлінген жерлерді мынадай формула бойынша анықталатын, жүк көлемімен толтырады, кг:

Мұндағы: G_K – шлюпка корпусының көлемі, кг; $<7_L$ – адамдар көлемі, кг; G_c – жабдықтау көлемі, кг.

Бір мезгілде кильді, кильсондарды, ширстректі, планширді қарайды. Егер сызаттар мен басқа зақымданулар болмаса шлюпка сынақтан өтті деп есептеледі.

10. Пластмассадан жасалған шлюпканы қосымша соққыға және лақтыруға сынайды.

Адамдар және жабдықтаулар көлеміне тең жүгі бар қайықты, қайық гақынан тыс ұзындығы 6 м шлюпка планширынан жоғарғы бетке дейін 0,5 м қашықтықтағы жүктерді ілетін арқанға іледі (мысалы, бетон дуалдар).

Шлюпканы тік бетінен 2,5 м ауытқытады және лезде түсіреді.

Шлюпканы сол жүктемемен килдің төменгі жиегінен судың бетіне дейін 2,5 м биіктіктен лақтырады. Сынақ өткізетін жердегі судың тереңдігі мидель-шпангоутте кемінде екі есе борт биіктігіндей болуы тиіс.

Егер қалдық деформациялар, сызаттар және басқа да ақаулар байқалмаса, қайық сынақтан өтті деп есептеледі.

11. Сынақтан өтпеген қайық, ақауларын жойғаннан кейін қайта сынауға жіберіледі.

12. Беріктілікке шыдаған шлюпканы мынадай тәсілдердің бірімен су өткізбеушілікке сынайды:

кильблоктарда - толық адам көлемімен немесе балластпен, оларды ауыстырушылармен және жабдықтаулар жинағымен шлюпканың тиісті шөгу деңгейіне дейін корпусқа су құюмен, қайық сынаудан өтті деп есептеледі, егер толтыру сәтінен бастап 2 сағат ішінде қайықтың сыртқы бетінде ағу және тамшы болмаса;

жүзу кезінде – толық адамдар санымен және жабдықтаулар жинағымен тиісті су ығыстыруда шөгу кезінде. Түзу киль бағытында және қисаюсыз 2 сағат жүзуде болған қайықта ағу болмауы тиіс, бірақ ағаштан жасалған қайықтар үшін кильсонның төменгі жиегінен 20 мм деңгейге дейін судың кіруіне рұқсат етіледі.

Су өткізбеушілікке сынаудан өтпеген шлюпка, ағуларды жойғаннан кейін қайта сыналады.

13. Кильблоктарда және жүзуде шлюпканың су үсті бөлігін сынау үшін, су планшир деңгейіне жеткенше оң және сол жаққа бортқа кезекпен еңкейтеді. Әрбір бортта ұстап тұру уақыты – 30 минут. Егер борттың бақыланатын бетінде ағу болмаса, қайық сынақтан өтті деп есептеледі.

14. Орнықтылыққа сынау кезінде:

1) тиісті көлемге рұқсат етілген адамдар санымен және жабдықтаулар жүктемесімен жүзу кезінде жүргізеді. Жүгі бар адамдар және жабдықтауларға арналған орындарға орналастырады. Адамдарды алмастырушы жүктің ауырлық орталығын банкіден 0,3 биіктікте орналастырады және қисайту кезінде ығысудың алдын алу үшін бекітеді. Шлюпкада қисаю болмауы тиіс.

2) қисайту үшін, көлемі толық су ығыстырудың 4-5% құрайтын жүкті борттан бортқа ауыстырады. Қисайту кезінде нөлдік бағыттан 10^0 -қа қайықты статикалық

крендеу сәтін анықтайды және оларды жобалық құжаттамада көрсетілгенмен салыстырады;

3) ДП-дан бір жақ бойынша штатты-орындарда орналастыруға рұқсат етілген адам санының 50% болған кезінде кемінде 100 мм болуы тиіс, су үсті бортының биіктігінің жеткіліктігін тексереді.

15. Сынақты тынық суда жүргізеді:

Шлюпкада, шлюпке есептелген көлемде орындықтарға арналған жерлерде құтқару кеудешелермен орташа салмағы 75 кг адамдар отырғызылады. Сынақ нәтижесінде есу кезінде адамдар бір біріне кедергі келтіре ме және әрбір адамның тұрып және жабдықтарды қолдану мүмкіндігі бар ма екендігі белгіленеді.

16. Шлюпканы адамдар және жабдықтаулар жинағымен имитациялаушы балластпен суға батпаушылыққа сынау кезінде планширдың жоғарғы жиегі бойынша сумен толтырады. Сонымен бірге кемінде 20 мм болуы тиіс су үсті бортының биіктігін өлшейді және қисаюдың болмауын тексереді.

Егер шлюпка сынақтан өтпесе, онда әуе жәшіктерінің немесе жүзбелі материалдың көлемін ұлғайтады немесе шлюпкада орналастыруға рұқсат етілген адамдар санын азайтады.

17. Әуе жәшіктерін су өткізбеушілікке сынау мынадай тәсілдердің бірімен жүргізіледі;

1) әуе жәшігін өлшейді және оның бетіндегі су қабаты кемінде 100 мм болатындай етіп, толықтай суға батырады. Егер жәшік көлемі өзгермесе, ол сынақтан өтті деп есептеледі;

2) әуе жәшігін температурасы 60 - 70 °C ыстық сумен су қабаты оның бетінде кемінде 100 мм болатындай етіп резервуарға батырады және 10-15 минут ішінде жәшікті суға төңкереді. Жәшіктің герметикалық емес кезінде қыздырылған ауа созылып, сыртқа шыға бастайды және көпіршіктер ақау орнын көрсетеді;

3) сыналатын жәшіктердің бірінің бұрышына жапсырылған сығылған ауа, ниппел арқылы 0,0196 МПа артық қысымға дейін әуе жәшігіне қысымды ұлғайтады. Егер 20 минуттан кейін өлшенген қысымның төмендеуі 1% белгіленген (артық қысым) қысымнан аспаса, жәшік сынақтан өтті деп есептеледі.

жәшік көлемін мынадай тәсілдердің бірімен анықтайды:

жәшік габариттерін өлшеу нәтижелері бойынша орындалған дәл есеппен;

көлемі ыдыспен өлшенген, жәшікті сумен толтырумен;

көлем бірлігіне градиурленген, жылжымайтын шкаламен жабдықталған бакқа жәшікті батырумен. Сынау алдында жәшікті толықтай батырылған жағдайда ұстап тұру үшін бакка жүк түсіреді. Су деңгейі бойынша түсірілген жүгімен бакқа шкаланың

нөлдік бөлуін орнатады. Жәшік оған салынған жүгімен бакқа су деңгейінен 100 мм тереңдікке батырылады. Шкала бойынша су деңгейін белгілейді және әуе жәшігінің көлемін анықтайды.

18. Қалқымалы материалды үлгіде сынайды. Үлгіні су астына батыру алдында, үлгі суда ұстап тұруға қабілетті көлемді анықтайды. Содан кейін үлгіні оның бетіндегі су қабаты кемінде 100 мм болатындай етіп толықтай суға батырады және осындай қалыппен 24 сағат ұстап тұрады. Осыдан кейін үлгінің суда ұстап тұруға қабілетті көлемді анықтайды.

19. Егер сынаудың басындағы және аяғындағы жүктердің көлемінің айырмашылығы сынаудың басында 10% жүк көлемінен аспаса және үлгіде сынаудан кейін зақымдану, шөгу, іскен немесе қандай да бір механикалық қасиеттерінің өзгеруі болмаса, үлгі сынақтан өтті деп есептеледі.

20. Әрбір шлюпка гагы (немесе оны алмастырушы құрылғы), сондай-ақ ілу және нығайту бөлшектері қайыққа орнатылғанға дейін G_p ең, жүк көлемімен 10 минут ішінде сыналуы тиіс, кг,

$$G_p = 2(G_K + G_n + G_c)/n,$$

мұндағы G_K - шлюпка корпусының көлемі, кг; G_n - адамдар көлемі, кг; G_c – жабдықтаулар көлемі, кг;

n – гактардың саны.

Сынау кезінде шлюпканы оны суға түсіргеннен кейін бос және есептік жүктемемен кемеңіз көтеру-түсіру құрылғысынан бөлінуін тексереді.

Көтеру-түсіру құрылғысы сынақтан өтті деп есептеледі, егер жүктемені алғаннан кейін бөлшектерде сызаттар, жыртылулар және қалдық деформациялар болмаса. Деформациялардың болмауы бөлшектің жоғарғы бетіне кернмен қондырылған үш нүкте аралығындағы арақашықтықты өлшеу арқылы анықталады.

21. Барлық құрылғыны сынау қайықты беріктілікке сынаумен бір мезгілде жүргізіледі.

22. 50% артық жүктелген, гакқа ілінген қайықты, 0,6 м/с жылдамдықпен түсіреді, содан кейін шұғыл тежейді. Қараумен конструкцияның бүтіндігін, қайық корпусында және тораптарында сызаттардың және деформациялардың болмауы белгіленеді.

23. Қозғалтқыш жұмысын сынау және отын шығынын анықтау кезінде қайықты жүзуде адамдар санына және жабдықтауларға рұқсат етілген тиісті көлемдегі жүкпен жүктейді.

Қозғалтқыштың іске қосылуын оның ішінде қолмен қосуды да тексереді. Сонымен бірге іске қосу уақыты 2 минуттан жоғары болмауы тиіс.

Шлюпканың маневрлеуін 2 сағат бойына тексереді және сонымен бірге отын шығынын тексереді.

24. Шлюпкамен кемінде 3,7 км/с жылдамдықта ең жоғарғы сыйымдылықтағы толық жабдықтаулармен құтқару салын қозғалтқышымен сүйреу мүмкіндігін тексереді.

25. Шлюпканың қозғалтқышының жұмысын иінді біліктің осі бойынша суға батқан күйінде кемінде 5 минут ішінде тексереді. Осы сынау нәтижесінде қозғалтқыш зақымданбауы тиіс.

26. Жоспардағы шлюпкалар өлшемінен асатын өлшеммен, су акваториясына 8 минут ішінде шлюпка корпусын өртеу кезінде жалынмен қамту үшін жеткілікті көлемде керосин құяды.

Отты сынау кезінде шлюпканың ішінде бірнеше жерлерде температураны өлшейді (ол 60⁰С аспауы тиіс). Бір мезгілде таңдап алынған сынама арқылы шлюпканың ішінде түтіннің және ауада зиянды газдардың болмауын тексереді.

27. Отты сынаудан кейін қайықты осы Қосымшаның 4-тарауының 3-параграфына сәйкес су өткізбеушілікке сынайды.

28. Контейнерге немесе қапқа толығымен жинақталған және оралған құтқару салын өлшейді.

29. Қапқа немесе контейнерге оралған жабдықталған құтқару салын 10 м биіктіктен суға лақтырады. Құлаудың шынайы жағдайға ұқсатып, арқанның бос жағын босатады. Салды лақтырғаннан кейін жүзуде 20 минутқа қалдырады және оның қалыпты жүзе алатындығын тексереді. Судан көтерілген салды қарайды. Егер бұл үрленген сал болса, онда оны қарау үшін жұмыс қысымына дейін үрлейді.

Сал сынақтан өтті деп есептеледі егер ол және оның жабдықтауларында салдың пайдалану қасиетін нашарлатуға әкеп соқтыратын зақымданулар болмаса.

30. Салмағы кемінде 75 кг және тегіс табанды аяқ киім киген сынаушылар кемінде 4,5 м 5 реттен кем емес суда жұмыс жағдайында табылатын салға секіруді іске асырады. Секірумен сынауды салға көлемге тең жүкті лақтырумен алмастыруға болады.

Сал егер онда жарылулар және зақымданулар болмаса, сынақтан өтті деп саналады.

31. Толық жүктемемен және жабдықтаулар заттарымен жұмыс жағдайындағы құтқару салы салдың сүйрету ілгегіне тіркелген сүйреткіш арқан көмегімен, тынық суда 5,5 км/с жылдамдықпен кемінде 100 м арақашықта сүйретіледі.

Сал, егер өзі және сүйреуші құралдарда зақымданулар болмаса, сынақтан өтті деп саналады.

32. Есептік адамдарға және жабдықтауларға тиісті көлемдегі жүкпен жүзуде сынау кезінде құтқару салын, су қоймасындағы зәкірге қондырады.

Салды жүзуде 3 тәулікке қалдырады. Егер сал үрлемелі болса, онда ол күніне бір рет қолмен үрленіп тұрады.

33. Сынаумен құтқару салы есептік жүктеме кезінде жабдықтауларға кіретін ескіштер көмегімен кемінде 30 м арақашықтықта тынық суда орналастыруға болатындығы белгіленеді.

34. Салға есептелген орташа салмағы 75 кг адамдарды құтқару кеудешелерімен, салға отырғызады.

Сонымен бірге тент болған кездегі басынан жоғары кеңістікті ескере отырып барлық отырған адамдарға салда орынның жеткіліктігін және салдың ішінде жабдықтаулар заттарымен қолдану мүмкіндігінің болуы белгіленеді.

Сынау кезінде сондай-ақ 1 минут ішінде тенттегі ішінен және сыртынан кірудің жеңіл және жылдам ашылуы мен жабылу мүмкіндігі тексеріледі.

Егер тент алмалы-салмалы болса, онда екі сынаушы 5 минут ішінде жұмыс жағдайында салға тентті орнатады және тенттегі кірудің ашылу және жабылуын тексереді.

35. Тентке судың кіруін болдырмау мақсатында тент астындағы кеңістікке көтерілген тентпен кірулер жабық тұрған кезде кірудің жоғарғы жағына көлденең бағытталған сорғалаған суды 5 минут ішінде шашыратып суарады. Сынау нәтижесінде салдың ішінде айтарлықтай судың жиналуы байқалмауы тиіс.

36. Жұмыс жағдайындағы тынық суда табылатын құтқару салының бір бортына есептік адамдар санын орналастырады. Сонымен бірге жарайтын су үсті бортының қалуы және құтқару салын су басудың қаупі бар ма екендігі белгіленеді.

37. Құтқару салының орнықтылығын тексеру үшін құтқару кеудешелерімен екі сынаушыны отырғызу кезінде судан салға бөгделер көмегінсіз шығады. Бұдан кейін олар судан алдамшы есін жоғалтушы үшінші адамды көтереді. Сынау нәтижесінде салдың орнықтылығы жеткілікті ме және оны аударудың қауіптілігі жоқ па екендігі белгіленеді.

38. Жабдықтауларымен және есептік адамдар санымен (немесе есептік жүктемені келтіретін балластпен) тынық судағы жұмыс жағдайындағы салды толықтай сумен батырады.

39. Құтқару салын қоршаған ортаның температурасы 18-ден 20⁰С-қа дейінгі кезде газ толтыру жүйесінен үрлейді.

Егер жұмыс қысымына 1 минуттан жоғары емес уақытта жетсе және тігістердің деформациясы, жарылу немесе қандай да бір салдың зақымданулары байқалмаса сынаудан өтті деп есептеледі.

40. Керек-жабдықтармен оралған құтқару салын кемінде 24 сағат 30⁰С температурада тоңазытқыш камерада ұстайды. Содан кейін газ толтыру жүйесінен салды үрлейді.

Егер сал жұмыс қысымына 3 минуттан жоғары емес уақытта жетсе және тігістердің деформациясы, жарылу немесе қандай да бір салдың зақымданулары байқалмаса сынаудан өтті деп есептеледі.

41. Керек-жабдықтармен оралған құтқару салын +50⁰С камерада кемінде 8 сағат ұстайды. Содан кейін газ толтыру жүйесін іс-қимылға келтіру жолымен салды үрлейді.

Егер сал жұмыс қысымына 1 минуттан жоғары емес уақытта жетсе және тігістердің деформациясы, жарылу немесе қандай да бір салдың зақымданулары байқалмаса сынаудан өтті деп есептеледі.

42. Қысыммен сынау кезінде құтқару салының әрбір үрленген бөлігін (жүзу камерасы) қысылған ауамен жұмыс қысымынан екі есе асатын қысымға дейін үрлейді.

Егер 10 минут ішінде қысым 5% артығырақ төмендемесе және қандай да бір салдың зақымдануы байқалмаса, сал сынақтан өтті деп есептеледі.

43. Сынаумен қандай да бір жүзбелі бөлігі үрленбеген салдың, қалыпты жағдайда отырған орташа салмағы 75 кг есептік адамдар санымен барлық өлшем бойынша қалыпты су үсті бортын жүзуде ұстап тұруға қабілетті екендігі белгіленеді.

44. Температуралық сынауда гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны -30°C температуралы камераға және онда 8 сағат бойына ұстап тұрады, онан кейін 8 сағат бойына $+50^{\circ}\text{C}$ температуралы камераға орналастырады, айтылған процедураны 10 рет қайталайды. Сынаудың аяғында гидростатикалық ажыратқыш құрылғының бірі -30°C температуралы камерадан алынуы және 0°C суда қолданысқа келтірілуі тиіс. Басқа гидростатикалық ажыратқыш құрылғы $+50^{\circ}\text{C}$ температуралы камерадан алынуы және $+30^{\circ}\text{C}$ температуралы суда қолданысқа келтірілуі тиіс.

45. Суға батыру және гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны қолмен қайтаруға кезінде сынау оған қоса, ол суға батырылған немесе қысыммен сынау үшін сыйымдылықпен су басуда табылатын есептік гидростатикалық жүктемені сынайды. Құрылғы 4 м жоғары емес тереңдікте ажыратылуы тиіс. Осы сынақ аяқталғаннан және гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны бастапқы қалпына орнатқаннан кейін, қолмен ажыратылуы тиіс, егер мұндай ажырату көзделген болса. Бұдан кейін гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны қарау үшін ашады. Егер коррозияның іздері немесе сапаның нашарлауы байқалмаса, құрылғы сынақтан өтті деп есептеледі.

46. Беріктілікке сынау. Гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны жинағаннан кейін, егер ол арқан құралдарының құрамына кіретін болса, қоса берілген 30 минут ішінде кемінде 10 кН күшпен үзілуге сыналады. Егер гидростатикалық ажыратқыш құрылғы сыйымдылығы 25 адам салда орнатылса, оны кемінде 15 кН күшпен үзілуге сыналады. Үзілуге сынағаннан кейін құрылғы қолмен ажыратуға қабілетті болуы тиіс, егер мұндай ажырату көзделген болса.

47. Жұмыс қабілеттілігін сынауды гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны қолдануы мүмкін ең кіші және ең үлкен құтқару салдарын пайдаланумен жүргізеді. Құтқару салын құтқару салын суға түсіру үшін жеткілікті көлемі бар рамаға немесе платформаға көлденең орналастырады. Гидростатикалық ажыратқыш құрылғыны және арқанды сондай-ақ кеме бортына да орналастырады.

Құтқару салы орнатылған платформа мынадай үлгіде суға батырылады:

- көлденең;

- 45⁰ бұрышпен көлбеу, содан кейін гидростатикалық ажыратқыш құрылғы жоғарғы ұшында табылатындай 100⁰ бұрышпен;

- 45⁰ бұрышпен көлбеу, содан кейін гидростатикалық ажыратқыш құрылғы төменгі ұшында табылатындай 100⁰ бұрышпен;

- тігінен.

Осындай жағдайларда гидростатикалық ажыратқыш құрылғы құтқару салын кемінде 4 м тереңдікте ажыратуы тиіс.

48. *L*, *B*, *H* өлшемдерін және құрал нысанын техникалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді. Мұндағы:

L - ДП –да оның шеткі нүктелер аралығымен өлшенген, құралдың есептік ені, м;

B – мидель-шпангоуттың жазықтығында оның шеткі нүктелері аралығында өлшенген, құралдың есептік ені, м;

H - ДП –да оның шеткі нүктелер аралығымен өлшенген, құралдың есептік биіктігі, м.

49. Құралдың беріктігін оны 10 м биіктіктен суға лақтырумен тексеру керек. Құрал сынақтан өтті деп есептеледі, егер онда сызаттар, майысу, жарылулар болмаса.

50. Корпустың су өткізбеушілігін мынадай тәсілдердің бірімен сынайды:

Әрбір бөлікке сығылған ауаны 0,0196 МПа артық қысымға дейін қыздырумен. Егер 30 минут өткенде бөлікте орнатылған манометрде қысымның төмендеуі 1% артық қысымнан аспаса, бөлік су өткізбейтін болып есептеледі;

Әрбір бөлікке шланг немесе түтікті тігінен қою үшін төменгі ұшында бөлікке бұру үшін штуцері, ал жоғарғы жағында – шыны түтікшесі бар жоғарғы көлденең бөлікке жанасу үстінен әрбір бөлікті 3 м биіктікте сумен толтыру.

51. Құралдың ең ұзын жағының біріне құтқару леерінің әрбір иілуінде әрбірінің көлемі 14,5 кг болат немесе шойын жүкті іледі.

Егер құралдың жоғарғы тиелген беті сумен жабылмаса, құрал орнықты деп есептеледі.

52. Беріктілікке және су өткізбеушілікке сыналған құрал толықтай суға батырылады және батырылған қалыпта 24 сағат ұстап тұрады. Көрсетілген уақыт өткеннен кейін, оған есептелген әрбір адамды 14,5 кг тең деп қабылдап, оған адамдардың толық санына тиісті жүкті төсейді. Жүк суда болмауы тиіс. Құрал, егер жүзуде 1 сағат бойы қалса сынақтан өтті деп саналады.

53. Өлшеумен, салмағын тартумен және қараумен, ішкі диаметр, құтқару шеңберінің көлемі және олар үшін көзделген жабдықтаулардың техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі белгіленеді.

54. Жылуға төзімділікке сынау кезінде шеңберді 8 сағатқа +50⁰С температуралы камераға орналастырады. Шеңбер, егер онда зақымдану байқалмаса және қалпы

өзгермесе, ал сызықтық шөгуі алғашқы өлшемінен 2% аспайтын болса, сынақтан өтті деп есептеледі.

56. Өлшемі 300x350x60 мм өртке тұрақты материалдан жасалған ыдыстың ықпалына беріктілікке сынау кезінде 10 мм белгіге дейін сумен және 40 мм белгіге дейін бензинмен толтырады. Бензин жанады және 30 секунд ішінде еркін жануына мүмкіндік береді. Бұдан кейін 250 мм – ден 500 мм дейінгі арақашықтықта сауыттың жоғарғы жиегінің үстіне 2 секунд ашық алауда табылуы тиіс шеңберді іледі. Шеңбер, егер жалыннан алып тастағаннан кейін ол жанбаса және ерімесе сынақтан өтті деп есептеледі.

57. Мұнай өнімдеріне беріктілікке сынау кезінде шеңберді толықтай бөлме температурасында 24 сағатқа 100 мм тереңдікке дизельді отынға батырады. Сынаудан кейін шеңберде қандай да бір зақымданулардың белгісі болмауы тиіс.

58. Беріктілікке сынау кезінде:

1) шеңберді сынаудан кейін отқа жылуға төзімділікке, аязға төзімділікке және жалынның ықпалына беріктілікке сынайды;

2) шеңберді 10 м биіктіктен суға немесе 5 м биіктіктен бетон еденге 4 рет жалпақ жағымен лақтырады. Шеңбер егер сынаудан кейін шеңбердің тігістерінен және мата қабығынан жарылу және қалпының өзгеруі, ал өзігінен жанатын буйкалы шеңберлер үшін – сигнал құрылғысының жұмыс қабілеттілігінің бұзылу байқалмаса сынақтан өтті деп есептеледі;

3) лақтырумен беріктілікке сыналған, шеңбердің беріктілігі, сондай-ақ арқандарды және леерді шеңберге бекіту беріктілігін кезекпен 10 минутқа 75 кг көлеммен жүктің әрбір леер учаскесіне ілумен тексереді. Егер сонымен бірге леердің сырғанауы және оның бекітілуінің ығысуы, леер арқандарын бекітудің бұзылуы болмаса, сондай-ақ тігістерде және шеңбер матасының қабықшасында үзілулер болмаса, шеңбер сынақтан өтті деп есептеледі;

4) шеңбер беріктілігін, оған көлемі 90 кг бекітілген жүкпен шеңберді 20 минут ілумен қосымша сынайды. Шеңбер жүктен шеңберге қарама қарсы жақтарымен ені 50 мм лентамен ілінеді. Егер сынаудан кейін онда жарылулар, сызаттар немесе қалдық деформациялар болмаса, шеңбер сынақтан өтті деп есептеледі.

59. Жүзуге сынауды беріктілікке сынағаннан кейін жүргізеді. Шеңберді, оған болат немесе шойыннан жасалған 14,5 кг көлеммен 24 сағатқа суға түсіреді. Сонымен бірге жүк леерге бекітілмеуі тиіс. Егер осы уақыт ішінде ол жүзуде қалса, шеңбер сынақтан өтті деп есептеледі. Өздігінен жанатын буйкалы шеңбер үшін бір мезгілде 2 сағат бойы кемінде 2 кд жарық күшімен сигнал құрылғысының үздіксіз жану қабілеттілігін тексереді

60. Құтқару кеудешесін осы Қосымшаның 54 және 55-тармақтарына сәйкес сынайды. Кеудеше, егер қабықшасы және жүзбелі материалдың ішінен зақымданулар, шөгу сияқты кебу және жарылу белгілері болмаса, сынақтан өтті деп есептеледі.

61. Құтқару кеудешесін осы Қосымшаның 56-тармағына сәйкес жалынды сынауға салады. Кеудеше, егер ол жалынды қолдамаса және оны жалыннан алғаннан кейін ерімесе сынақтан өтті деп есептеледі.

62. Құтқару кеудешесін осы Қосымшаның 57-тармағына сәйкес сынайды. Кеудеше, егер одан қабықшасы сияқты кеудешенің жүзбелі материалында зақымданулар, кебу және жарылу белгілері болмаса сынақтан өтті деп есептеледі.

63. Кеудешені беріктілікке сынау екі типке бөлінеді: белбеуге күшті қоса беріктілікке сынау және кеудешені бойлай күшті қоса беріктілікке сынау.

64. Белбеуге күшті қоса беріктілікке сынау кезінде құтқару кеудешесін 2 минутқа суға батырады. Одан кейін оны судан шығарады және оны болашақта адамға түймелейтіндей етіп түймелейді. Одан кейін оны адамның денесінде ұстайтындай кеудешенің сол бөлігіне немесе үлкен адамның құтқару кеудешесінің көтеру ілгегіне 30 минут бойы кемінде 320 кг күш салады, ал балаларды құтқаруға арналған кеудешелерге - 240 кг. Көрсетілген күштер ересек адамның кеудешесіне диаметрі 125 мм цилиндр арқылы беріледі, ал балалар кеудешесіне диаметрі 50 мм цилиндр арқылы (осы Қосымшаның 1-суреті).

65. Кеудешенің бойына күш салумен беріктілікке сынау кезінде құтқару кеудешесін 2 минутқа суға батырады. Бұдан кейін оны судан алып шығады және болашақта адамға қалай түймеленеді, солай етіп түймелейді. Сонан соң 30 минут ішінде ересек адамның құтқару кеудешесінің иық бөлігіне кемінде 90 кг күш салады, ал балаларды құтқару кеудешесіне – 70 кг. Көрсетілген күштер ересек адамдардың кеудешесіне диаметрі 125 мм цилиндр арқылы беріледі, ал балалар кеудешесіне – диаметрі 50 мм цилиндр арқылы (осы Қосымшаның 2-суреті).

Кеудеше, егер сынау нәтижесінде ол ешқандай зақым алмаса, сынақтан өтті деп саналады.

66. Беріктілікке сыналған кеудеше 20 минутқа толықтай суға батырылады. Сонан соң кеудешеге ол суда көтеріп тұра алатындай жүкті орналастырады, және жүк көлемін өлшейді. Бұдан кейін кеудешені оның бетінде кемінде 100 мм су қабаты болатындай етіп батырылған күйінде 24 сағат ұстайды. Сынау соңында кеудеше су қабаты астында ұстап тұрғаннан кейін суда ұстап тұруға қабілетті болатын жүк көлемін қайта жинайды. Сынау басындағы және соңындағы жүк көлемінің айырмашылығы сынау басындағы жүк көлемінің 5% аспауы тиіс.

Сонан соң ересек адамның құтқару кеудешесіне көлемі 20 кг, ал балаларды құтқару кеудешесіне – көлемі 9 кг болат немесе шойыннан жасалған жүкті артады және суға түсіреді.

Кеудеше, егер онда зақым болмаса және жоғарыда көрсетілген жүкпен 15 минут бойына жүзде тұрса сынақтан өтті деп саналады.

67. Сынауды осы Қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген әдеттегі киім киген, әр түрлі бойлы және көлемді кемінде 6 сынаушылар (оның ішінде 1-2 әйелдер) мынадай бағдарламалар бойынша жүргізеді:

1) сынаушы бөгде кісінің көмегінің 1 минут ішінде құтқару кеудешесін дұрыс киюі тиіс;

2) құтқару кеудешесіндегі сынаушы 25 м жүзуі және су бетінен 300 мм асатын құтқару салына немесе қатты платформаға шығуы тиіс;

3) құтқару кеудешесіндегі сынаушы кемінде үш жүзбелі есуді жасауы, сонан соң басын төменге салбыратып есін жоғалтқан адам құсап әлсіреуі тиіс.

Осы қалыптан кеудеше сынаушының 5 секундтан жоғары емес уақытта тік бұрышпен арқаға бұрылуын және адам су үстінен аузы су бетінен кемінде 120 мм арақашықтықта табылатындай етіп басының ұстап тұруын қамтамасыз етуі тиіс.

4) құтқару кеудешесіндегі сынаушы 4,5 м биіктіктен суға секіруі тиіс, сонымен бірге кеудеше суға кірерде аударылмауы, жарақаттанбауы, ауырлық сезімін тудырмауы тиіс.

68. Балаларға арналған құтқару кеудешелеріне, бұл қаншалықты тәжірибелі мүмкін, ересектер үшін жүргізілгенге ұқсайтын сынақтар қолданылуы тиіс.

Балаларға арналған кеудешелерді сынаушыларда (манекен) сынайды. Сынаушылар толық түрде барлық өлшемдерді ұсынатындай үлгіде таңдалуы тиіс. Әрбір бой және салмақ интервалында кемінде 6 сынаушы қажет.

Аударуға сынау кезінде сынаушының аузы суда 5 секундтан кейін кешіктірмей су үстінде болуы тиіс.

Сыналушылардың аузынан су бетіне дейінгі орташа арақашықтық кемінде 90 мм болуы тиіс. Сонымен бірге бойы 1,27 м кіші және салмағы 23 кг кіші жеке сыналушының аузы су бетінен кемінде 50 мм, ал бойы 1,27 м жоғары және салмағы 23 кг жоғары жеке сыналушының аузы кемінде 75 мм қашықтықта табылуы тиіс.

Сынау кезінде құтқару кеудешесі аударылмайтындығы, жарақаттандырмайтындығы, суда және судан тыс қозғалуды тоқтатпайтындығы белгіленеді.

69. Осы Қосымшаның 60-62-тармақтары бойынша сыналғаннан кейін қосымша үрлемелі кеудешені автоматты үрлеу жүйесі, қолмен және ауыз көмегі арқылы жұмыс қалпына келтіреді.

70. Үрлемелі кеудешенің жүзгіш камера беріктілігін, жабық сақтандырғыш клапандарда камераны қолмен үрлеумен жұмыс қысымынан 1,25 есе асатын қосымша қысыммен тексереді.

Үрлемелі кеудеше, егер 30 минут ішінде қысымды ұстап тұрғаннан кейін, онда қандай да бір зақым болмаса сынақтан өтті деп есептеледі.

71. Бір жүзбелі камерасы үрленбеген құтқару кеудешесіне осы Қосымшаның 66-67-тармақтары бойынша сынау жасалады.

72. Гидрокостюм осы Қосымшаның 54 және 55-тармақтарында көрсетілген сынауға жатады. Гидрокостюм, егер қандай да бір зақым, жарылу, кебу болмаса сынақтан өтті деп есептеледі.

73. Гидрокостюмге сынақ осы Қосымшаның 56-тармағындағы жазылғанға ұқсас жасалады. Гидрокостюм, егер ол жануды қолдамаса және оны жалыннан алып шыққаннан кейін ерімесе сынақтан өтті деп есептеледі.

74. Гидрокостюм осы Қосымшаның 8-тарауындағы 2-параграфта көрсетілген сынауға ұшырайды, бірақ сонымен бірге қосымшаланатын жүктеме 1350 Н болуы тиіс (қажет болған жағдайда сынау кезінде гидрокостюмді арнайы құралдар үшін тіледі).

75. Құтқару кеудешесінің болуын қажет етпейтін гидрокостюм осы Қосымшаның 66-тармағында көрсетілген сынауға жатады. Гидрокостюм, егер оның жүзгіштігі оны 24 сағатқа суға батырғаннан кейін 5% жоғары төмендемесе сынақтан өтті деп есептеледі.

76. Сынау алдында суланған гидрокостюмдегі сыналушының өлшемін анықтайды. Суда 1 сағат уақыт болғаннан кейін сыналушыны қайта өлшейді. Гидрокостюм, егер оған суда түскен көлем 200 г аспаса сынақтан өтті деп есептеледі.

77. 1) тармақшада көрсетілген әдіспен, сынаушы 4,5 м биіктіктен суға секіргеннен кейін гидрокостюмдағы су көлемін анықтайды. Гидрокостюм, егер секіру кезінде ол ығыспаса және зақымданбаса, ал ондағы су көлемі 580 ± 50 г аспаса сынақтан өтті деп есептеледі.

78. Сынау үшін осы Қосымшаның 8-тармағындағы 3-параграфқа сәйкес сынаушы-ерлерді таңдайды.

79. Егер гидрокостюм құтқару кеудешесін киюді талап етсе, онда сынау кезінде оның үстіне құтқару кеудешесін кигізеді.

80. Сынаушы бөгде адамдардың көмегінсіз 2 секундтан жоғары емес уақытта гидрокостюмді дұрыс киюі тиіс.

81. Сынаушы тынық суда бетін жоғары қаратып тұрақты жүзуі тиіс, сонымен бірге оның аузы су бетінен 120 мм төмен болмауы тиіс.

Сонан соң босаңсыған басын төмен қаратқан сынаушы есін жоғалтқан адамға еліктейді. Осы қалыптан гидрокостюм контрукциясы 5 секунд ішінде басын жоғары ұстап адамның арқаға бұрылуын қамтамасыз етуі тиіс.

82. Гидрокостюмдағы сынаушы 4,5 м биіктіктен секіруі және 1 сағат бойы $+5^{\circ}\text{C}$ температурадағы суда болуы тиіс. Осыдан кейін, 2°C жоғары төмендемеуі тиіс сынаушының денесінің температурасын өлшейді.

83. Сынау кезінде, жылу қорғағыш құрал жасалған материал, оған 2 м биіктікпен су діңгегіқысымы кезінде, өзінің су өткізбеушілік қабілетін сақтайтындығы белгіленеді.

Сынаумен материалдың $7800 \text{ Вт}/(\text{м}^2\text{К})$ жоғары емес жылу бергіш коэффициенті барекендігі белгіленуі тиіс.

84. Жылу қорғағыш құралдарды осы Қосымшаның 54 және 55-тармақтарына сәйкес сынайды. Құрал сынақтан өтті деп саналады, егер қарау кезінде сынаудан кейін оның зақымдану белгілері болмаса.

85. Жылу қорғағыш құрылғы барлық саңылауларды жапқаннан кейін осы Қосымшаның 57-тармағына сәйкес сынауға жатады. Құрал, егер оның бетін тазалағаннан кейін сынаудан және қараудан кейін ешқандай зақымдану белгілері болмаса, ал оның жылу бергішті коэффициенті $7800 \text{ Вт}/(\text{м}^2\text{К})$ аспайтын болса, сынақтан өтті деп саналады.

86. Сынау үшін сынаушыларды осы Қосымшаның 8-тарауының 3-параграфына сәйкес таңдайды.

Сынаушылар жүзуде құтқару құралдарында болғанда, жылу қорғағыш құралдардың орауын ашады және бөгделер көмегінсіз оны құтқару кеудешесінің үстінен киеді.

Егер сынаушылар, жылу қорғағыш құралмен суда тұрып, бөгделер көмегінсіз оны 2 минуттан жоғары емес уақытта шешсе, құрал сынақтан өтті деп есептеледі.

87. Құтқарушы шлюпкаларға арналған қайық белдемдер, сал белдемдері және түсіру құрылғыларын олардың ең жоғары жұмыс қысымынан 1,5 есе асатын сынама статикалық жүктемемен сынайды. Борттың сыртына толықтай аунатылған шлюпканы екі жағы бойынша шамаланған бойлық жазықтыққа шамамен 5^0 доғаны сыза отырып шайқалтады. Алдымен сынауды кеменің тік бағыты кезінде, сонан соң бір бортқа және басқа бортқа 15^0 қисайтуға ұқсатып жүргізеді.

Осы сынау нәтижесінде айтарлықтай құрылғылардың деформациясы немесе қандай да бір зақымдаулар байқалмауы тиіс.

88. Ең жоғарғы рұқсат етілген шлагтар санымен шығыр барабандарына жұмыс жүктемесінен 1,5 есе асатын, тежегіш көмегімен ұсталып тұратын статикалық сынама жүктемесін тіркейді. Бұл жүктемені сонан соң барабан осінің бір толық айналымымен түсіреді. Жұмыс жүктемесінен 1,1 асатын сынама жүктемені ең жоғары жылдамдықпен 3 м қашықтыққа түсіреді және қолмен тежеу көмегі арқылы шұғыл тоқтатады. Тежегішті сынау нәтижесінде қанағаттанарлықтай жұмыс істеуі тиіс.

89. Шығыр жұмысын қолдық жетек көмегімен тексереді, егер бұл көзделген болса.

90. Қайықтың суға түсіру уақытын есептік адамдар санымен және жабдықтаулармен тексереді. Түсіру құрылғысы сынақтан өтті деп есептеледі, егер түсіру уақыты, түсіруге кеткен дайындық және борт сыртына шығару уақытын қоса алғанда 5 минуттан аспаса.

91. Кемелік эвакуациялық сырғыманы осы Қосымшаның 54, 55 және 56-тармақтарына сәйкес сынайды.

92. Кемелік эвакуациялық сырғыма, егер оны сынақтан кейін жұмыс қалпына келтіргенде корпусының жарылу белгілері, тігістің деформациялары және басқа да ақаулар болмаса сынақтан өтті деп саналады.

93. Кемелік эвакуациялық сырғыманың жүзгіштік камерасын жабық сақтандырғыш клапандары кезінде жұмыс қысымынан 2 есе асатын сығылған ауамен үрлейді. Егер 10 минут ішінде оның жүзгіштік камерасындағы қысым 5% жоғарыға төмендемесе және конструкцияның қандай да бір зақымдануы байқалмаса, кемелік эвакуациялық сырғыма сынақтан өтті деп саналады.

94. Жұмыс қысымына дейін үрленген кемелік эвакуациялық сырғыманы өте жоғары емес биікте қатты негізде ұштарымен орнатады. Сырғаманың ортаңғы бөлігін көлемі 150 кг (1,47 кН) дейінгі бытыраған жүктемемен жүктейді. Егер ол бүктелмесе және өзгермесе, кемелік эвакуациялық сырғыма сынақтан өтті деп есептеледі.

95. Сынау үшін сынаушыларды осы Қосымшаның 8-тарауындағы 3-параграфқа сәйкес таңдайды және мынадай бағдарлама бойынша жүргізеді:

1) контейнерге немесе қапқа оралған кемелік эвакуациялық сырғыманы ол кемеді орналасуы тиіс биіктікте орнатылады. Бір сынаушы оны жұмыс қалпына келтіреді. Басқа сынаушы кемелік эвакуациялық сырғыманың ұшын құтқару құралына бекітеді (салға немесе қайыққа). Сонымен бірге кемелік эвакуациялық сырғыманың 30^0 дан 35^0 -ке шамасында болатын көкжиекке қатысты еңкею бұрышын визуальды тіркейді. кемелік эвакуациялық сырғыма, егер оны пайдалану қалпына келтіру 5 минуттан аспаса сынақтан өтті деп есептеледі;

2) кемелік эвакуациялық сырғымаға белгіленген жұмыс қысымы кезінде құтқару кеудешелерін киген адамдарды түсіруді жүзеге асырады. Егер түсіру жолының жұмыс бетінде қандай да бір зақымдану болмаса, кемелік эвакуациялық сырғыма сынақтан өтті деп есептеледі. Сонымен бірге кемелік эвакуациялық сырғыманың кез келген жүзгіштік камерасының бірінде қысымды жоғалту, оның эвакуациялау құралы ретінде пайдалануды шектемейтіндігін көрсету тиіс.

96. Жылуға тұрақтылыққа және аязға тұрақтылыққа сынау кезінде әрбір пиротехникалық сигнал құралының екі үлгісі бойынша, осы Қосымшаның 54 және 55-тармақтарына сәйкес сынайды. Егер қандай да бір зақымданулар, жарылулар, кебулер болмаса, ал сынаудан кейін іс-қимылға келтіргенде олар қалыпты жұмыс істесе сигналды құралдар сынақтан өтті деп есептеледі.

97. Әрбір пиротехникалық сигнал құралының екі үлгісі бойынша беріктілікке сынау кезінде 2 м биіктіктен бетон еденге лақтырады. Егер қандай да бір зақымданулар, ал іс-қимылға келтіргенде олар қалыпты жұмыс істесе, пиротехникалық сигнал құралы сынақтан өтті деп есептеледі.

98. Әрбір пиротехникалық сигнал құралының екі үлгісі бойынша суға тұрақтылыққа сынау кезінде 24 сағатқа 100 м тереңдікте суға батырады.

Егер сынаудан кейін оларды іс-қимылға келтіргенде қалыпты жұмыс істесе, ал барлық инструктивтік жазулар және корпустағы суреттер анық көрініп тұрса, Сигналды құралдар сынақтан өтті деп есептеледі.

99. Әрбір пиротехникалық сигнал құралының екі үлгісі бойынша жалаңаш қолымен және қолғаппен суға түсіруді, сынаушы бөгделер көмегінсіз қолмен жүргізеді.

100. Парашюттік зымырандарды іске қосқан кезде зымыран шамамен 300 м биіктікте парашютті және оның бекітулерін зақымдамай жұмыс істейтіндігіне сынаушы визуальды көз жеткізеді, сондай-ақ мыналарды тіркейді:

кемінде 40 секунд болуы тиіс зымыранның жану ұзақтығының уақыты;

жоғарғы траектория нүктесінен зымыранның түсу уақытын.

Сонан соң 5 м/с жоғары болмауы тиіс, зымыранның түсу жылдамдығы анықталады.

101. Фальшфейерлерді іс-қимылда сынау кезінде сынаушы біреуінде қоршаған орта температурасында оның жану ұзақтығының уақытын өлшейді.

Ол кемінде 1 минут болуы тиіс. 30 секунд жанғаннан кейін екінші фальшфейерді сынаушы 100 м тереңдікте суға батырады.

Сонымен бірге фальшфейер кемінде 10 секунд жануы тиіс.

102. Зертханалық сынақ жолымен желдеткішті пайдалану кезінде әрбір пиротехникалық сигнал құралының кемінде 30 м/с ауа ағынының жылдамдығында жұмыс қабілеттілігін тексереді. Егер ауаның осы жылдамдығында олар сөніп қалмаса, құрал сынақтан өтті деп есептеледі.

3. Пайдаланылатын кемелердегі үрлемелі ұжымдық құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету және сынау

103. Осы бөлім пайдалануда табылатын кемелерде орнатылған үрлемелі құтқару салдарына және үрлемелі кемелік эвакуациялық сырғымаларға қолданылады.

104. Үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету, тексеру және сынау Кеме қатынасы тіркелімінің тануы бар және үрлемелі құтқару құралдарын дайындаушы зауыттың осы жұмыстарды орындауға құқы бар құжаты оның талаптарына сәйкес келетін мамандандырылған учаскелерде (станцияларда) жүргізіледі.

105. Үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсетуді орындауға арналған үй-жай жабық, жеткілікті жарықтандырылған, жеткілікті ауданы және үрленген ең үлкен салдарды аударуға арналған биіктігі болуы тиіс немесе салдардың түбін аудармай қарауды қамтамасыз ететін басқа да тиімді құралдар көзделуі тиіс.

106. Үй –жай құтқару құралдарына және дайындаушының талаптарыны сәйкес ажыратқыш құралдарға қызмет көрсетуге арналған қажетті құралдармен және аспаптармен жабыдқталуы тиіс.

107. Үй–жай өтпе желді туындатпайтын желдеткішпен жабыдқталуы тиіс. Жұмысқа арналған үй-жайдағы температура және салыстырмалы ылғалдылық үрлемелі құтқару құралдарына қызмет көрсетуге және жөндеуге қалыпты жағдайды қамтамасыз ету үшін бақылануы тиіс.

108. Мына үй-жайлар көзделуі тиіс:

Қызмет көрсетуді, жөндеуді немесе жіберуді күтіп тұрған құтқару салдарын сақтауға арналған;

материалдарды немесе қосалқы бөлшектерді сақтауға арналған.

109. Контейнерлердегі немесе қаптардағы құтқару салдарын сақтауға арналған сөрелер, салдар бірі біріне екеуден артық қойылмайтындай етіліп жасалуы тиіс.

110. Қызмет көрсету және жөндеу үрлемелі құтқару құралдарын дайындаушымен оқытылған және аттестациядан өткен білікті персоналдармен орындалуы тиіс. Персоналдарды аттестациялау Сыныптау қағидасының 14-тармағына сәйкес Кеме қатынасы тіркелімімен учаскені (станцияны) куәландыру алдында жүйелі түрде өткізілуі тиіс.

111. Учаскеде (станцияда) мыналар болуы тиіс:

Үрлемелі құтқару құралдарын, олардың газ толтыру жүйесін қоса дайындаушының талаптарына сәйкес техникалық қызмет көрсету, тексеру және сынау үшін құралдар және аспаптар;

саны және сапасы дайындаушымен келісілуі тиіс, үрлемелі құтқару құралдарын жөндеуді жүзеге асыруға арналған материалдар және жинақтар.

112. Учаскеде үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету, тексеруге және сынау үшін қажетті техникалық құжаттамалар жиынтығы болуы тиіс.

Үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету бойынша құжаттамада мыналар болуы тиіс:

1) теңіз флотының кемелерін пайдаланудың ерекшелігін ескере отырып барлық қызмет ету мерзімінде дайындаушы өзінің бұйымдарының сенімді жұмыс істеуіне кепілдік беретін техникалық қызмет көрсетудің зауыттық жүйесі туралы мәлімет;

2) учаскенің персоналдарының біліктілігіне қойылатын талаптар;

3) техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын үй-жайға және жабдықтарға қойылатын талаптар;

4) техникалық қызмет көрсету процедурасы.

113. Үрлемелі құтқару құралдарына қызмет көрсету және жөндеу дайындаушының талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

114. Үрлемелі құтқару құралдарына кемніде мынадай сынаулар және процедуралар жүргізілуі керек:

1) зақымдарды байқау мақсатында салдың қабын немесе контейнерін қарау;

2) ылғалдың болуына тыйым салу мақсатында жиналатын салды және қаптың және контейнердің ішкі бөліктерін қарау;

3) бір сағат ішінде жұмыс қысымын ұстап тұруға сынау, осы уақыт ішіндегі қысымның төмендеуі дайындаушымен бұйымның техникалық құжаттамасында көрсетілген мәннен аспауы тиіс;

4) дайындаушының нұсқаулығына сәйкес үрленген салды қарау;

5) түптің тұтастығын қарау және дайындаушының нұсқаулығына сәйкес сынау;

6) деформацияны байқау немесе жиегін көтеру мақсатында түптер және жүзгіштік камерасының арасындағы тігістерді тексеру;

7) олардың жақсы жағдайда және қолданылу мерзімі өтіп кетпегендігіне көз жеткізу мақсатында жабдықтау және қамдау заттарын тексеру;

8) дайындаушының нұсқаулығына сәйкес газ толтыру жүйесін арматурасымен баллаондарды ішкі қарау және баллон зарядының көлемінің сақталуын тексеру;

9) талап етілетін таңбалауды тексеру және жаңарту;

10) ажыратқыш гидростатикалық құрылғыны қарау және оның жұмыс қабілеттідігін осы құрылғыны дайындаушының нұсқаулығына сәйкес тексеру;

11) әрбір бес жыл сайын жүргізіліп тұратын, штатты газ толтыру жүйесінен газды үрлеумен сынау. Сонымен бірге сақтандырғыш клапанның тиісді жұмыс істеуін тексеру қажет. Жұмыс қысымна дейін үрленген сал кемінде 1 сағат бойы тұруы тиіс, собынмен бірге қысымның төмендеуі салды дайындаушының техникалық құжаттамасында көрсетілген мәннен аспауы тиіс.

115. Кемелік эвакуациялық сырғымалар үшін, кемінде мынадай сынаулар мен процедуралар жүргізілуі керек:

1) зақымдануды байқау және оларды ылғалды болдырмау мақсатында қапты және контейнерді қарау;

2) осы Қосымшаның 113-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес жұмыс қысымын ұстап тұруға сынау;

3) дайындаушының нұсқаулығына сәйкес адамдарды түсіру үшін жұмыс бетінің тұтастығын тексеру;

4) жұмыс беті және көтергіш камера арасындағы тігістерді тексеру;

5) олардың жарамды жағдайда екендігіне көз жеткізу үшін жабдықтау және құралдандыруды тексеру;

6) осы Қосымшаның 113-тармағының 8) және 11) тармақшаларына сәйкес газ толтыру жүйесін тексеру және сынау;

7) талап етілген таңбалауды тексеру және жаңарту.

116. Контейнерлерге немесе қаптарға оның атауы және техникалық қызмет көрсеткен күнімен техникалық қызмет көрсеткен ұйымның штампы қойылады.

117. Үрлемелі құтқару құралдарына қызмет көрсету нәтижелері, сондай-ақ олардың жүйелерін және құрылғыларын қарау және сынау, жинақтаушы бұйымдардың және ауыспалы элементтерді ауыстырудың нәтижелері тиісті паспорттарда, мамандандырылған учаскенің (станцияның) журналында, актіде (осы Қосымшаның 1-нысаны), дайындаушының құжатында көрсетіледі және мамандандырылған учаске бастығының қолымен және мөрімен (штамп) куәландырылады.

118. Әрі қарай пайдалануға жарамды деп табылған үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету, тексеру және сынау нәтижелері бойынша акті кеме иесінің өкіліне беріледі, ал дайындаушының техникалық қызмет көрсету нәтижесі туралы

белгісі бар құжаты әрі қарай пайдалануға жарамды әрбір үрлемелі құтқару құралына қоса беріледі. Актінің көшірмесі Кеме қатынасы тіркеліміне жолданады.

119. Қызмет ету мерзімінің бітуі бойынша үрлемелі құтқару құралының техникалық жағдайын бағалау үшін, әдеттегідей осы Қосымшаның 113 және 114-тармақтары бойынша тексеру және сынаудан басқа, дайындаушының нұсқаулығына сәйкес қысыммен барлық үрлемелі бөліктерге қосымша сынау, сондай-ақ тігістердің беріктілігіне, олардың жалпақ конструкциялармен(салдың түбі, сырғыманың жұмыс беті) жалғануыне тексеру жүргізеді.

120. Үрлемелі бөліктердің (камералардың) герметикалығының, құтқару құралының сыдырылуы және тігістердің зақымдалуы болмаған кезде құрал кезекті техникалық қызмет көрсетілгенге дейін және оның техникалық жағдайын тексергенге дейін пайдалануға жарамды деп танылады.

121. Құтқару құралының қызметету мерзінің бітуі бойынша қосымша сынау кеме иесіне берілетін актімен (осы Қосымшаның 2-нысаны) ресімделеді. Актінің көшірмесі Кеме қатынасының тіркеліміне жолданады.

4. Пайдаланудағы кемелердегі жеке құтқару құралдарын сынауды тексеру

122. Осы бөлім пайдалануда табылатын кемелерде қолданылатын, құтқару шеңберлеріне, кеудешелерге, гидрокостюмдарға және жылу қорғағыш құралдарға қолданылады.

123. Құтқару құралдарын тексеру және сынау Кеме қатынасы тіркелімінің Тану туралы куәлігі бар мамандандырылған учаскеде жүргізіледі.

124. Құтқару құралдарын сынаудың мерзімділігі Кеме қатынасы тіркелімінің қағидаларымен регламенттелген.

125. Тексеру және сынау процедураларына қарау, беріктілікке, жүзгіштікке, герметикалыққа сынау, қосымша жабдықтардың жинақтылығын тексеру, таңбалау және жүргізілген жұмыстар бойынша құжаттарды ресімдеу жатады.

126. мамандандырылған учаскеде ішкі қарауға кемеде табылатын барлық жеке құтқару құралдары ұшырайды.

127. Шекті жағдайлардың белгісі бойынша құтқару құралдарын брактау (осы Қосымшаның 23-тарауы) кеме иесі өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

128. Құтқару құралдарының брактарының ішінен беріктілікке және жүзгіштікке 25% шеңберлер бірақ кемінде 1, 10% кеудеше бірақ кемінде 2 сынауға ұшырайды, жүзгіштікке және герметикалыққа сынауға гидрокостюмдердің 10%, бірақ кемінде 2 ұшырайды.

Сынаудың 50% және одан жоғары құтқару құралдарының теріс нәтижесі кезінде, қалған барлық құтқару құралдары сыналуды тиіс.

129. Брактау және сынау нәтижелері бойынша жарамсыз деп танылған құтқару құралдары, Кеме қатынасы тіркелімінің өкілі хабарланатын ауыстыруға жатады.

130. Құтқару құралдарында шекті жағдайдың белгілеріне (осы Қосымшаның 138-143-тармақтары) сәйкес келмейтін ақаулар байқалған кезде, беріктілікке және жүзгіштікке сыану алдында оларға жөндеу жүргізілген болуы тиіс.

131. Құтқару құралдарын тексеру және сынауға арналған үй-жай жабық, жылытылатын, желдетілетін және жеткілікті жарақтандырылған болуы тиіс, құтқару шеңберлерін сынау үшін қажетті биіктігі және бетон едені болуы қажет.

132. Қарауды, сынауды, жөндеуді немесе жөнелтуді күтіп отырған құтқару құралдарының әртүрлі түрін жеке сақтауға арналған орын көзделуі тиіс. Сақтау шарттары дайындаушының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

133. Участке мыналармен жабдықталуы тиіс:
жүзгіштікті сынау үшін бассейнмен;
беріктілікке сынау үшін құрылғымен;
әртүрлі көлемдегі тексерілген жүктер жиынтығымен;
герметикалықты тексеру үшін компрессорлар немесе үрлеу сорғыларымен;
нысанын және құтқару құралдарының ұзындық өлшемдерін тексеру үшін калибрлер және өлшеуіш саймандармен;
көрсеткіші оңай алынатын манометрлер және термометрлермен.

134. Жүзгіштікті сынауға арналған бассейн, коррозияға ұшырамайтын материалдан жасалуы немесе тиісті жабыны болуы тиіс. Ол суды құюға және төгуге арналған құрылғылармен жабдықталуы және қалдықтардан және балшықтардан бассейнді жууды және тазартуды мерзімді жүзеге асырып отыратын конструкциясы болуы тиіс.

135. Құтқару құралдарын сынауға арналған су тұщы болуы және ішуге арналған су құбырынан келуі тиіс немесе салынды заттардан және мұнай өнімдерінен алдын ала тазартылуы тиіс.

136. Құтқару құралдарын беріктілікке сынауға арналған құрылғы осы Қосымшаның 149-тармағында көрсетілген тиеу схемасын қамтамасыз етуі тиіс.

137. Тексерілген жүктердің жиынтығы құтқару құралдарын сынау кезінде барлық тиеу схемасын қамтамасыз ету үшін, әртүрлі жүк көлемінің саны бойынша жеткілікті болуы тиіс.

138. Құтқару шеңберлерінің нысанын және ұзындық өлшемін тексеруге арналған калибрлеу конструкциясы осы Қосымшаның 20-тарауының 2 параграфында көрсетілген өлшеудің дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс.

139. Участкеде құтқару құралдарын тексеруге, сынауға және техникалық қызмет көрсетуге үшін қажетті техникалық құжаттама комплектісі болуы тиіс.

140. Құтқару құралдарын тексеру, сынау және жөндеу осы жұмыстарды орындауға құқы бар білікті персоналдармен орындалуы тиіс. Персоналдарды оқыту осы мақсат Кеме қатынасы тіркелімімен танылған құтқару құралдарын тексеру, сынау және жөндеу учаскелерінде жүргізілуі тиіс. Жұмыстарды орындауға құқық беретін куәлік учаске иесінің және Кеме қатынасы тіркелімінің өкілінен құралған комиссиямен, тиісті

емтиханды тапсырғаннан кейін беріледі. Кеме иесімен ұйымдастырылған немесе оның қатысуымен, учаскені Тану туралы куәлік жұмысты Кеме қатынасы тіркелімінің бақылауымен орындаған жағдайда берілуі тиіс.

141. Қарау кезінде материал жағдайын материал жағдайының қабығын және жарықты қайтарушы жолды (үзілудің, жоғалудың, шірудің болмауы), тығынның тұтастығын немесе құтқару шеңберін толтыру үшін пайдаланылған басқа материалды және қабығының барлық тігісін тексереді.

142. Өздігінен жанатын бұйықтардың және белгіленген үлгідегі аккумуляторлы батареялардың болуын, техникалық жағдайын және жұмыс қабілеттілігін, белгіленген өлшемдердің жарық қайтарушы жолдарын, құтқару линияларының болуы және бұйымның қызметету мерзімін тексереді.

143. Шекті жағдай белгілеріне сәйкес (осы Қосымшаның 23-тарауы) ақаулар байқалғанда құтқару шеңберлерін, беріктілікке және жүзгіштікке сынауға, сондай-ақ әрі қарай пайдалануға рұқсат етілмейді.

144. Беріктілікке сынау алдында құтқару шеңберінің ± 5 мм дәлдікпен өлшемін тексереді.

145. Құтқару шеңберін үш рет жалпақ жағымен 2 м биіктіктен бетон полға лақтырады. Егер сынаудан кейін шеңбер нысанының өзгеруі, матаның және жалғаудың жарылуы байқалса, шеңбер бракталады.

146. Лақтырумен сынақтан өткен құтқару шеңберін, ені 50 мм арқанға іледі. Шеңбердің қарам қарсы жағына осындай арқанда салмағы $90 \pm 0,5$ кг жүк іледі. 30 минуттан кейін құтқару шеңберін қарайды. Егер онда жарылулар, сызаттар немесе калдық деформациялар белгісі болмаса, шеңбер сынақтан өтті деп саналады.

147. Жүзгіштікке құтқару шеңберін сынауға, беріктілікке сынаудан өткен құтқару шеңберлері жіберіледі. Шеңберді көлемі 14,5 кг болат немесе шойын жүкпен 24 сағатқа бассейнге орналастырады. Жүкті леерге бекітуге рұқсат етілмейді.

24 сағат өткеннен кейін құтқару шеңберіне көлемі 1 кг қосымша болат немесе шойын жүкті іледі. Шеңбер, егер ол 15 минут бойы жүзуде қалса, сынақтан өтті деп саналады.

Сынаудың барлық уақыты кезінде, сондай-ақ қосымша жүкті ілу кезінде шеңбер судан шығарылмауы тиіс.

148. Қарау кезінде құтқару кеудешесінің түсін, қабықшасының материалының жағдайын және жарықты қайтарушы жолды (үзілудің, жоғалудың, шірудің болмауы), материалдың, толтырушының тұтастығын, сондай-ақ құтқару кеудешелерінің тігісін және жібін тексереді. Жөнделген сигналды ысқырғыштың, қорек көзімен электр отының болуын тексереді.

149. Шекті жағдай белгілеріне сәйкес (осы Қосымшаның 138-143-тармақтары) ақаулар байқалған құтқару кеудешелерін әрі қарай пайдалануға жіберілмейді.

150. Құтқару кеудешелерін беріктілікке сынауды мынадай үлгімен жүргізеді:

1) 2 минут бойына суда ұсталған құтқару кеудешесін, болашақта киілген адамда қалай түймеленсе солай түймелейді. Кеудешенің оны адам денесінде ұстап тұратын бөлігіне, 30 минут бойы көлемі 135 кг жүкті салады (балалар кеудешесі үшін – 105 кг) (осы Қосымшаның 1-суреті). Осы сынау нәтижесіндегі кеудешенің зақымдануы брак белгісі болып табылады;

2) иығын немесе көтеру ілгегін сынау үшін 2 минут бойы суда ұсталған құтқару кеудешесін, болашақта адам кигенде қалай түймеленеді солай түмелейді.

Сонан соң 30 минут бойы кеудешенің иық немесе көтеретін ілгек бөлігіне (осы Қосымшаның 2-суреті) көлемі 75 кг жүкті салады (балалар кеудешесі үшін – 52 кг). Осы сынау нәтижесіндегі кеудешенің зақымдануы брак белгісі болып табылады.

151. Жүзгіштікке сынауға беріктілікке сынаудан өткен кеудешелер жіберіледі. Құтқару кеудешесін оған ересектер үшін көлемі 7,5 кг және балалар кеудешесі үшін 5 кг монолитті болат немесе шойын жүкті іліп 24 сағатқа суға батырады. Осы уақыт өткеннен кейін кеудешеге қосымша ересектер үшін көлемі 1 кг және балалар кеудешесі үшін 0,5 болат немесе шойын жүкті іледі. Осындай күйде кеудешені 1 сағат бойы ұстап тұрады. Егер ол суға толықтау батпаса кеудеше сынақтан өтті деп саналады.

152. Қарау кезінде материалдың жағдайын және жарықты қайтарушы жолды (жарылулардың, ысқылаудың, шірудің болмауы), сыдырма ілгектің жұмыс қабілеттілігі тексеріледі.

153. Жарықтың, аккумуляторлы батареялардың, ысқырғыштардың және балақтардағы ауа көлемін төмендету құралының болуын тексереді.

154. Шекті жағдайдың белгісіне сәйкес (осы Қосымшаның 138-143-тармақтары) ақаулар байқалған гидрокостюмдар, әрі қарай жүзгіштікке және су өткізбеушілікке сынауға және пайдалануға жіберілмейді.

155. Гидрокостюмдарды су өткізбеушілікке сынауды гидрокостюмның барлық саңылауларын жапқаннан кейін жүргізеді. Оны 1 сағатқа 100 м тереңдікте суға батырады. Егер осы уақыт ішінде кірген су 200 г аспаса гидрокостюм сынақтан өтті деп саналады.

156. Құтқару кеудешесін киюді қажет етпейтін гидрокостюм, оның барлық саңылауларын жапқаннан кейін осы Қосымшаның 150-тармағына сәйкес сыналады. Егер ол суға толықтай батпаса, гидрокостюм сынақтан өтті деп саналады.

157. Жылу қорғағыш құралдарды оладың орауының герметикалығы бұзылған жағдайда сыналады. Сонымен бірге сыртқы қараумен жылу қорғағыш құралдың жабылуын қамтамасыз етуші тігістердің материал жағдайын, сыдырма ілгектің және басқа да құралдардың жұмыс қабілеттілігін, пайдалану бойынша нұсқаулықтың болуын тексереді.

158. Шекті жағдайдың белгісіне сәйкес (осы Қосымшаның 138-143-тармақтары) ақаулар байқалған жылу қорғағыш құрал әрі қарай пайдалануға жіберілмейді.

159. Қолданылу мерзімі өткен жылу қорғағыш құрылғы, егер олар қызмет ету мерзімін ұзартуды сынау және шарттары бойынша дайындаушымен әзірленген ілеспелі құжаттамамен жинақталмаған болса ауыстырылады.

160. Құтқару құралдарының олар бракталатын және әрі қарай пайдалануға жіберілмейтін шекті жағадайының белгілері материалдардың шіруі, беріктілікке сынағаннан кейін беткі және ішкі жарылулар, тігістердің үзілуі, құтқару шеңберлерінің нысанының өзгеруі, гидрокостюмдардағы және жылу қорғағыш құралдардағы герметикалық еместігі және сыдырма ілгектің жұмысқа қабілетсіздігі, сондай-ақ гидрокостюмдардың балақтарындағы ауа көлемін төмендететін құралдардың жұмысқа қабілетсіздігі болып табылады.


161. Матаның азғантай сыртқы ақауын байқаған кезде, дайындаушы-зауытта құтқару құралдарын жөндеудің мүмкіндігін анықтау үшін қабын (қабықшасы) ашады.

Егер сонымен бірге толтырушының ақау байқалса (мысалы, пластинчатты тығыннан толтырушымен құтқару шеңберінде – пластин қалыңдығынан 0,5 жоғары таралған сызаттар, күйреу, шіру, тығынның ағаштануы, көгеруі, сары немесе олардағы қоңыр дақтар, қараюлар, құрттау) құтқару құралдары бракталады және әрі қарай пайдалануға жіберілмейді.

162. Құтқару құралдарында (немесе ілеспе құжаттарда) тексеруді және сынақты жүргізген ұйымның штампы қойылады. Штампта ұйымның атауы тексеру және сынау күні болуы тиіс.

163. Құтқару құралдарын тексерудің және сынаудың нәтижелері журналда және белгіленген нысандағы актіде көрсетіледі және мамандандырылған учаске бастығының қолымен және оның штампымен куәландырылады.


164. Әрі қарай пайдалануға жарамды деп танылған құтқару құралының актісі (осы Қосымшаның 3-нысаны) кеме иесінің өкіліне беріледі. Актінің көшірмесі Кеме қатынасы тіркеліміне жолданады.



1-сурет. Құтқару кеудешесін белбеуге күшті салумен беріктілікке сынау:

а) "жилетка" типті құтқару жилеті

б) "хомут" типті құтқару кеудешесі; *P* – сынама жүктеме



2-сурет. Құтқару кеудешесіне бойлай күш салумен сынау:

а) "жилетка" типті құтқару жилеті

б) "хомут" типті құтқару кеудешесі; P – сынама жүктеме

1-кесте

Бойы, м	Саны, адам.	Көлем, кг
1,4-1,6	1	60 кіші
	1	60 жоғары
1,6-1,8	1	70 кіші
	1	70 жоғары
1,8 артық	1	80 кіші
	1	80 жоғары

1-нысан

Үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету, тексеру және сынау нәтижелері актісінің нысаны

АКТ

" ___ " _____ 20__ ж.

Үрлемелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету бойынша мамандандырылған учаске _____

(ұйымның-учаске иесінің атауы, № Тану туралы куәлік)

_____ тиесілі

(құтқару құралдары иесінің атауы, кеменің атауы)

зау. № _____ үрлемелі құтқару салдарына және зау. № _____

_____ кемелік эвакуациялық сырғамаларға техникалық қызмет көрсету, тексеру, сынау жүргізді.

Тексеру және сынау кезінде зау. № _____ құтқару салдары және зау.

№ _____ кемелік эвакуациялық сырғымалардың техникалық жағдайы жарамды және Қағидаға сәйкес жинақталғандығы белгіленеді.

Штатты жүйеден келесі үрлеу мерзімі _____

(күні)

Актіні алдым _____

(қолы) (Т.А.Ж.)

Мамандандырылған учаскенің(станцияның) бастығы

(қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

2-нысан

Қызмет ету мерзімі өткен үрмелі құтқару құралдарына қызмет көрсету, тексеру және сынау нәтижесі актісінің нысаны

АКТ

" ____ " _____ 20__ ж.

Үрмелі құтқару құралдарына техникалық қызмет көрсету бойынша мамандандырылған учаске _____

(ұйымның-учаске иесінің атауы, № Тану туралы куәлік)

_____ тиесілі

(құтқару құралдары иесінің атауы, кеменің атауы)

зау. № _____ үрмелі құтқару салдарына және зау. № _____

_____ кемелік эвакуациялық сырғамаларға техникалық қызмет көрсету, тексеру, сынау жүргізді.

зау. № _____ үрлемелі құтқару салдарына және зау.

№ _____ кемелік эвакуациялық сырғамаларға қысыммен қосымша сынақ жүргізілді.

Тексеру және сынау кезінде зау.№ _____ құтқару салдары және зау. № _____ кемелік эвакуациялық сырғамалардың техникалық жай-күйі жарамды және Қағидаға сәйкес жинақталғанды деп белгіленді.

Қысыммен сынаудың келесі мерзімі _____

(күні)

Актіні алдым _____

(қолы) (Т.А.Ж.)

Мамандандырылған учаскенің (станцияның) бастығы

_____ (қолы) (Т.А.Ж.)

)

М.О.

3-нысан

Жеке құтқару құралдарын тексеру және сынау актісінің нысаны
АКТ

" ____ " _____ 20__ ж.

Жеке құтқару құралдарын тексеру, сынау және жөндеу бойынша мамандандырылған учаске _____

_____ (ұйымның-учаске иесінің атауы, № Тану туралы куәлік)

_____ тиесілі

_____ (құтқару құралдары иесінің атауы, кеменің атауы)

Құтқару шеңберлеріне, кеудешелеріне, гидрокостюмдарына және жылу қорғағыш құралдарына кезекті тексеру және сынау жүргізілді.

Тексеру және сынау кезінде _____ дана құтқару шеңберлері, _____ дана құтқару кеудешелері, _____ дана гидрокостюмдар, _____ дана жылу қорғағыш құралдардың жарамды техникалық жай-күйде деп табылатындығы белгіленді.

Құтқару шеңберлері:

_____ дана өздігінен жанатын буйкалармен.

_____ дана құтқару сызығымен жинақталған.

Құтқару кеудешелері және гидрокостюмдар Қағидаға сәйкес жинақталған.

Келесі тексеру және сынау мерзімі _____

(күні)

Актіні алдым _____

(қолы) (Т.А.Ж.)

Мамандандырылған учаскенің(станцияның) бастығы

_____ (қолы) (Т.А.Ж.)

М.О.

Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасына 20-қосымша

Алмалы-салмалы бөлшектер	Рұқсат етілген жүктемеге SWL, сәйкес келетін жүк көлемі m_{SWL} , т	Сынама жүктің көлемі, т
Тізбектер, вертлюгтер, скобтар, гактар.	$m_{SWL} \leq 2b$ $m_{SWL} > 25$	$2 \cdot m_{SWL}$ $(1,22 \cdot m_{SWL}) + 20$
Оларға жүк арқанының түптік ұшын бекітпеген біршкивті блоктар	m_{SWL}	$4 \cdot m_{SWL}$

Оларға жүк арқанының түптік ұшын бекіткен біршкивті блоктар	m_{SWL}	$6 \cdot m_{SWL}$
Көпшкивті блоктар	$m_{SWL} \leq 25$	$2 \cdot m_{SWL}$
	$25 < m_{SWL} \leq 160$	$(0,93 \cdot m_{SWL}) + 27$
	$m_{SWL} > 160$	$1,1 \cdot m_{SWL}$

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ